

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН



ISSN 2311-9551

«**БОЛАШАК**» УНИВЕРСИТЕТІ  
КЫЗЫЛОРДА

# ХАБАРШЫ ВЕСТНИК

ҒЫЛЫМИ-БІЛІМ БЕРУ ЖУРНАЛЫ  
НАУЧНО-ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЙ ЖУРНАЛ



4(12)  
2016

Қызылорда

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ  
ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ  
АҚПАРАТ ЖӘНЕ МҰРАҒАТ КОМИТЕТІНДЕ 13.02.2014 ж. ТІРКЕЛГЕН  
КУӘЛІК № 14158-Ж**

---

**Бас редактор** – Досманбетов Б.С., ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі, экономика ғылымдарының докторы, профессор;

**Бас редактордың орынбасары** – Насимов М.Ө., саяси ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

**Жауапты редактор** – Снасапова Г.Ж., филология ғылымдарының кандидаты

---

**Журнал 2014 жылдан бастап жылына 4 рет шығады.**

---

«Болашақ» университетінің Хабаршысы іргелі және қолданбалы зерттеулер нәтижелері мен ғылыми-әдістемелік мақалаларды, сондай-ақ ғылыми конференциялар материалдарын жариялайды.

---

**Редакция алқасы:**

Ким И.Л., экономика ғылымдарының докторы, профессор;

Досманбетова З.Р., PhD докторы;

Өтесінов Ж.Ө., ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор;

Нұрымов Д.И., ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор;

Байдаулетова А.Ө., филология ғылымдарының кандидаты;

Еспенбетова А.Т., тарих ғылымдарының кандидаты;

Серікбаев Ғ.Ө., педагогика ғылымдарының кандидаты;

Қуанова С.Б., педагогика ғылымдарының кандидаты;

Ибраев Ш.Ш., физика-математика ғылымдарының кандидаты, профессор;

Свечников В.В., техника ғылымдарының кандидаты, профессор;

Шураева С.Н., экономика ғылымдарының кандидаты;

Шумейко Н.Е., филология ғылымдарының кандидаты, доцент;

Жомартқызы М., заң ғылымдарының кандидаты;

Мұханов Н.Б., ауылшаруашылығы ғылымдарының кандидаты;

Тоғызбаева Н.Ө., химия ғылымдарының кандидаты;

Нұрсұлтанқызы Ж., филология ғылымдарының кандидаты, доцент;

Әлібекова Ғ.Б., ауылшаруашылығы ғылымдарының кандидаты.

**Техникалық редактор:** Сманов А.Ә.

**Жауапты шығарушы:** Сманов А.Ә.

---

**«БОЛАШАҚ» УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ**

**№4 (12), 2016**

---

Басуға 30.12.2016 жылы қол қойылды. Пішімі 70x106 1/6. Көлемі 10,25 б.т.

Офсетті қағаз. Тапсырыс №40 Таралымы 500 дана. Бағасы келісімді.

120000, Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, 31

«Болашақ» университеті баспаханасында басылды.

---

## МАЗМҰНЫ

### САЯСАТТАНУ, ӘЛЕУМЕТТАНУ, ДІНТАНУ

<b>Насимов М.Ө.</b> АЗАМАТТЫҚ ЖУРНАЛИСТИКА ТҮСІНІГІ.....	7
<b>Насимов М.Ө., Паридинова Б.Ж.</b> ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ ЖӘНЕ САҚТАУДАҒЫ ЕЛБАСЫНЫҢ РОЛІ.....	16
<b>Оразов Т.Б.</b> ДҮНИЕТАНЫМ ТҮСІНІГІ ЖӘНЕ ОНЫҢ АҚИҚАТ ҰҒЫМЫМЕН ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ.....	19
<b>Паридинова Б.Ж.</b> МЕНЕДЖМЕНТ ЖӘНЕ МАРКЕТИНГ ФИЛОСОФИЯСЫ ТҮСІНІГІ .....	30
<b>Паридинова Б.Ж.</b> АХМЕД ЙҮГІНЕКИДІҢ «АҚИҚАТ СЫЙЫ» ЕҢБЕГІНІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ.....	36
<b>Тажикова Ж.Ж.</b> ҰЛТТЫҚ БРЕНДТІ ҚҰРУ – ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕСІ.....	40

### ПЕДАГОГИКА, ДЕФЕКТОЛОГИЯ

<b>Досманбетова Г.С., Кипшакбаев К.З.</b> ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРМЕН ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕ.....	46
<b>Серібаева Ж.М.</b> ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА ЖАҢА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ МАҢЫЗЫ...	50

### ФИЛОЛОГИЯ

<b>Атажанова З.М., Мырзақожаева З.С.</b> THE FORMATION OF SLANG AND ITS USAGE IN THE SOCIETY.....	54
<b>Ахметова Д.Ж.</b> БАТА МЕН ТІЛЕК ҚОЛДАНЫСЫНДАҒЫ АЙЫРМАШЫЛЫҚТАР.....	57
<b>Базарғажы З.</b> КӨРКЕМ ПРОЗАДАҒЫ ПОЭТОНИМДЕР.....	65
<b>Есалиева Л.Б.</b> ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ВИДЕОМАТЕРИАЛОВ НА УРОКАХ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА.....	69
<b>Жумагулова Б.Б., Әбікенова Г.Т.</b> М.ӘЛІМБАЕВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ «АТАМЕКЕН» КОНЦЕПТІСІ.....	75
<b>Кыяхметова Ш.А.</b> ҰЛТТЫҚ ТАНЫМ ПОЭТИКАСЫ.....	80
<b>Мұқанов Ғ.Н., Қадырова Г.М.</b> SCIENCE OF THE COMFORT ZONE.....	89

<b>Үсенова А.</b> М.ЖҰМАБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ҰЛТТЫҚ- МӘДЕНИ НЕГІЗІ.....	91
<b>Утеева Г.Б.</b> КИКІЛЖІҢ МӘСЕЛЕСІ.....	96

---



---

**МАТЕМАТИКА, ИНФОРМАТИКА ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР**

---

<b>Аймаханова А.А.</b> МЕХАНИЗМОВ ОБРАЗОВАНИЯ $X_3^-$ -ЦЕНТРОВ В ЦГК ПРИ ПОНИЖЕНИИ ЛОКАЛЬНОЙ СИММЕТРИИ РЕШЕТКИ ПОЛЕМ ЛЕГКИХ КАТИОНОВ- ГОМОЛОГОВ.....	100
<b>Бижанова А., Байтуғанова А.О.</b> ЖЕЛІДЕГІ АҚПАРАТТЫ ҚОРҒАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	105
<b>Байтуғанова А.О., Аймбетова М.</b> КЕРІ МАТРИЦАҒА НЕГІЗДЕЛГЕН АШЫҚ ТҮРДЕГІ ШИФРЛАУ ӘДІСІ.....	111
<b>Ибраев Ш.Ш., Аймбетова М.Т., Байтуғанова А.О., Пирова Г.К.</b> КОГОМОЛОГИИ СПЕЦИАЛЬНОЙ ЛИНЕЙНОЙ АЛГЕБРЫ ЛИ РАНГА 2 В ПОЛОЖИТЕЛЬНОЙ ХАРАКТЕРИСТИКЕ.....	117
<b>Ыбыраев Ш.Ш., Достанбаева А.И.</b> ӨЛШЕМІ КІШІ ЛИ АЛГЕБРАЛАРЫНЫҢ ДЕФОРМАЦИЯЛАРЫН ЕСЕПТЕУ.....	121
<b>Ибраев Ш.Ш.</b> ЛИ ГРУППАЛАРЫНЫҢ КӨРІНІСТЕРІ ТУРАЛЫ.....	126
<b>Керім Г.О., Жылқайдар А.А.</b> IT ИНДУСТРИЯНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫНЫҢ БІРІ – WI MAX ТЕХНОЛОГИЯСЫ.....	132
<b>Пирова Г.Қ.</b> МАТЕМАТИКАЛЫҚ МОДЕЛЬ ЖАЛПЫ ТАНЫМ ҚҰРАЛЫ.....	139

---



---

**ЭКОНОМИКА, ДЕМОГРАФИЯ**

---

<b>Календарова К.А.</b> ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ РЕТТЕУДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІҢ РОЛІ МЕН ОРНЫ.....	142
---	-----

---



---

**ҚҰҚЫҚТАНУ**

---

<b>Серкебаев Д.Ж.</b> ҚҰҚЫҚ НОРМАЛАРЫН ТАЛҚЫЛАУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ.....	149
---	-----

---



---

**БИОЛОГИЯ, ЭКОЛОГИЯ**

---

<b>Жанзақов М.М., Сатаева Д.К.</b> СОРТ ЖӘНЕ ӨНДІРІСТІҢ ОҒАН ҚОЯТЫН ТАЛАПТАРЫ.....	153
---	-----

<b>Жанзақов М.М., Әлібекова Ғ.Б., Досманбетова Г.С.</b> ӨСІМДІКТЕР ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КОЛЛЕКЦИЯСЫНЫҢ СЕЛЕКЦИЯДА ПАЙДАЛАНЫЛУЫ.....	158
---	-----

<b>Жанзақов М.М., Баширова Ж.Е.</b> СУАРМАЛЫ ЕГІНШІЛІККЕ ЖӘНЕ ӨНІМНІҢ ЖОҒАРЫ САПАСЫНА АРНАЛҒАН СЕЛЕКЦИЯ.....	161
--	-----

ӘОЖ 32.019.51

## АЗАМАТТЫҚ ЖУРНАЛИСТИКА ТҮСІНІГІ

*Насимов Мұрат Өрленбайұлы,  
саяси ғылымдарының кандидаты,  
қауымдастырылған профессор,  
«Болашақ» университеті*

Азаматтық журналистика – ғаламтор және жаңа технологиялардың дамуымен тығыз байланысты журналистика саласы. Бүгінгі таңда кез келген азамат дәстүрлі бұқаралық ақпарат құралдарының жаңалықтарынан тыс қалған оқиғаны түрлі құралдармен бейнекамераға түсіріп, Интернет желісі, порталдар мен блогтар арқылы орналастырып жатады. Кейбір жағдайларда бұл сюжеттер қоғамдық пікірді туындатып, жұртшылықтың назарын аудартатын кезеңдер де болады.

Отандық ғылымда азаматтық журналистика ұғымын тереңірек зерттеу кеңінен таралмай отыр. Сондықтан, азаматтық журналистиканың Қазақстан Республикасында қалыптасуы мен дамуын талдаудың өзектілігі келесі себептерге байланысты.

*Біріншіден*, ең алғашқы көзімізге түсетін мәселе – азаматтық журналистиканы нақты анықтайтын категориялық және түсініктік аппаратының болмауы, мағыналық кеңістіктің жоқтығы. Осыған байланысты азаматтық журналистика кеңістігінің теориялық негіздерін терең зерттеу қажеттілігі туындады.

*Екіншіден*, азаматтық журналистика және онымен мәндес түсініктердің көптігі қазіргі журналистика, әлемдік ақпараттық ағын мен бұқаралық коммуникацияның өзекті мәселесі. Дәстүрлі журналистикамен бәсекелестік, өзара байланыстар тұрғысында туындаған сайттардың пайда болуы, оқырмандар мен көрермендер пікірлерін жариялау, блогтар жүргізу мүмкіндігін айқындау стратегиялық жағынан маңызды әрі оның нәтижесін бағалау алдағы уақыттың еншісінде.

*Үшіншіден*, азаматтық журналистиканың дамуы қоғамдық құрылыстың мазмұнына бағынып қана қоймай, қоғамдық пікір туындатып, билік өкілдері әлеуметтік желілердегі жазбалармен санасатын болды. Мемлекет қоғамның саяси дамуының нақты тактикасын орындау барысында азаматтық журналистика өкілдерінің көзқарастарына мән бере бастады.

*Төртіншіден*, азаматтық журналистика көрінісі қоғамдық-мәдени процестердің айнасы болып табылады, тұрғындарға ақпарат берумен қатар, қоғамдық санаға жаңа құндылықтар таратады.

*Бесіншіден*, ақпарат тұтынушылардың басым көпшілігі әлеуметтік желілер арқылы тың жаңалықтармен танысатындығы байқалады. Себебі, азаматтық журналистиканың белсенді қатысушысы оқиға орнындағы материалды бес минуттан кейін орналастырса, оқиғаның маңыздылығына қарай ақпараттық порталдар шамамен жарты сағат көлемінде авторға сілтеме жасай отырып сайтқа жариялайды. Көп жағдайда ақпараттың жылдам берілуіне байланысты ғаламтор пайдаланушылар саны өте көп.

Сондықтан, азаматтық журналистиканың Қазақстан Республикасында пайдалану ерекшеліктері мен дамуы, оның тұрғындарға тиімді ықпал етуінің әдістерін зерттеу өзекті болып табылады. Қазіргі шарттарда Қазақстан Республикасындағы азаматтық журналистиканың тәжірибелік өзгешеліктері, оның мазмұнын нақты анықтау, тұрғындардың санасына ықпал ету ерекшеліктері мен механизмдерін айқындау қажеттілігі туындады.

Ғылыми қауымдастықта берілген мәселе тереңінен жан-жақты зерттеліп жатыр. Азаматтық журналистика институты және оны пайдалану технологиялары мәселелері М. Уолл [1, 180], Л. Гуд [2, 1287–1305], Э. Торсен және А. Стюарт [3, 406], В. Каул [4, 1-10], Х. Семари және М. Хажа [5, 53-62] секілді ғалымдар еңбектерінің тақырыпты зерттеудегі теориялық және тәжірибелік маңызы зор.

Интернет аса зор желілердің бірі болғандықтан, оны зерттеуде жүйелік әдісті қолданған жөн. Берілген тәсіл веб-құрылымдар мен түрлі тұғырнамалар мәнін айқындауға мүмкіндік береді [6, 509-512].

Әлемдік қауымдастықта әлеуметтік мәліметтерді талдау жүргізу танымалдылығы әлеуметтік желілердің онлайндық қызметінің пайда болуымен тығыз байланысты [7, 114-118; 8, 631-636]. Көптеген зерттеушілер онлайн-байланыс және кибербағыныштылыққа салыну мәселелеріне мән береді [9, 107-118] Ақпарат ғасырында қылмыстың өзі киберсипаттамалық қасиеттер иеленгенін баяндайтын ғылыми жұмыстар да бар [10, 288]. Сонымен қатар, киберкеңістіктегі әлеуметтік желілер байланыс орнатуда кең мүмкіндіктер ашқанымен, оның заң және психология ғылымдарында жүргізілген зерттеулер қауіпті екендігі айқындалып отыр [11, 1-34].

Көпшілігіміз ұғымның пайда болуын Интернет технологиялардың дамуымен байланыстырып жатамыз. Дегенмен, өткен ғасырдың 60-жылдары Францияда, кейін өзге де Батыс Еуропа елдерінде үй жағдайында белгілі бір топқа арналған басылымдар шығып тұрған. Есімізде болар, Кеңестер Одағы тұсында әр мекемеде жарық көрген «қабырға газеттері» азаматтық журналистиканың бір көрінісі деп ойлаймыз.

Бүгінде түсініктің ағылшын баламасында таластар бар. Американдық ұғымды қарастыру барысында екі түсінікке мән

беріледі: civic journalism (азаматтық журналистика); citizen journalism (қоғамдық журналистика) [12]. Бірінші түрі интернеттің пайда болғанына дейін кәсіби журналистика саласы ретінде қарастырылады және ақпарат тұтынушының азаматтық белсенділігін дамытуға бағытталған. Екіншісі – блогтар, әлеуметтік желілердің микроблогтары, дәстүрлі БАҚ-тың техникалық сервистары арқылы жұмыс жасайтын кәсіби емес авторлар қызметі. Демек, citizen journalism журналистикамен кез келген азаматтың айналыса алатындығын меңзейді. Ағылшын тіліндегі мағыналық ауыз біршіліктің жоқтығы түсініктің ғылыми аппаратын айқындауға қиындық туғызады.

Интернет кеңістігін зерттеуші Джойс Нип (Joyce Y.M. Nip) азаматтық журналистикаға қатысушылар деңгейі мен түрін бес модельге бөлген: дәстүрлі журналистика (traditional journalism), қоғамдық журналистика (public journalism – *қоғамдық журналистика түсінігінің тағы бір баламасы, сонымен қатар, бұл түсінікті халықтық журналистика деп аударатындар да кездеседі*), интербелсенді журналистика (interactive journalism), партиципарлы журналистика (participatory journalism), азаматтық журналистика (citizen journalism) [13, 136]. Сонымен бірге, шет елдік әдебиеттерде желілік журналистика (network journalism), ашық ресурстар журналистикасы (open source journalism), краудсорсингты журналистика (crowdsourced journalism), партизандық журналистика (guerrilla journalism – *кейбір авторлар Нигерия, Йемен, Ирак секілді т.б. саяси режимі тұрақсыз елдерде дамығандығын көрсетеді*), жалпы немесе біріккен ортақ журналистика (collaborative journalism), демократиялық журналистика (democratic journalism), дала журналистикасы (street journalism) деп бөлетіндер де кездеседі. Ғаламтордағы ірі іздеу жүйесі болып саналатын Google ұғымдардың аталымына байланысты мынадай нәтижелер көрсеткішін ұсынады: citizen journalism – 4 220 000; civic journalism – 1 160 000; гражданская журналистика – 458 000; азаматтық журналистика – 71 300 (2015 жылдың 13 маусымындағы мәлімет). Біздің ойымызша, азаматтық журналистика жоғарыда аталған ұғымдарды біріктіре отырып, барлығына ортақ платформа ұсынады.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, азаматтық журналистиканың қарқынды дамуы 2008 жылға тұспа-тұс келеді. Осы жылы CNN телекомпаниясы өз көрермендерінің материалдары көмегімен Жаңа Орлеанда орын алған су тасқыны жөнінде ақпараттандырып отырды. Табиғат апатының құрбанына айнала жаздаған М. Барнетта «Live Journal» желісінде су алған қаланың жағдайын сурет, бейнематериалдар арқылы толықтырып отырды. Дегенмен, институтталған жаңалықтар топтамасындағы азаматтық



журналистиканың алғашқы қарлығашы 2001 жылдың 11 қыркүйегінде пайда болды. Әлемдік сауда орталығына соқтығысқан ұшақ кадрларын кәсіби журналистика мамандары емес, басы-қасында болған жүргіншілер түсірді [14, 121-125].

2011 жылғы Жаңаөзен оқиғасы күндерінде түсірілген бейнесюжеттер отандық азаматтық журналистиканы дүр сілкіндірді. Барлығымыз білеміз, оқиға орын алған сәттерді бейнекамераға тәжірибелі операторлар емес, куәгерлер түсірді. Нәтижесінде алғаш интернет-ресурстарда пайда болған ақпарат медиакөңістікте кеңінен тарады және телеарна жаңалықтарында осы сюжеттер ақпараттың қайнар көзіне айналды.

Отандық әлеуметтік желілер арқылы саяси сахна кейіпкерлерінің күлкіге айналған сәттері де жетерлік. Мәселен, бұрынғы Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі С.С. Әбденов 2013 жылдың Қазнеттің жарық жұлдызына айналды. Алғашында теледидар арқылы жарық көрген экс-министрдің танымал пікірі кейін ғаламторда көрермендері мен оқырмандарын көбейтті. Google-де «патамушта патамушта» кілт сөзі бойынша жалпы іздеу нәтижелері 373 000 болса, бейне көрсетілімдер саны 18 800-ге жеткен (*2015 жылдың 14 маусымындағы мәлімет*).

2015 жылы Шалқар қаласы Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басшысы Аян Қорқытұлы қазақстандық телеарналардың біріне берген сұхбаты YouTube порталында жарияланып, әлеуметтік желіде күлкіге қалды. Нәтижесінде «чики-чики» сөзімен жұлдызға айналған шалқарлық шенеунікке тәртіптік кеңес шешім шығарып, бір ауыздан «мемлекеттік қызметкердің арнамыс кодексін бұзды», - деп айыпталды [15].

Мемлекеттік қызметкерлер ғаламторда танымал болуымен қатар, қызметінен айырылу қаупі басым болса, 2015 жылдың басында «YouTube» порталында шыққан видеодан кейін MC Сайлаубек Қазнеттің нағыз «жұлдызына» айналды. Мас күйде тек өзіне түсінікті тілде рэп оқыған ер адам жайлы роликке оның тыңдармандары ғана емес, эстрада жұлдыздары да еліктей бастады. Осы уақытқа дейін рэпердің айтатын түсініксіз сөздеріне кәсіби рэперлердің өзі қавер-нұсқа жазып үлгерген. Ол Италия әншісі Сон Паскальмен бірігіп ән орындап, оның әндеріне Шымкент қаласында флешмоб та биленді. Оны танымал ресейлік рэпер Тимати батлға шақырды [16]. Ролик арқылы танымал болуына байланысты әлеуметтік желілерде түрлі пікірлер айтылды. Оның табынушылары ғаламторда ресми парақшасын алға жылжытуда.

Сонымен қатар, әлеуметтік желілердегі қоғамдық пікір қалыптастырудағы ақпараттардың басты тақырыптары мыналар: *қоғамдық қауіпсіздік мәселелері* (полиция қызметкерлері мен

азаматтар арасындағы түсініспеушіліктерді желіге қою, соңғы кезде көбейіп кеткен педофилдер, өзгенің жеке бас бостандығын сыйламау, кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстар және т.б.); *қоғамдық этикалық құндылықтар мәселелері* (суицид, жат қылықтарға, құмар ойындарға бағыныштылық, тұлғаға қарсы зорлық-зомбылық көріністері, жағымсыз кейіпкерлер қалыптастыру); *педагогикалық мәселелер* (мектеп мұғалімдері мен оқушылар арасындағы қарым-қатынас, ҰБТ кезіндегі сенсациялық жаңалықтар мен қулық-сұмдықтарды ақпараттандыру, мектеп бітірушілердің тест жауаптарын таратуы).

Жоғарыда аталған себептерге байланысты болар, Қазнет пайдаланушылары Қазақстан Республикасының әлеуметтік желілер туралы Заңын қабылдау туралы бастаманы қызу талқылауда. Виртуалды кеңістіктегі кез келген қимылдарды қатаң бақылауға қарсы топтар Қазақстанның авторитарлық елдер ізімен жүреді деген пікірде. Басым бөлігі арнайы заң қабылдамай, ҚР «Бұқаралық ақпарат құралдары» туралы Заңға әлеуметтік желілерге қатысты бақылау күзіреттілігін ұсынады. Сонымен қатар, ғаламторды белсенді пайдаланушылар ойынша, интернетте орын алып жатқан қылмыстарды алдын алуда қазақстандық құқық қорғау органдарының күштері жеткілікті. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрі Қ. Қасымов бір сөзінде криминалды полиция базасында «К» арнайы бөлімшесі құрылған. Соңғы жылдары киберқылмыстың саны көбейіп кеткен. Егер өткен жылы 21 қылмыстық іс қозғалса, 2015 жылдың өзінде 66-ға жетіп отыр [17].

Сонымен азаматтық журналистика қоғамдық өмір барысына ықпал жасауға септігін тигізеді. Оның әлеуметтік-саяси белсенділігінің деңгейіне байланысты шешім қабылдауға әсер етудің мүмкіндіктері басым. Қазіргі Қазақстанда қызмет атқаратын мемлекеттік, мемлекеттік емес мекемелер ғаламторға өз сайттарын орналастырумен қатар, кері байланысты қалыптастыруға әлеуметтік желілер көмегіне сүйенеді. Әлеуметтік желілер көмегімен өз қызметтерін насихаттау немесе сілтемелер беру арқылы жағымды жақтарын көрсетуге оның беретін көмегі зор.

Бүгінде көптеген бұқаралық ақпарат құралдары ғаламторда өздерінің электронды нұсқаларын орналастыру мақсатында вебсайттар ұйымдастырған. Кейбіреулері телерадио эфирлері мен баспасөз беттеріне жарияланғанға дейін жедел ақпаратты жылдам түрде өз сайттарына орналастыруға тырысады. Бұл бәсекелестігі жоғары болып табылатын ғаламторды тұтынушылар көп екендігінің көрсеткіші және тек баспасөз ғана емес, теледидарға да қауіп төндіріп отырған Интернет-технологиялар экспансиясын алдын алу шаралары деп түсінеміз. Себебі, қазіргі заманғы технологиялардың өнімі болып

табылатын жаңамедиа дәстүрлі журналистиканы ығыстыруы мүмкін деген болжамдар бар. Сондықтан дәстүрлі кәсіби журналистика өкілдері медиакеңістіктің жаңа кезеңінде жедел ақпарат ұсынушы азаматтық журналистика құралдарын толықтай игеруі тиіс.

Азаматтық журналистика тұжырымдамасы қоғамдық үнқатысу түсінігімен тығыз байланысты. Түсінік ашық қоғам мен азаматтық қоғамды қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Өйткені, азаматтық журналистика қоғамдық бастамалардың орын алуына, дамуына ықпал жасайды. Азаматтық журналистика саласы өкілдерінің негізгі сипаттамалық белгілері төмендегідей деп ойлаймыз: 1) БАҚ қызметкері емес және жалақы төленбейді; 2) редакция тапсырмасы бойынша жазба қалдыруға мүдделі емес; 3) тақырыптарды өзі таңдайды және мәселеге қатысты пікірлерін жеке ұстанымдары бойынша білдіреді; 4) техникалық мүмкіндіктері жоғары және контенттерді шектеусіз таратады; 5) табыс табуды көздемейді, мақсатты аудитория арасында танымалдылыққа ұмтылады; 6) азаматтық журналистика кеңістігінде танымал кәсіби мамандар жазбалары үшін сыйақы алуы мүмкін.

Жоғарыда аталып өткен тұжырымдамаларға сәйкес мынадай анықтама ұсынамыз: *«Азаматтық журналистика – бұл әлеуметтік желілердің дамуымен тығыз байланысты белсенді галамтор пайдаланушылардың парақшалардағы жазбасы, оқырмандардың пікірлері мен көзқарастары жинақталған қоғамдық пікір туындысы».*

Әлеуметтік құбылысқа айналған интернет парақшаларындағы жазбаларда көрініс табатын талқылаулар маңызды шешімдер қабылдауға ықпал етіп жатады. Бұқаралық ақпарат құралдарының жаңа ақпараттық кеңістіктегі рөлін айқындау маңызды болып табылады. Бүгінде БАҚ әлеуметтік институт ретінде әлеуметтік коммуникациялар қызметін сақтап қалуы тиіс. Өйткені, мұндай қызметті БАҚ-тан бөлек Интернетке қолжетімді мүмкіндігі бар кез келген адам иеленіп жатыр.

Қазіргі Қазақстанның қоғамдық-саяси өміріндегі азаматтық журналистиканың рөлін анықтау мақсатында *SWOT-талдау* жасалды және оның нәтижелері төмендегідей:

Азаматтық журналистиканың **жағымды жақтары**: қоғамдағы биліктің көлденең байланыстарын дамытады; түрлі салаларды қамтитын қауымдастықтарға тартуды ынталандырады; қоғамдық пікірдің күзиреттілігін арттыруға жәрдемдеседі; хабарлар желісінің ауқымдылығы және кең көлемде таралуы; компьютерлік сауаттылықтың жоғарылығына байланысты ақпарат алу, алмасу жылдамдығы артады; халықтың билік органдары блогтарына хабарласуы арқылы кері және өзара байланыс орнатуға жол ашылады;

іздігіру жүйелері арқылы кез келген тақырыпта ақпарат алу және пайдалану; тиімді пайдаланған жағдайда білімін толықтыру; тек компьютер арқылы ғана емес, ұялы телефондар арқылы да желіге ену; өз мүддеңе сай келетін азаматпен виртуалды тілдесу; плюрализм және пікірлер баламасының көптігі.

Азаматтық журналистиканың **жағымсыз жақтары:** оппоненттің манипуляциялық тәсілдеріне мән бермей, алдауына түсу; ақпараттың ақиқаты мен жалғандығын айыра алмау, кез келген ақпараттың ұсынылуы; қоғам құндылықтарына жатпайтын лас сөздерді пайдалану, теріс пиғылды азаматтардың өз мүддесін жүзеге асыру үшін мүмкіндігінің болуы; бос уақыттың жұмсалыуы; ақпаратты кез келген тұлғаның өз мүддесі үшін пайдалануы; толықтай электронды бағыныштылық.

Азаматтық журналистиканың **мүмкіндіктері:** жазба авторларының тәуелсіздігі және бостандығы; ақпарат алмасуда сурет, бейне, блогтар мен микроблогтар, қауымдастық, чат және т.б. көздер арқылы қажетті мәліметтерді кеңінен пайдалану; өз профилінді құру және автор туралы мәлімет ұсыну; мүдделері бойынша ортақ виртуалды достармен қатар, өмірдегі достар, туыскандар, әріптестер, сыныптастар мен курстастар бірлестігін құру; халық пен мемлекеттік органдар арасындағы өзара байланысты блогтар арқылы күшейтеді; кез келген жерде қажетті ақпаратты өз уақытында алу және пайдалану.

Азаматтық журналистиканың **қатерлері:** идеологиялық және ұйымдастырушылық деңгейлері бойынша билік құндылықтарына бағынышты емес пайдаланушы жазбаларының жариялануы; компьютерлік тролльдер қақпанына түсу; орналастырылған ақпаратты кез келген азамат оңай тауып және өз қажетіне пайдалана алуы; ұсынылған ақпаратты жұмыс берушілер, ата-ана, балалары, қылмыскерлер, құқық қорғау органдарының кез келген шараларға қолдана алуы; ғаламторға тәуелділік; ауызша, жазылмаған заңдар басшылыққа алынады; заңнамалық базаның әлсіздігі; виртуалды тілдесуге байланысты сөйлеу, ақпараттың жылдам алынуы және жеке ізденістің жоқтығына байланысты ойлау қабілеті кемиді, дүниетанымы төмендейді.

Зерттеу жұмысы көрсеткендей, бүгінгі күнде азаматтық журналистика адамзаттың қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық өмірінде ерекше орын алады. Алдағы уақытта зерттелуі қажет мәселелер де жетерлік. Әсіресе, жасанды қоғам құру заманының жағымды жақтары мен жағымсыз жақтары, мүмкіндіктері мен туғызатын қатерлері пысықталып, зерделенуі керек. Қашып құтыла алмайтын ақпараттандыру ғасырындағы әлемдік білімді қалыптастыру барысында азаматтық журналистика мүмкіндігін

пайдаланудағы білім қоғамын құру мақсатының тиімді тұстарын айқындалуы қажет.

### ӘДЕБИЕТ

1. Wall M. Citizen Journalism: Valuable, Useless or Dangerous? - New York: International Debate Education Association, 2012. - 180 pp.
2. Goode L. Social news, citizen journalism and democracy // *New Media and Society*. – 2009. - №11 (8). – pp. 1287–1305. <http://doi:10.1177/1461444809341393>
3. Thorsen E., Allan S. Citizen Journalism: Global Perspectives, Volume Two. – New York, Peter Lang, 2014. – 406 pp.
4. Kaul V. The Pros and Cons of New Media and Media Freedom // *Mass Communication and Journalism*. – 2012. - №2 (5). – pp. 1-10. <http://doi:10.4172/2165-7912.1000114>
5. Semaary H.El., Khaja M.Al. The Credibility of Citizen Journalism and Traditional TV Journalism among Emirati Youth: Comparative Study // *American International Journal of Contemporary Research*. – 2013. - №3 (11). – pp. 53-62.
6. Barabasi A-L., Albert R. Emergence of scaling in random networks // *Science*. – 1999. - №286. – pp. 509-512.
7. Najork M., Wiener J.L. Breadth-first crawling yields high-quality pages // *Proceedings of the 10<sup>th</sup> international conference on World Wide Web*. - Hong Kong, 2001. – pp. 114-118.
8. Lescovec J., Faloutsos C. Sampling from large graphs // *Proceedings of the 12<sup>th</sup> international conference on World Wide Web*. - Philadelphia, Pennsylvania, USA, 2006. – pp. 631-636.
9. Mishna F., McLuckie A., Saint M. Real-World Dangers in an Online Reality: A Qualitative Study Examining Online Relationships and Cyber Abuse // *Social Work Research*. – 2009. - №33 (2). – pp. 107-118.
10. Wall D.S. Cybercrime: The transformation of crime in the information age. - Cambridge: Polity Press, 2007. – 288 pp.
11. Clemmitt M. Cyber socializing // *CQ Researcher*. – 2006. - №16 (27). – pp. 1-34.
12. Хлебникова Н.Д. Гражданская журналистика: к истории становления термина // *Медиаскоп*. – 2011. - №3. – [mediascope.ru](http://www.mediascope.ru) [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://www.mediascope.ru/node/896>
13. Nip J. Routinization of Charisma. The institutionalization of public Journalism online // *Public Journalism. 2.0. The promise and reality of a citizen-engaged press* / ed. by Jack Rosenberry and Burton St. John. – New York, Routledge, 2010. – pp. 136 .

14. Красноярова О.В. Гражданская журналистика как стимул развития профессиональной журналистики // Вопросы теории и практики журналистики. – 2013. - №1. –С. 121-125.

15. «Чики-чики» сөзімен аты шыққан шалқарлық шенеунікке қатысты шешім шықты // kaz.tengrinews.kz [Электрондық ресурс]. – Көру режимі: [http://kaz.tengrinews.kz/strange\\_news/chiki-chiki-sozmen-atyi-shyikkan-shalkarlyik-sheneunkke-262635/](http://kaz.tengrinews.kz/strange_news/chiki-chiki-sozmen-atyi-shyikkan-shalkarlyik-sheneunkke-262635/) (12 маусым, 2015).

16. Тимати МС Сайлаубекті батлға шақырды // kaz.tengrinews.kz [Электрондық ресурс]. – Көру режимі: <http://kaz.tengrinews.kz/show/timati-MS-saylaubekt-batlga-shakyirdyi-262675/> (14 маусым, 2015).

17. В Казахстане хотят принять закон о социальных сетях // mail.ru [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://news.mail.ru/inworld/kazakhstan/politics/22447670/> (24 июня, 2015).

### **РЕЗЮМЕ**

В статье рассмотрены коммуникационные перспективы и роль гражданской журналистики в современном мире. Целью статьи является изучение роли гражданской журналистики в развитии социальных сетей. Анализ данной статьи показал, что на сегодняшний день гражданская журналистика занимает значительное место в общественно-политической, социально-экономической жизни современного человека.

### **SUMMARY**

In article considered communication prospects and a role of citizen journalism in the modern world. The purpose of the present article is the analysis of the role of citizen journalism in development of social networks. The analysis of this article showed that today citizen journalism take an important place in in political, social and economic life of the modern person.

**ӘОЖ 101.9**

**ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ  
ЖӘНЕ САҚТАУДАҒЫ ЕЛБАСЫНЫҢ РОЛІ**

*Насимов Мұрат Өрленбайұлы,  
саяси ғылымдарының кандидаты,  
қауымдастырылған профессор, «Болашақ» университеті;  
Паридинова Ботагөз Жаппарқызы,  
философия магистрі, «Болашақ» университеті*

Қазақстан Республикасының Президенті, Елбасы, Ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың саяси қызметінде ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі ролі орасан зор. Елбасының саяси философиясы заманауи мемлекет құрылысының негізі болып табылады және уақыт тәжірибесінде қисындылығын танытып, Қазақстан халқының Батыс пен Шығыс құндылықтарының біріктірген менталитетіне сәйкес келеді. Мемлекеттіліктің қалыптасуы мен дамуындағы таңдау жолындағы күрделі шешімдер қабылдау Тұңғыш Президентке жүктелді. Егер, ақиқаттың негізгі өлшемі деп тәжірибені санасақ, бүгінгі тәжірибе және шынайы нақтылық заманауи үдерістерге сай дамудың «қазақстандық жолының» дұрыстығын көрсетеді. Бұл еліміздің тәуелсіздік алған жылдарынан бастап ұлттық қауіпсіздікті бекітудегі негізгі басымдықтар беруімен байланысты.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың ұстанған қауіпсіздік саясатының тұғырларын былайша жинақтап көрсетуімізге болады.

1. Диалектикалық-конвенционалистік ұстаным. Елбасы өзінің саяси көшбасшылық ролінде – тарихилық пен логикалықтың, дәстүршілдік пен жаңашылдықтың, батысшылдық пен шығысшылдықтың, тіпті мұсылмандық пен әлемдік діндер үйлесімділігін шебер пайдалана білді. Мұндай конвенционалистік саясат біржақтылыққа ұрынбауға, сәйкесінше, әлем дамуындағы жаңа, озық, тиімді, пайдалы модельдерді өзімізге көшіріп алуға мүмкіндік берді. 1991 жылдардан бастау алған мұндай әдіснама, кешікпей-ақ өзінің нәтижесін көрсете бастады және бүгінгі таңда да осындай екіжақты ұстанымды басшылыққа алмаудан басқа жол жоқ екендігін дәйектеп берді. Бұл тарихты, дәстүршілдікті, өткенді ұмыт қалдыру дегенді білдірмейді, осы ұмыт қалдырмаудың дәлелі бүгінгі біздің Ұлттық мемлекетіміз болып отыр. Себебі, тым тарихилық ұстаным әлемдік өркениеттік сахнадан оқшаулап тастауы ықтимал сыртқы қатер, ал керісінше, тым батысшылдық пен логикалық ұлттық құндылықтарға қауіп төндіретін ішкі қатерлер болып табылады.

Жаңашылдыққа ұмтылмаудағы ұлтымыздың «жеңілісін» XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ қоғамының даму келбеті анықтап берген еді. Сондықтан Елбасы тарих қателігін қайталамауымызға тиіс екендігін байыпты түйсініп, ұлттық рух жаңашылдық арқылы қайтадай өзін-өзі тани түсетіндігін тереңірек ұғынды.

2. Прагматикалық-персоналистік ұстаным. Тәуелсіздік алған жылдардағы халықтың қиын жағдайы, қатерлердің арта түсуі, шындығында, алдымен, тек қана экономикалық өрлеуді талап етіп, руханилықты кейінгі қалдыруға мәжбүрледі. Халықшылдығымыз мен Елдігіміздің сұраныстары да мемлекет пен тұлғаларымыздың материалдық жағдайын жақсартып алуы тиіс екендігіне қарай жетеледі деуімізге де болады. Сондықтан, экономикалық даму мен жаңашылдыққа басымдылық беру өзінің жетістіктерін көрсете бастағаннан-ақ, Елбасы рухани салаға, мәдениет пен өнерге, ғылым мен руханиятқа қайтадан айрықша көңіл аударды. Нақтылық пен тиімділік, пайдалылық пен нәтижелік сияқты прагматистік ұстанымдар бастапқыда «тым капиталистік-нарықтық есепке» құрылғандай болып көрінді, бірақ бұл ұстаным қазақ дүниетанамындағы «аш бала тоқ баламен ойнамайды», «байтал түгіл бас қайғы», «күлтөбенің басында күнде жиын (болмауы тиіс)» деген сияқты қауіпсіздікті сақтаудың нышандарының дұрыстығын дәлелдеп беретіндей саясаттың мағынасын ашып берді.

3. Органикалық тұтастық ұстанымы. Бұл тұста Н.Назарбаев алдымен ұлт бірлігі, одан соң жалпықазақстандық идея, одан соң аймақтық және жалпыадамзаттық тұтастық идеясын алға тартты. Қазақстандағы көп ұлттылық пен көпконфесионалдық саясат, түптеп келгенде, еліміздің тұрақтылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ететіндігі түсінікті жайт. Тарихтағы Қазақ Еліндегі ауызбіршіліктің жоқтығының қайда жетелейтіндігін түйсінген Елбасы, алдымен, жергілікті ұлт – қазақтар ішіндегі осы алауыздықты жоюдың «әзірге» қолайлы тетігі – осы көпұлттылық екендігін байыптады. Одан соң аймақтық пен жалпыадамзаттық бірлікті қуаттады, экономикалық қатынастар арқылы саяси-мәдени бірлікке оңайырақ қол жеткізуге болатындығын түйсінген көшбасшымыз, алдымен, ең түпкі мәселе, Кеңес заманынан қалған әлемдік саяси сахнадағы «қырғи-қабақтық-психологиялық соғыстық» сананы жоюды көздеді. Әлемде бүкіл саяси сахнаны оңайырақ мойындата алатын тәсіл – өз еркімен ядролық қарудан бас тартуды мақсат етті. Ол біріншіден, алып империялар алдындағы ұлттық қауіпсіздікті сақтау болатын болса, екіншіден, әлемдік соғыс қауіпсіздігін сейілтуге болатын жалпылама сенімді нұсқа еді. Міне, Қазақстанның мүмкіндігінше, көбірек халықаралық ұйымдарға мүше болуы және мүмкіндігінше оны басқаруының түпмәні осы еді. Қазақ халқының тарихи санасы да



бейберекетсіз-себепсіз жаугершілік пен соғыстан жалыққандай десе де болады. Сондықтан да, біздің еліміз «халықаралық бейбітшілік – жеке-жеке ұлттық және жалпыадамзаттық қауіпсіздікті сақтаудың түп алғышарты» деген мотивті басшылыққа алып жұмыс жасап келеді.

4. Футурологиялық-прогностикалық ұстаным. Елбасы қашанда, тек бүгінмен емес, болашақпен өмір сүру қажеттігін басшылыққа алды. Сондықтан да, оның саясаты көрегенділік сияқты сипат алды да, идеялары кейіннен ғана өзінің өзектілігі мен қажеттілігін дәйектей түсті. Бірақ оны кезінде, оппозициялық күштер мен бұқара халық түсіне бермеді. Мысалы, Астананың Астана қаласына көшірілуі, облыстарды біріктіру, территорияны анық белгілеп алу, атом қаруынан бас тарту т.б. кезінде айтарлықтай қарсылықтар туғызғанмен, 1-2 жылдық болашақ емес, алыс болашақты болжаудың нақты стратегиялары болып шықты. Бүгінгі таңда оның тәуелсіздік алған тұстағы және одан кейінгі жасаған әрекеттері мен саяси іс-қимылдары ақылға сиымды екендігін халық түсініп келеді. Қашанда заманынан озық жүру қажеттігін терең байыптаған Елбасының ұстанымы оның саясатының философиялық негіздері болып табылады.

#### **РЕЗЮМЕ**

В данной статье рассматриваются роль Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева в обеспечении и сохранении национальной безопасности.

#### **SUMMARY**

In this article considered a role of the President of the Republic of Kazakhstan N. A. Nazarbayev in providing and preservation of national security.

## ДҮНИЕТАНЫМ ТҮСІНІГІ ЖӘНЕ ОНЫҢ АҚИҚАТ ҰҒЫМЫМЕН ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ

**Оразов Талгат Болатұлы,**

*«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-  
мұражайы, Түркістан қаласы*

Жер бетіндегі әрбір адамзаттың өзін қоршаған дүниеге деген көзқарасы болады, бұл көзқарас арқылы өз тіршілігін үздіксіз дамытады. Белгілі бір ойшылдың дүниеге деген көзқарасын қарастырмас бұрын философия тарихында дүниетанымның зерттелу деңгейін анықтайық. Ғылыми тұжырымдамаларға салыстырмалы тұрғыда мысал келтіре отырып дүниетаныммен ақиқатты байланыстырамыз.

Дүниетаным – қоршаған ортаға қатынастар мен осы әлемдегі адамның орны мен мақсатына сипаттама беретін тұрақты көзқарастар, принциптер мен түсініктер жүйесінің жиынтығын құрайтын негізгі философиялық ұғымдардың бірі. Ол қоғамдық болмыс пен әлеуметтік шарттар ерекшеліктерімен айқындалады.

Тұлғаның дүниетанымы оның ой-пікірін айшықтайды. Адамның мінез-құлқы мен іс-әрекетін оның білім деңгейі емес, дүниетанымын көрсетеді. Сонымен қатар, ол таным, адам, дін және өмір салты философиясының негізгі категорияларының бірі болып табылады және зерттейтін мәселесі болып табылады. Әлем, тұрмыс, әлеумет пен индивид туралы, оның этикалық және эстетикалық жағдайы, адамның объективті әлемдегі рөліне сипаттама береді.

Жалпы дүниетаным адамзат пен қоғамның рухани өміріндегі күрделі құбылыс. Оның қолдауымен адамзат қызметі ұйымдастырылған және реттелген сипатқа ие. Ол көзқарастар, ойлар, идеялар, құндылықтар мен принциптер жиынтығы болып табылады. Сонымен бірге, адамзаттың өмірлік позициялары айқындалып, қызметі мақсатты түрде ұйымдастырылады.

Ғылымда дүниетанымның төмендегідей үш тарихи түрі көрсетіледі: мифологиялық, діни және философиялық.

Дүниетанымның мифологиялық түрі әлемді танудағы алғашқы қоғам шарттарында қалыптасқан түсініктердің жиынтығын құрайды. Мифология мифтер жиынтығы болғандықтан, ол діни жүйелерден тыс, демек, діни дүниетанымнан бөлек пікірлер қалыптастыра алмайды.

Дүниетанымның діни түрінің мәні дін тұжырымдары негізінде қалыптасып, Құдайға сеніммен байланыстырылады. Мифологиялық

және діни дүниетаным бір-бірімен өзара байланысты және оның бірнеше белгілері сәйкес келеді: діни дүниетанымда мифологиялық жүйе жиі орын алады; мифологиялық дүниетаным діни сенімге негізделеді.

Философиялық дүниетаным негізінде логикалық тұжырымдар жатыр. Философиялық дүниетаным қалыптасуына категориялар деп аталатын философияның негізгі түсініктері әсер етеді. Дүниетаным философиядан тыс болуы мүмкін, бірақ философия дүниетанымды қалыптастырады.

**Дүниеге көзқарас** – жеке адамның, әлеуметтік топтың, таптың немесе тұтас қоғам қызметінің бағытын және шындыққа деген қатынасын айқындайтын принциптердің, көзқарастардың мақсат-мұраттар мен сенімдер жүйесі. Дүниеге көзқарас қоғамдық сананың барлық формаларына қатысты элементтерден құралады: онда философиялық ғылым, саяси, адамгершілік және эстетикалық көзқарастар үлкен роль атқарады. Ғылыми білімдер дүниеге көзқарастар жүйесіне ене отырып, адамның немесе бүкіл топтың қоршаған әлеуметтік және табиғат шындықтарын бағдарлау мақсаттарына қызмет етеді; сонымен қатар ғылым адамды әртүрлі нанымдар мен адасулардан құтқарып, оның шындық болмысты ақыл-ой арқылы тануына жағдай жасайды. Адамгершілік принциптері мен нормалары адамдар арасындағы қарым-қатынастар мен олардың мінез-құлықтарын реттей отырып, эстетикалық көзқарастармен қатар қоршаған ортаға, қызмет формаларына, оның мақсаттары мен нәтижелеріне деген мүдделілігін анықтайды. Барлық антагонистік қоғамдарда дүниеге көзқарасты қалыптастыруда дін үлкен роль атқарады. Философиялық көзқарастар мен сенімдер бүкіл дүниеге көзқарас жүйесінің негізін құрады: Философия дүниеге көзқарас қағидаларын түсініп-ұғыну саралау және негіздеу қызметін атқарады; ол ғылым мен практиканың жинақталған мәліметтерін теориялық жағынан қорытындылап, оларды шындықтың объективтік және белгілі бір тарихи көрінісі түрінде бейнелеуге тырысады. Дүниеге көзқарастың ең басты зерттеу объектісі философияның негізгі мәселесі. Осы мәселенің шешіміне байланысты. Дүниеге көзқарастың негізгі екі көрінісін айыруға болады; олар материалистік және идеалистік дүниеге көзқарас қоғамдық болмыстың бейнеленуі болып табылады.

Жеке адамның дүниеге көзқарасында оның жеке басының өмір тәжірибесінің ерекшеліктері бейнеленбей қоймайды, сондықтан ол қоғамдық дүниеге көзқарастың айнымас көшірмесі бола алмайды. Дүниеге көзқарасты сапалық жағынан сипаттау үшін онда тек білімдер ғана емес, сондай-ақ сенімдер де болуы керек. Егер білім дүниеге көзқарас жүйесінің көбінше мазмұндық құрамы болып

табылатын болса, ал сенім-нанымдар білімге де, ақиқаттың өзіне де адамгершілік және эмоциялы-психологиялық қатынастардың болуын қалайды. Дүниеге көзқарастағы психологиялық, әлеуметтік-психологиялық және эмоциялық сәттердің үлкен мәнге ие болу себебі олар адамның мінез-құлық белгілері мен көңіл күйін айқындайды, ол сайып келгенде, жеке адамның дүниеге көзқарас принциптері үшін шешуші іс-әрекетке, күреске дайын екендігін білдіреді. Білім негізінде қалыптасатын сенім-нанымдар жеке адамның, топтың, таптың белсенділігінің көзі болып табылады [1].

Дүниетаным өмір бойы адам баласына ақиқатты таным білу үшін қызмет етеді десек қателеспейміз. Ақиқат пен дүниеге көзқарас сабақтасып бір бірімен байланысқан дүние. Дүниетанымдық көзқарасты қалыптастыруда ақыл ой, сезімдік таным,

Жалпы философия, қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану, техникалық ғылымдарда ақиқат түсінігі нақтыландырылған критерийлер арқылы айқындалады. Бұл критерийлер теориялық және эмпирикалық негіздерге байланысты.

Философияда ақиқат ұғымы кешенді концепциялармен байланысты. Логикада тұжырымдардың ақиқаттығы пәннің ерекшеліктерін айқындау арқылы логикалық дұрыстығын анықтайды; формальды-аксиоматикалық жүйелердің толықтығы мен қарама-қайшылықтардың жоқтығы. Физика, химия, тарих, әлеуметтану секілді т.б. ғылым салаларында ақиқат категориясы екіжақтылық принципінде қарастырылады. Бір жағынан ақиқат бұл ғылыми таным мақсатындағы дәстүрлі түсінік, екінші жағынан теориялық және тәжірибелік міндеттердің базалық шешімдерінің кешенін талдайтын ғылыми білімнің жеке құндылығы.

Ақиқаттың философиялық түсінігін алғаш рет Парменид енгізді. Ақиқаттың негізгі критеріі ретінде ойлау мен болмыстың байланыстылығы мойындалды. Антикалық философияда ақиқат теориясының нақты дайындаған концепциясын Платон жасады. Оның пікірінше, ақиқат бұл жоғары эмпирикалық идея. Ақиқат рухының идеялар әлеміне қатыстылығы рухтың ақиқатпен байланыстылығын көрсетеді. Ортағасырлық философияда Августин латон көзқарастарына сүйеніп, ақиқатты түсініктер мен ой-толғамдар туралы ілімдер негізінде жүргізді. Ал, Фома Аквинский болса, Аристотель ілімдеріне сүйеніп, өзінің теориясын қалыптастырды.

Бүгінгі күнге дейін ақиқат концепциясы ақиқатың классикалық концепциясы негізінде кеңінен тарады. Оның негізгі тұжырымдарын Аристотель қалыптастырған болатын. Бұл концепция бойынша ақиқат зат пен зерденің сәйкестілігі негізінде жүреді (лат. *veritas est adaequatio rei et intellectus*). Демек, ақиқат нысан турлы қабылданған нақты шындық.

Жалпы ақиқат түсінігін антикалық философтар арасында Демокрит, Эпикур, Лукреций де дамытты. Ақиқаттың классикалық концепцияларын Г. Гегель, К. Маркс те қолдады. XX ғасыр философтары арасында бұл тұжырымдаманы А. Тарский, К. Поппер қолдағанын ерекше атап кеткеніміз жөн.

Ақиқат ұғымына көптеген ойшылдар өз ойларын айтқан,

С.И. Ожеговтың «Орыс тілінің сөздігі» еңбегінде: «1. **Ақиқат** – шын мәнінде өмір сүретін, шындық. 2. Тәжірибеде тексерілген, бекітілген пікір», - деп көрсетілген [2].

Р. Даль өз сөздігінде: «**Ақиқат** – жалғанға қарама-қайшылық; нақты, рас, дәл, әділ, шындық ұғымына жауап беретін түсінік» [3], - дейді.

Үлкен Совет Энциклопедиясында ақиқат ұғымына төмендегідей анықтама берілген: «Адам санасында объективті шындықтың нақты бейнеленуі, оның болмысына сай көрінуі және адамнан тыс және тәуелсіз орын алуы» [4].

Қазақ тілінде жарық көрген энциклопедиялардағы бұл ұғымға қатысты анықтамаларға келсек. Мәселен, Қазақ Совет Энциклопедиясының Бас редакциясы 1972 жылы ұсынған кітапта: «**Ақиқат** – объективті шындықтың адам санасында дәлме-дәл бейнеленуі; ақиқат түйсіктің, түсініктің, ұғымның, ой қорытындысының, теорияның қоғамдық практика мен тәжірибеде тексеріліп айқындалған объективті мазмұны. **Ақиқат** дегеніміз - бір-біріне өзара әсер етіп, қайшылықта болып, үнемі өзгеріп отыратын объектілерді жан-жақты терең бейнелейтін таным нәтижелерінің бір ізді жүйесі» [5], - деп жазылса, «Қазақ Энциклопедиясының» Бас редакциясы 1998 жылы дайындаған энциклопедиялық еңбекте: «**Ақиқат** – таным теориясының негізгі категориясы, адам түсінігінің өмір шындығына сәйкестілігі. Ақиқат – танушы кісінің объектіні дұрыс, дәл, тәуелсіз күйінде, өмір сүрген қалпында ұғынуы [6], - деп берілген.

Ал «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы шығарған «Философиялық сөздіктете» төмендегідей пікір білдіріледі: «**Ақиқат** - өмір шындығының ойдағы нанымды, дұрыс бейнесі, әлеуметтік процесс, практика, сайып келгенде оның өлшемі болып табылады. Ақиқаттың сипаттамасы заттарға емес және олардың тілмен тұжырымдалу тәсілдеріне емес, нақты ойға қатысты. Жаңа философия тұңғыш рет ақиқатты түсінудің дәйекті материалистік негіздемесін тұжырымдап, оны зерттеудің жаңа диалектикалық аспектілерін көрсетті» [1, 21 б.]. Сонымен бірге, аталмыш энциклопедиялық еңбекте *объективтік ақиқат, абсолюттік және салыстырмалы ақиқат, ақиқаттың нақтылығы, ақиқат өлшемі, теория және*

*практика* ұғымдарына түсініктеме берілген. Енді сол анықтамаларға сараптама жасап көрелік.

**Объективтік ақиқат** – жеке адамның еркі мен тілегіне қатысы жоқ адам білімінің мәні. Ақиқат адамдардың еркі мен тілегіне байланысты жасалмайды, бейнеленетін объектінің объективтілігін көрсететін мазмұнымен анықталады. Объективтік ақиқат туралы ілім ақиқат - адам еркінің туындысы, адамдар арасындағы келісімнің нәтижесі деп үйрететін толып жатқан субъективті тұжырымдарға қарсы бағытталған. Адамдардың көпшілігінің мойындауынан толып жатқан ырым, діни нанымдарды ақиқат ретінде қарастырып, түсіну ғылыми тұрғыдан теріс. Қазіргі заманғы буржуазиялық философия әдетте ақиқаттың объективтілігін мойындауға қарсы, ал бұл ғылыми ілімдерді субъективтілікке ұштастырып, жалпы ғылымға деген сенімді жоққа шығару болып табылады. Мысалы, прагматизм өмірде жақсылыққа ғана жеткізетін қағиданы ғана ақиқат деп есептейді; неопозитивизм математикалық және логикалық ақиқаттарды конвенциялар (конвенционализм) т.с.с. деп жариялайды [1, 22 б.].

Объективті ақиқат өмірдегі болып жатқан құбылыстарды біздің санамыздан тыс екенін дәлелдеуде. Бірақ объективті ақиқаттың бірден бір ерекшелігі адам санасынан тыс әлем адаммен байланыста болуы.

**Абсолютті және салыстырмалы ақиқат** – диалектикалық материализм категориясы, ол танымның даму процесін сипаттайды және: 1) бұрын танылған нәрсе мен ғылым дамуының бұдан былайғы процесінде танылған нәрсе арасындағы; 2) ғылымның бұдан былайғы дамуы барысында біздің біліміміздің құрамында өзгеруі, дәлелденуі, теріске шығарылуы мүмкін нәрсе мен теріске шығарылмаған күйінде қалатын нәрсе арасындағы арақатынасты ашады. Абсолютті және салыстырмалы ақиқат туралы ілім мына сұраққа жауап береді. Объективті ақиқатты білдіретін адамның түсініктері оны бірден, тұтасынан, сөзсіз, абсолютті түрде білдіре ала ма немесе тек шамамен, салыстырмалы түрде ғана білдіре ме? Осыған байланысты Абсолютті ақиқат өмір шындығы туралы толық нақты егжей-тегжейлі білім ретінде және болашақта теріске шығарылуы мүмкін емес білімдердің элементі ретінде көрінеді. Дамудың әрбір сатысындағы біздің біліміміз ғылымның, техниканың, өндірістің қол жеткен деңгейіне байланысты. Таным мен практиканың одан әрі дамуы дәрежесіне қарай адамдардың табиғат туралы түсініктері тереңдей түседі, дәлелденеді, жетілдіріледі. Сондықтан ғылымында ақиқат оның зерттелетін пәндер туралы толық, егжей-тегжейлі білім бере алмайтыны және оның танымның дамуы барысында өзгертін, дәлелденетін, тереңдей түсетін жаңа элементтермен ауыстырылатын элементтерден құралатыны тұрғысынан алғанда салыстырмалы болып

табылады. Сонымен бірге әрбір салыстырмалы және абсолютті ақиқатты тануда ілгері жасалған қадам дегенді білдіреді, егер ол ғылыми болса, оның құрамында абсолютті ақиқаттың жұрнағы болады. Абсолютті және салыстырмалы ақиқат арасында өткел бермес шек жоқ. Абсолютті және салыстырмалы ақиқаттың жиынтығынан қалыптасады. Ғылым мен қоғамдық практикада тарихы таным дамуының осынау диалект сипатын қуаттайды. Даму барысында ғылым абсолютті ақиқатты тануға жақындай түсіп, заттардың қасиеттерін және олардың арасындағы қатынастарды барған сайын терең және олардың арасындағы қатынастарды барған сайын терең және толығырақ ашады, мұның өзі теорияның практикада (қоғамдық өмірде, өндірісте және т.б.) ойдағыдай қолданылуы арқылы қуатталуда. Екінші жағынан, бұрын жасалған теориялар ұдайы дәлелдене түсуде, дамытылуда; бір болжамдар теріске шығарылып, екінші болжамдар қуатталып, дәлелденген ақиқатқа айналуға, бір ұғымдар ғылымнан аластатылып, енді біреулері дәлелденеді, қорытындылады. Абсолютті және салыстырмалы ақиқат туралы ілім әрбір ақиқатты мәңгі, өзгермейтін ақиқат деп жариялаған метафизикаға өзгермейтін ақиқат деп жариялаған метафизикаға қарсы және кез келген ақиқат салыстырмалы (релятивті), ғылымның дамуы бірінен соң бірі жалғасып жатқан адасулардың ауысуы ғана, сондықтан объективті ақиқат жоқ және болуы мүмкін емес деп пайымдаған релятивизмнің әртүрлі идеалистік бағытына қарсы бағытталған [1, 6 б.].

Салыстырмалық ақиқаттың ерекшелігі қарама қарсылық бар жерде даму бер екенін байқатады. Диалектикалық тәсілге сүйене отырып ақиқатты тануға талпынады.

**Ақиқаттың нақтылығы** (латынша *konkretus* - қоюлану, бітісу) – ақиқаттың белгілі бір құбылыстың жүзеге асуының нақтылығы қолайлы жағдайларының жалпы есебіне негізделген қасиеті, қолайлы орын мен уақыт жағдайларына тәуелділігі. Мәселен, белгілі бір ұсыныстардың қандай жағдайларды ескере отырып тұжырымдалғаны айтылмаса, олардың ақиқаттығын немесе жалғандығын анықтау мүмкін емес. «Үшбұрыштың ішкі бұрыштарының қосындысы 2- d-ге тең» деген сөйлем Евклидтің геометриясы үшін ақиқат, алайда, Лобачевскийдің геометриясында жалған. Демек абстрактілі ақиқат болмайды, ақиқат әрқашанда нақты. Қоғамдық құбылыстарға талдау жасаған кезде, жалпы теорияның ұғымдары мен ережелерін нақты жағдайларға қолданған кезде нақты тарихи көзқарас, орын мен уақыт жағдайларын ескеру ерекше маңызды [1, 22 б.].

Ақиқат ұғымына оның нақтылығын зерделеу өте маңызды болып табылады. Сондықтан ақиқат нақтылығы шын мәнінде оның ғылыми тұрғыдан қалыптасуына өзіндік үлесін қосады.

**Ақиқат өлшемі** (грекше Kriterion – бір нәрсені бағалауға арналған өлшем) – белгілі бір пайымдауды, болжамды, теориялық долбарды және т.б. тексеру құралы. Ақиқат өлшемі қоғамдық практика болып табылады. Тәжірибелік ғылыми теориялар практиканың көмегімен материалдық өндірісте, бұқараның қоғамды қайта құру жөніндегі революция қызметінде және т.т. іргелі тексеруден өткізіледі. Егер теория практикада ойдағыдай қолданылса, бұл оның салыстырмалы ақиқат екенін білдіреді. Белгілі бір теорияны практикада тексерудің әдістері әр түрлі болуы мүмкін. Мысалы, жаратылыстану ғылымында белгілі бір ережелер алынған нәтижелерді бақылауға, өлшеуге, математикалық өңдеуден өткізуге байланысты тәжірибе арқылы расталады. Кейде болжам жасалған теорияларды сынақтан өткізу одан логикалық жолмен шығарылатын салдарды тәжірибе жасап тексеру арқылы жүзеге асырылады. Практикада тексеру ақиқаттығын логикалық айғақтар жолымен анықтау, сайып келгенде, белгілі бір теорияның өз шеңберінде арнайы дәлелденбейтін кейбір түпкі ережелерін практикада тексеруге сүйенеді. Алайда ғылыми теорияларды практикада тексеру дамып, байытылып, нақтылана түседі, олардың кейбір ережелері олардың абсолютке айналдырылғанын көрсетпейді, ғылыми теориялар жаңалығымен алмастырылады (Абсолютті және салыстырмалы ақиқат). Бұл қоғамдық практиканың өзі ғылыми теорияларды өмір шындығымен практика арқылы салғастыру әдістерінің де үнемі дамып, жетіліп отыратындығымен байланысты. Сондықтан адамның кейбір түсінігін тек дамып отыратын қоғамдық практика ғана толық растай алады немесе теріске шығара алады [1, 21-22 бб.].

Ақиқатты тану оның танымдық өлшеміне байланысты екені анық. Соның негізінде біз көптеген философиялық ойларды пайымдауда, оның өлшемдік жағдайына мән бергеніміз абзал деп ойлаймыз. Ақиқатқа жету оның даму өлшеміне байланысты. Оның өлшемі қоғамның әлеуметтік-саяси ойларының дамуы барысындағы оның тәжірибелік құндылығында жатқандығы барлығымызға белгілі құбылыс.

**Теория** (грекше theoria – бақылау, қарастыру, зерттеу) - өзінің объектісін құрастырып отырған белгілі бір жиынтықтың қызметін сипаттайтын, түсіндіретін және болжайтын, шындықтың қандай да болмасын «фрагменті» жөніндегі нақты білімді жинақтап қорытындылайтын жүйе. «Теория» терминінің бұл жүйені практикадан ажыратуға немесе болжамға (тексерілмеген, болжалды білімге) қарама-қарсы қоюға мүмкіндік беретін әртүрлі мәні бар.



Теорияның практикадан айырмашылығы ол нақты шындықтың санадағы бейнесі, көшірмесі болып табылады. Сонымен бірге ол танымның алдына пісуі жеткен мәселе қоятын және соны шешуді талап ететін практикамен тығыз байланысты. Сондықтан практика мен оның талданған жалпы нәтижелері органикалық элементі ретінде теорияның құрамына енеді. Әрбір теорияның күрделі құрылымы бар. Мысалы, физикалық теориядан нәрсені бөліп қарауға болады: жадағай есептеулер (математикалық теңдеулер, логикалық символдар, ережелер т.с.) мен «мазмұнды» талдау (категориялар, заңдар, принциптер) жасау. Теорияның мазмұндық элементтерін формаға келтіру болатындықтан оның қарапайым құрылысын, логикалық байланыстарын, яғни оны аксиомалауды бұрынғыдан да анық түсінуге мүмкіндік туады. Теорияның мазмұндық және формальдық біртұтастығы – оның дамуы мен жетілуінің қайнар көзі болып табылады. Осы заманғы ғылыми танымда теорияның «шекарасы» мен оның қолданылу шегі жөніндегі мәселенің маңызы өте зор. Жаңа, неғұрлым жалпы теорияны құрағаннан кейін ғана оны нақты етіп дәл шешуге мүмкіндік туады. Ол принципке сәйкес ескі теорияға «шек қояды» да, оны өзінің дербес, шектелген түрі ретінде қамтиды. Теорияның мазмұнды бөлігін құру мен түсіндіру – ғалымның философиялық көзқарасына, дүниетанымына, нақты болмысты танудағы белгілі бір методологиялық принциптеріне байланысты. Теорияның түсіндіру мен болжау функциялары бар. Кейде ақиқаты анықталған. Теорияның басқа бір заттық саланы тануға ғылыми әдіске айналады. Табиғаттану ғылымы теориясы да, қоғамтану ғылымы теориясы да өзі пайда болған тарихи жағдайға, өндірістің, техниканың, зерттеулердің, ғылымның сол кездегі тарихи деңгейіне тікелей тәуелді. Теорияның, әсіресе, әлеуметтік теорияның пайда болуы мен өркендеу үшін белгілі бір кезеңдегі билік құрушы әлеуметтік жағдайдың теорияның жасалуын жеделдету немесе тежеуі үлкен маңызға ие болды. Мәселен, 19 ғасырдың ортасынан бастап социологияда дүниетаным тұңғыш рет қоғамның даму заңдары жөнінде ғылыми теорияға айналды. Ғылыми таным мен қоғамды революциялық қайта құру жолында теория үлкен роль атқаруы мүмкін және атқарады да, сөйтіп ол таным әрекеттерін талдап, жинақтау мен практика қорытындыларының нәтижесінде табиғат пен қоғам өмірін қайта құруға жол ашады. Теорияның ақиқаттығының өзі практика болып табылады (Ақиқат өлшемді). Теорияны құрудың диалектикалық - логикалық принциптері (абстрактылықтан шынайы ғылыми үлгісі болып есептелетін нақтылыққа қарай өрлеу, қайшылық, нақтылық; адамның практикалық іс-әрекеті, теорияның алғашқы басын анықтау т.б.) бар. Сонымен теория біртұтас заттық іс-әрекеттің адамдық формасы, ғылыми танымның ең жоғарғы формасы

оны алғашқы абстракты бастау нақтылыққа қарай өрлеу барысындағы қайшылықтарды шешу арқылы құруға болады. Оған К.Маркстің «Капиталы» кепіл [1, 22 б.].

Дүниенің шын мәніндегі өз қажетімізге сай көрініс табуы оның теориялық жағдайларына байланысты екені белгілі. Теория – ол дәлелденуі тиіс. Осы дәйектемелер арқылы біз шын мәнінде сол құбылыстың нақты ақиқаттылығын танимыз. Ақиқат сол теорияның заңды сәттерін көрсетуге тырысады.

**Практика** – адамның саналы, мақсатты, нысаналы, сөзімдік нақты қызметі. Практика дегеніміз өзге қызмет атаулының бәрі: «ақыл-ой, саяси, діни және т.б. қызметтер тәуелді болатын материалдық қызмет» (Маркс К., Энгельс Ф. Таңд. шығ.: 2-т., 65-б.). Өзінің алғы шарттары, құралдары мен түпкі нәтижелері материалдық болатындықтан, оны санасы, ойы, білімі бар және өзінің интеллектуалдық қабілеттерін іс жүзінде қолданатын адамдар ғана жүзеге асырады. Сондықтан практика дегеніміз субъектілік пен объектіліктің, сана мен болмыстың бірлігі, субъективтіліктің заттандырылуы мен объективтіліктің затсыздандырылуы. Сонымен «бірде-бір қызмет, соның ішінде рухани қызмет те практикалық өмір болып табылады» Практика – танымның негізі. Мыңдаған жылдар бойы стихиялы түрде жасалып келген өндірістік процесс адамдар тіршілігінің әр түрлі салаларында қарапайым білімді қалыптастырады. Ал, ғылым практиканың деректерін қорытты, ой елегінен өткізді, жинақтады, сөйтіп практика одан әрі теориялық білімді қамти отырып, оны жүзеге асырады, түзету енгізіп, байытады, жетілдіреді. Сөйтіп практика мен іс жүзінде ғылымда білімнің бірлігі қалыптасады (теория мен практика). Өткен дәуірдегі материалистер танымдағы практиканың рөлін жете бағаламады, олар танымды сыртқы дүние заттарының біздің сезім органдарымызға әсерінің нәтижесі деп түсіндірді.

Диалектик идеалистер (Фихте, Гегель) практиканың теориялық білімге қарағанда басымдылық болатыны туралы болжам айтты, бірақ олар оны түптеп келгенде рухани қызметке әкеп сайды. Тек марксизм ғана материалдық өндіріс қоғам өмірінің айқындаушы негізі екенін дәлелдеп, практиканың әлеуметтік дамудағы маңызын ғылыми тұрғыдан ашып көрсетті. Практиканы адам қызметінің алғашқы, негізгі формасы ретінде түсінудің арқасында объективті түрде, адамдарға қатыссыз өмір сүретін реалдылық ретіндегі қоғамдық - тарихи процесстің ерекшелігі ғылыми тұрғыдан дәлелденді. Практиканың формалары алан түрлі: материалдық өндірістік, адамдардың өз өмірінің әлеуметтік экономикалық жағдайларын өзгертуі және қызметтің басқа да түрлері, материалдық жағынан өзгертуші объектілер. Практикалық қызмет формаларының алуан

түрлі болуы, оның таныммен байланысы, практиканы ақиқаттың өлшемі – ақиқат пен адасушылықтың ара-жігін ажыратуға мүмкіндік беретін шама етеді. Теориялық қағидалардың, ғылыми болжамдардың практикада қуатталуы олардың ақиқаттығын дәлелдейді. Практиканы жоғары бағалай отырып, диалект, материализм оны әсте де абсолюттендірмейді. Практика тарихи жағынан және нақты жағдайлармен шектелген [1, 22 б.].

Жалпы практика теориямен өзара байланысты болғандықтан, екеуін бір-бірінен ажыратып қарау мүмкін емес. Теория тәжірибені жандандыра түседі. Теория осы тәжірибе барысында өзінің ақиқаттығын таныта түседі.

Осы пікірлер негізінде әлемдік ғылым мен мәдениетте ерекше із қалдырған тұлғалардың ақиқат турасында айтылған ой-пікірлеріне мән берсек.

Мәселен, Альберт Эйнштейннің пайымдауынша: «Ақиқаттың негізін айту қиынға соғады, ал жалғанды айыра білу оңай».

Л. Швейцер: «Кез келген ақиқат алғашында күлкіге айналғанымен, кейін ол мойындалады».

Г. Лихтенберг: «Ең ауыр жалған сөз – жеңіл түрде өзгертілген ақиқат».

И. Гете: «Ақиқатқа қарағанда, қателікті табу оңайға соғады. Қателік жоғары деңгейде тұрғандықтан ол тез аңғарылады, ал ақиқаттың түбі тереңде жасырылғандықтан, оны кез келген адам таба алмас».

А. Камю: «Ақиқат жарық секілді жарқылдайды».

Платон: «Сократ-досым, бірақ ең жақын досым – ақиқат».

Л. Фейербах: «Ең қарапайым ақиқатты адам бәрінен кейін сезінеді».

А. Дистерверг: «Нашар ұстаз ақиқатты ұсынып көрсетеді, ал жақсы ұстаз оны табуды үйретеді».

Конфуций: «Таңертең ақиқатты естіп, кешке өлуге болады».

Ф. Бэкон: «Ақиқат беделдің емес, уақыттың белгісі».

Т. Кампанелла: «Ақиқаттың критеріі тәжірибе болып табылады».

Д. Бруно: «Бір ақиқаттық құбылыс келесісін жандандырады».

Ф. Честерфилд: «Әрбір адам ақиқатты іздейді, бірақ оны тапқан адам тек бір Құдайға ғана белгілі».

М. Банди: «Ақиқат жүзі – сүреңсіз». Немесе авторлары белгісіз мына пікірлерге назар аударсақ: «Ақиқат талас барысында туындайды; бірақ қызуқандылық орнағанда ақиқат жоғалады». «Адам ақиқат үшін өзін қайта өңдеп отыруы тиіс, ал ақиқатты адам пайдасы үшін пайдалану мүмкін емес».

Қорыта келе, ақиқат дегеніміз – бүкіл адамзат өмірінің шындығы. Бұл түсінікті толықтыратын да, жоққа шығаратын да адам санасы. Біздің санамыздан тыс ақиқат бұл Абай үшін ақылмен шешкен ақиқат болса, Ясауи үшін Алла жолы нағыз Ақиқат болып есептеледі, Шәкәрім үшін ақиқат парасатты сөз, ал Ахмед Йүгінеки үшін ақиқат Алладан адамзатқа берілген сый болып саналады

### **ӘДЕБИЕТ**

1. Философиялық сөздік. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1996. – 142-143 бб.
2. Ожегов С.И. Словарь русского языка. Изд. 7-е. – М.: Сов. Энциклопедия, 1968. – С. 251.
3. Толковый словарь живого всерусского языка. - / Составитель В.И. Даль. – Т. 2. - М., 1955. – С. 60.
4. Үлкен Совет Энциклопедиясы. – Т. 10. – М., 1972. – С. 546.
5. Қазақ Совет Энциклопедиясы. / Бас редактор М.Қ. Қаратаев. – Т. 1. – А., 1972. – С. 206.
6. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия / Бас ред. Ә. Нысанбаев. – А.: Қазақ энциклопедиясы, 1998. – 181 б.

### **РЕЗЮМЕ**

В данной статье изложены понятие о мировоззрении в философии. Кроме того даны взаимоотношения мировоззрения с истиной.

### **SUMMARY**

In given article are stated concept about мировоззрении in philosophy. Mutual relations мировоззрения with true are besides given.

ӘОЖ 129

## МЕНЕДЖМЕНТ ЖӘНЕ МАРКЕТИНГ ФИЛОСОФИЯСЫ ТҮСІНГІ

*Паридинова Ботагөз Жаппарқызы,  
философия магистрі, «Болашақ» университеті*

Көптеген ғалым-экономистер менеджмент пен маркетингті философия деп атап өткенімен, бұл ұғымдардың терең философиялық мағынасы мен дүниетанымдық тұжырымдамасын ашып көрсете алмады. Осы ғылыми мақала арқылы шетелдік тәжірибе мысалымен отандық бұқаралық ақпарат құралдарындағы менеджмент пен маркетингтің философиясын айқындауға тырыстық.

XXI ғасырдың бас кезінде қоғамдық санада қоршаған ортада орын алып жатқан өзгерістерге байланысты сан түрлі үрейлер мен үміт отын тудыратын жағдайлар қалыптасты. Қазіргі Батыс, Шығыс және Қазақстан қоғамы өркениеттік, антропологиялық, жүйелік-экономикалық, экологиялық дағдарыстардың дәуіріндегі қатерлерге енді. Мұның орын алуындағы негізгі фактор социумның барлық процесінде адам рөлінің күшеюінде жатыр. Осы қарама-қайшылықты сипатқа ие процестер менеджмент мәселесімен байланысты.

Бүгінгі күнде жаңа ақпараттық технологиялар кеңінен пайдаланылып жатқан қоғамның адамзаттық қызметінің барлық салаларындағы басқаруда түбірлі өзгерістер орын алып жатыр. Менеджменттің жоғары тиімділігін арттырудың негізі адам табиғатын тану болып табылады. Сондықтан басқару стратегиясының өзгерістері айқындалып, ақпараттық қоғам құрудағы адамзаттық өлшем туралы да айта кетуіміз қажет.

Бұл мәселені талдау үшін менеджмент пен маркетингтің интеграцияланған концептуалды негіздерін қаратыруға байланысты және оның өзектілігін келесі себептермен көрсетеміз.

*Біріншіден*, ақпараттық қоғамның қазіргі дамуында жаһандық ақпараттық технологиялардың орны ерекше. Қазіргі ақпараттық технологиялар экономикалық мәселелерден бастап әлеуметтік-саяси мәселелерге қатысты ақпарат түрлерін сандық дәрежеде көрсетеді. Бұл адам бостандығына ықпал ететін басқару мен нарықтық зерттеулердің ерекше әдістері болмақ.

*Екіншіден*, әлемдік экономиканың жаһандану тенденциясы энергетикалық және экологиялық дағдарыстарға әкелді. Жүйелік әлем адамзат өмірін құрылымдық тәуелділікке әкеліп, адамның рухани әлемі электрондық байланыс құралдарымен байланыстырылды.

*Үшіншіден*, қазіргі менеджмент пен маркетинг салаларында корпоративті соғыстар мен стратегиялық теория қалыптасуда. Бұл еліміздегі әлеуметтік, саяси, мәдени, этикалық мәселелер төңірегіндегі тың идеяларды қажет етеді.

*Төртіншіден*, постиндустриалдық қоғамның ақпараттық құрылымының негізгі тенденциялары қалыптасу үстінде. Бұл қоғамның негізгі ерекшелігі адамның тұлғалық, тәжірибелік потенциалын жоғарылатуға көмегін береді.

*Бесіншіден*, әлеуметтік процестерді басқаруда халық, мемлекет, үкіметтік емес ұйымдардың өзара тайталасу сәттері байқалды. Бұл басқару философиясының әдістемелік қимылын негіздейді.

**Жалпы менеджмент философиясы** – бұл адам мен қоғам табиғаты туралы, мінез-құлықтық негіздегі басқарудың міндеттері мен моральдық принциптеріне қатысты көзқарастар мен идеялардың жиынтығы. Егер жаңа заман басқарушысы менеджер өз ойындағыдай іс-әрекет жасай алмаса, ол нақты көрсеткіші бейнеленген философияның иесі емес. Сыпайылық белгі көрсететін кез келген мекеменің терең мағыналы өзіндік философиясы болуы қажет. Іскер көшбасшылар басқарудың философиясын нақтылап алмай жетістікке жете алмайды. Себебі, олардың қимылдарын тек басшы ғана емес, қоғам мүшелері де қабылдауы тиіс деп ойлаймыз.

Менеджмент теорияларының басқару ғылымы ретіндегі ертедегі көзқарастары бүгінгі күндегі қолданыс аясы онша көп емес. Соның өзінде оның көптеген идеялық бөліктері қазіргі басқару тәжірибесіне өз ықпалын тигізіп жатыр. Қазіргі БАҚ басшыларының мінез-құлқын түсіну үшін тарихи сараптама жүргізген абзал деп ойлаймыз.

Индивидтің еңбекке деген талпынысы ақшалай марапаттауға сүйенеді деген теорияның негізін қалаған Адам Смит еді. Ол қызметкерлердің алатын ақысынан басқа қажеттіліктеріне мән бермеді. Сондықтан бүгінгі күндегі БАҚ қызметкерлерін ынталандырудағы бір бағыттылық көзқарас түрлі деңгейдегі түсініспеушіліктерге әкелуі мүмкін. Тиімді қызмет атқару үшін қызметкерлердің қажеттілігін толықтай қанағаттандырып отыруымыз тиіс. Дегенмен, көптеген менеджерлер өз қызметкерлеріне ақша барлық мәселені шешеді деген қате пікірмен жұмыстарын жалғастырып отырғандығын қынжыла айтуымыз қажет.

Фредерик Тейлор және оның замандастары Генри Гантт, Фрэнк және Лилиан Гилбрет *«ғылыми менеджмент»* аталатын танымал теориясын қалыптастырды. Бүгінгі күнде бұл теория бұқаралық ақпарат құралдарының кейбір салаларында қолданылады. Ф. Тейлор ғылыми позициядағы өндірістің тиімсіздігін сынай келе,

қызметкерлерге келісім-шарт негізінде ақы төлеуге қарсылық білдірді. Бұл бұқаралық өндіріске көп салалы дағдының қалыптасуына ықпал етті. Сонда да Ф. Тейлор А. Смит секілді экономикалық ынталандыру бірінші болуы тиіс деп қорытып, ол саналы түрде менеджерлердің өз қызметкерлерінің қажеттілігін қанағаттандыруға мүдделі емес екендігін баса айтқан болатын. Дегенмен мұндай пікір БАҚ бизнесін басқарушылар үшін тиімді емес.

Макс Вебер еңбек қызметін байланыстыруда ұйымдастырушылық құрылымды пайдаланудың үлкен тиімділігін таныды. Оның пікірінше, барлық қызметкерлерді басқару үшін нақты биліктің иерархиялық бөлінісі қажет. М. Вебер және басқа да сол заманның теоретиктері менеджменттің әкімшілік-бюрократиялық мектебін қалыптастырды. Мұның негізі қатал ережелерге сүйенген және қызметкерлерді алға жылжыту мен тәртіптілігіне бағытталған нормативтік бюрократияда болды.

Карл Маркс бұл теорияға қатысты бірінші рет топтар арасындағы таптар мен мәртебелердің айырмашылықтарын анықтады. Ол бөлірудің үш критерий ретінде экономика, билік және престижді ұсына отырып, оны бірліктеріне сәйкес тап, партия және мәртебелік топтар стратификациясын бөліп берді. Өзінің мәртебелік тобын қоғам арасында мойындау жағдайын қалыптастырған журналист қауымы да өз стратасын құрады.

Қазіргі басқарудың технологияларындағы алға жылжу ХХ ғасырдың 20-жылдарында орын алды. Бұл жаңалықтар кез келген компанияда біріккен ресми емес топтардың көбеюіне байланысты менеджер әрқайсысының қажеттілігін түсінумен қатар пайда болды. Қызметкердің іс-әрекетін ынталандыруда ақшадан бөлек нормалар қажеттілігі айқындалып, менеджменттегі азаматтар қатынасының теориясының қалыптасуына өз әсерін тигізді.

Менеджмент теориясының жаңа ұғымы 40-шы жылдары пайда болып, оның өзі әлі күнге дейін өзектілігін жоғалтпады. Оның ішінде «кездейсоқтық теориясы» мен «жүйелер теориясы» секілді тұжырымдамалардың маңызы зор. Адам мінез-құлқын зерттеуші ғалымдар индивидтердің қажеттілігі және оларды сәтті мотивациялау жолдарындағы ізденістерін әлі күнге дейін жалғастыру үстінде. Осының нәтижесінде шет елдік БАҚ-тарда ішкі құрылым мен саясатты жасақтап отыруға көмек беретін психологты жалдап отырады. Бұл отандық бұқаралық ақпарат құралдары үшін өте маңызды мәселе болуы тиіс деген қорытындыға әкеледі.

Жоғарыда келтірілген тұжырымдамалар бәсекелі БАҚ ұйымдастыруда әсерін тигізеді деген ойдамыз. Қызметкерлердің нақты мамандыққа бағытталу арқылы қызмет атқаруы олардың жұмыс жасау қимылының тиімділігін жоғарылатады. Бірақ, мекемелік

құрылымды қатал түрде бөліп жару бөлімдер арасындағы бөлінушілікке әкелері анық. Сондықтан бұқаралық ақпарат құралдарының тиімді қызметіне интеграциялы басқару жолдарын жүргізуді де ұмытпауымыз қажет.

Менеджмент теорияларының ерте абсолютті түрлеріне қарама-қарсы «кездейсоқтық теориясы» қалыптасып, ол БАҚ-тағы басқару тәжірибесіндегі оңтайландыруға жетуді мақсат етіп қояды. Оның негізі оқиғалық дағдыда жатыр. Бұл тұста менеджерлер өз әдістерін БАҚ құрылымындағы ішкі және сыртқы оқиғалық өзгерістерімен ұштастырып отырады. Себебі, БАҚ нарығындағы бәсекелестік шарттары үнемі өзгеріп отырғандықтан, журналистік және іскерлік қажеттіліктер өзгеріп отыруы тиіс.

«Жүйелер теориясы» тұжырымдамасы бойынша менеджерлер ұйымның барлық бөлімшелерін біріктіруге ұмтылыс жасауы қажет. Бұл теорияның негізгі философиясы – мәселе де, мүмкіндік те тек себеп-салдарда емес. Осы себеп-салдардың тек біреуі негізінде шешім қабылдауға болмайды. Бұл әдісті бұқаралық ақпарат құралдарында пайдаланудың тиімді жағы ретінде қалыптасып қалған дәстүрлілікті жеңуге итермелейді.

Аталмыш теорияны қолдану барысындағы БАҚ-ты басқарудың тактикасына маркетинг тұжырымдамаларын енгізе аламыз. Еліміздің бұқаралық ақпарат құралдарындағы нарықтық белсенділік ұзақ уақыт қарапайым түрде жүрді. Жарнама негізгі қаржы көзі болғандықтан БАҚ басшылары өзінің өнімінде жарнамаға көп көңіл бөлді. Ал соңғы кездері бұқаралық ақпарат құралдары шын мәнісінде өзіндік сипаты бар өнімдерін көрсете бастады. Бұл тұста тұтынушыға бағытталған маркетинг тұжырымдамалары кеңінен қолданылып жатқанын айта кетуіміз қажет.

Экономика ғылымдарының докторы А. Кендюховтың пікірі бойынша: **Маркетинг философиясы** – бұл бизнес өнімі емес. Оның негізінде Платон (идея болмыстың негізі ретінде), Шопенгауэр (өмір-талпыныс, талпыныс-мәңгілік азап), Ницше (билікке ұмтылыс адам тіленішін қанағаттандырудың көзі ретінде, мәңгілік қайталау адам сұранысының қалауы ретінде), Ле Бон (бұқаралық санаға ықпал ету үздіксіз бекіту мен қайталауда жатыр), Вельдер (агрессивтілік және оның біліну формалары) еңбектері жатыр [1].

Жалпы маркетинг философиясының негізгі категориясы ретінде адамзат қалауы болып табылады. Тұтынушы, айырбас немесе нарықтық қатынас маркетингтің қозғаушы күші деген пікір үлкен қателік туғызады. Адамзат қалауы, қажеттілігі маркетингтің негізгі философиялық бастауы. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы маркетинг адамзат рухын жаулап алатын қару. Маркетингтік



философия БАҚ мақсатын трансформациялайтындығын да айта кеткен жөн санаймыз.

БАҚ өкілдерінің көпшілігі маркетингті тереңінен қабылдамайтындығы жасырын емес. Мұндай пікірді ұстанушылардың негізгі ойы редакция саясатына қатал коммерциялық нарық кезеңіндегі экономикалық факторлар әсер етпеуі тиіс екендігінде жатыр. Олар үшін баспа материалы жинақтайтын, әсемдейтін және сатылатын тауар емес. Дегенмен, жетістікке жеткен БАҚ жетекшілерінің барлығының тәжірибесі бойынша олар нарықтық заманның талабына сай жасалған жоспарларын негізге ала отырып, көрермені мен оқырмандарының сұранысы негізінде нәтижелі қызмет атқарып отырғандар да баршылық. Бұл тиімді басқару жүргізудегі маркетингтің журналистік жұмыс пен жетістікке жетудің басымдықтары екендігін тәжірибе көрсетіп отыр.

Осы тұста маркетинг мәніне қатысты Джек Трауттың «Маркетингтік соғыстар» еңбегіндегі мәселелер турасында айта кетуіміз қажет. Оның пікірінше: «адамзаттың барлық қажеттіліктері айқындалып болды және барлығы тауар немесе қызмет түрлерімен қанағаттандырылды. Анықталмаған қажеттіліктер жоқ. Маркетингтің мәні – бәсекелесуші компаниялардың тұтынушы үшін күресі. Жаулар бар – бұл бәсекелес фирмалар, әскери трофей бар – бұл тұтынушы, шайқас жүргізетін алаң бар – бұл тұтынушылар санасы» [1].

Қорыта келе, менеджмент пен маркетинг бүгінгі күнде қоғамның барлық құрылымын, өмірдің барлық салаларын қамтитын стихиялық философия. Бұл бұқаралық ақпарат құралдарында, бизнесте, саясатта, дінде, мәдениетте, спортта, армияда және т.б. маңызды қоғамдық салаларында қолданылатын қатал тәжірибелік философия. Философиялық зердемен экономикалық процестерді байланыстырғанда ғана постмодерндік идеялар туындайды. Осы тұрғыда басқару саясатымыз қандай ғылым саласы болсын өз жемісін береді. Әлемдік жаһандану заманында, дағдарыс уақытында кеңістіктегі жаңа идеяларды туындатып жатқан адам санасы, ендігі жерде бұл санадан шыққан әр бір ой, әрбір әрекет әлеуметтік ортаға, халыққа тигізер пайдасы болмаса онда ғасырлардан сақталып өз мұрасын байытқан философиялық құндылығымыз жойылады. Сондықтан осы жаһандану заманында менеджмент пен маркетингтің философиясын тереңінен игермей, дамудың жаңа сатыларына жету қиынға соғатыны ақиқат.

### **ӘДЕБИЕТ**

1. Кендюхов А. Философия маркетинга и общества потребления: начало новой цивилизации или начало конца? // Остров. – 2009. – 18 сентября.

### **РЕЗЮМЕ**

В данной статье рассматриваются проблемы философии менеджмента и маркетинга.

### **SUMMARY**

In this article considered problems philosophy of management and marketing.

ӘОЖ 378.18

## АХМЕД ЙҮГІНЕКИДІҢ «АҚИҚАТ СЫЙЫ» ЕҢБЕГІНІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

*Паридинова Ботагөз Жаппарқызы,  
философия магистрі, «Болашақ» университеті*

X-XII ғасырларда түркі халықтарының өмірінде үлкен өзгерістер орын алды. Ғылым, мәдениет, әдебиет жанданып, кемелдене түсті. Араб тілі мемлекеттік тіл дәрежесінен түсіп, бәріне түсінікті түркі тілінде құнды ғылыми еңбектер жазылды. Орта ғасырларда өмір сүрген ғұламалар араб тілімен қатар, түркі тілдерін меңгеріп, екі елдің ғылымын терең игерді. Орта ғасыр ойшылдарының жазған баға жетпес шығармашылығы танымдық және насихаттық сипаттарымен сол қоғамның және қазіргі тұрмыс-тіршілігімізге қажетті рухани байлығымызға айналды. Сол заман ғұламаларының туындылары адамзатты рухани тазалық пен патриотизмге ұмтылдыра отырып, оған Ислам діні арқылы жетуге болатындығына сендірді.

Ата-бабаларымыздың өмір танымы мен өсиетін меңгеру, тілін түсіну тез арада тындыра салатын шаруа емес. Ол тыңғылықты іздену мен қажырлы еңбекті талап етеді. Сондай жәдігерлеріміздің қатарына, тарихтан сыр тартатын асыл мұрамыздың бірі – Ахмед Йүгінекидің «Ақиқат сыйы» дидактикалық дастаны ортағасырлық түркі философиясының ілгері дамуына мол үлес қосқан, рухани тәрбиені қалыптастырудағы құнды еңбек екенін атап өтуіміз қажет.

Орта ғасырда өмір сүрген түркі халықтарының әдеби мұралары мен көне жазу ескерткіштері өте мол әрі бай. Осындай інжу-маржандардың көркейіп, қанат жаюы қарахандықтар дәуіріне тұспа-тұс келеді. Бұл дәуірде жазылған шығармалардың өзіндік ерекшеліктері бар. Осы тұста Жүсіп Баласағұннан бастау алатын дидактикалық әдебиеттің алар орны зор. Олар мұсылман діні арқылы адамға тура жол нұсқайды. Тәрбиелі-өнегелі болуды үндейді. Міне, мұндай баға жетпес, құнды туындылар - әдебиетіміздің асыл жауһары екені даусыз.

Дидактикалық сарында жазылған әдеби шығармалар Көк тәңірге сиынған түркі елін бірте-бірте Ислам дініне қарай бұрып, оның қағида шарттарын насихаттауды алдына мақсат етіп қойды. Осындай оймен Ахмед Йүгінеки «Ақиқат сыйы» дастанына ислам дінін өзек етіп, имандылық пен адамгершілік туралы әр алуан өнегелі ойлар айтады. Бұл еңбек танымдық, насихаттық сипаттарымен қатар, таусылмас рухани байлықтың көзі болып табылады. Онда көне

әдебиетімізге қатысты тың әрі бағалы ой-тұжырымдар айтылып жинақталған.

Бір бөліп аларлық мәселе: осы «Ақиқат сыйы» дастанына Құранның ықпал әсері аз болмаған. Ақын алғашқы сөзін мейірімді, рахымды Алланың атымен, ең соңғы пайғамбар Мұхаммедке (с.ғ.с.) салауат айтумен және оның төрт сахабасына жылы лебіз білдірумен бастайды. Бұл Шығыс әдебиетінде ертеден қалыптасқан әдеби дәстүр екені мәлім [1].

Ақын тіршіліктегі өмірдің әсемдігін жырлайды, адамгершілікті, имандылықты, ізгі істерді, қарапайым адамдардың ұнамды іс-әрекеті мен жарасымды мінез-құлқын бірінші кезекке қояды. Білім алу жалпы адамзат үшін, әсіресе кедей-кепшіктер үшін игілік болуы тиіс. Дидактикалық сипаттағы өлеңнің бірінші бөлігі білімнің пайдасы мен надандықтың зияны туралы ақыл сөздерден басталады. Екінші бөлімде тілдің маңызы, сөйлеу мәдениетін дамыту жөнінде кеңестер берсе, үшінші бөлімде дүниенің бір қалыпта тұрмай, өзгеріп тұратындығы сөз болады. Дастан жомарттықты, қарапайымдылықты, сыпайылықты, өршілдікті дәріптеп, менмендік пен надандықты, сараңдық пен дөрекілікті айыптайды. Автор сол замандағы адамдардың осы іспеттес ұнамды, ұнамсыз моральдық-этикалық ерекшеліктерін атап қана қоймай, сонымен бірге мінез-құлқтың жақсы қасиеттерін қалайша тәрбиелеу, сондай-ақ оның теріс қасиеттерін жою жөнінде бірсыпыра пайдалы кеңестер мен ұсыныстар береді («Егер өкіметке қолың жетсе, мақтанба», «Бастық болсаң, жайсаң бол, кәріге де, жасқа да құрмет көрсет», «Айтар лебізінді алдымен ойлап ал», т.т.). Осындай ұлағатты лебіздер бейнелі салыстырулар мен теңеулерге, накылдар мен мақалдар-мәтелдерге толы [2].

«Білімдінің сөзі үгіт, насихат, үгіт-өнеге», - дейді бір сөзінде білімдар ақын. Бақыт жолы білім арқылы білінетіні, білімді азамат қоғам үшін бағалы, ал білімсіз наданның құны жоқ екендігі туралы баян етеді. Демек, білімді салғыртсынбай үйрену арқылы қоғам өмірінің алға жылжитындығына көзімізді жеткізеді. Азаматтарға сөзбен ықпал ету тек білімдінің қолынан келетіндігін түсінеміз. Жалпы қоғамның даму сатыларына, әсіресе, біздің өткен тарихымыздағы қоғам мүшелері үшін данышпандардың сөздері жоғары дәрежеде өз әсерін тигізді. Өлең, толғауларда елдің қорғаныс қабілетін нығайту, ел іргесін берік ағайындар ұжымымен күшті болуы насихатталды. Өмір туралы, атамекен, туған елдің әлеуметтік және қоғамдық жағдайы жырланып, жағымды, жағымсыз тұстары, қатерлері мен мүмкіндіктері суреттелген керемет туындылары бүгінгі күнге дейін жеткендігі көңілімізді қуантады.

Орта ғасыр авторларының еңбектеріндегі кейбір пікірлер мақал-мәтел, нақыл сөздерге айналуда. Әр ғұламаның өздері ойлап тапқан қанатты сөздері қалыптасқан тіркестер мен уытты сөз үйірімдері жиі ұшырасады. Мұндай сөз орамдарын «Ақиқат сыйынан» да оқуға болады. Мәселен, А. Йүгінекидің бір ғана білім мен надандық жайында, олардың пайдасы мен зияны туралы айтылған ойларын саралап көрелік: Білімді надан – құны жоқ бақыр. Білімді мен білімсіз қашан тең болып еді. Білімді әйел – ер, надан еркек - әйел. Сүйекке – май, адамға білім керек. Ердің көркі – ақыл, сүйектің көркі – май. Білімсіз кісінің жайы майы жоқ сүйек сияқты. Білім алған ер халыққа белгілі болды. Білімсіз тірісінде көрде жатқан елік сияқты. Надан – тірі дегені болмаса, аты өлік. Білімді бір кісіге, білімсіз мың. Тең келе ме? Білімнің теңін теңдей ала ма? Білім сияқты пайдалы өзге не нәрсе бар? Білімнің арқасында ғалым жоғары көтеріледі. Білімді кісі білімнің парқын айырады. Білімнің пайдасын, уа досым, білімді біледі. Білім қадірін адамға білім білдіреді. Білімсіз ноқай білімді не қылсын! Білімсізге шын сөз ащы тиеді. Оған үгіт, насихат пайдасыз. Білімді кісі, көрдің бе, істің жөнін біледі. Не істесе біліп істейді, кейін өкінбейді. Тәкаппарлық – барлық елде жек көрінішті қылық. Дәрежең үлкейген сайын ұстамдырақ бол. Үлкенге-кішіге сыпайы сөйле. Өзі білмейтінін білем десе айып болады.

Шығармаға қатысты адамзаттың материалды және рухани саласындағы эталондық құндылықтар жүйесіндегі жетістік жиынтығындағы мәдениетін де атап өте аламыз. Мәдениет жетістіктеріне жету жолында бұл шығармада көптеген ой-пікірлер айтылған. Сондықтан ақын көзқарастарында сол кезеңнің мәдениетіндегі олқылықтар туралы айтылып, оң нәтижелерге ұмтылуды қоғам мүшелеріне жүктейді. Ақын мәдениеттің жалпы органикалық бөлігін құрайтын түсініктерді қалыптастыруға тырысады.

Жалпы «Ақиқат сыйы» дастанының негізгі мазмұны өсиет пен ғибрат сөздерден құралғандығы осы мақаламызда айқындала түсті. Өткен кезеңнің мол мұрасы бүгінгі қоғам үшін, оның ішінде орта ғасырлық түркі философиясы үшін үлкен табыс деп атауымызға болады. Әдиб Ахмед Йүгінекидің жоғарыда талданған шығармасы өзінің философиялық көзқарастарымен қазіргі қоғам мүшелерін тәрбиелеуде жоғары мәні өшпейтін құнды мұра. Сондықтан қазіргі қоғам өмірін жаңа идеялармен толықтыруда Ахмед Йүгінекидің «Ақиқат сыйы» еңбегін кең дәрежеде пайдалана аламыз және оның орны ерекше.

### **ӘДЕБИЕТ**

1. Құрманғали Г. «Ақиқат сыйы» дастанына Құранның әсері // Ислам және өркениет. – 2004. - №12. – 7 б.

2. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы: Бірінші том. (VI ғасырдан XX ғасырдың басына дейінгі кезең) / Құраст. Қ. Жарықбаев, С. Қалиев. – Алматы: Рауан, 1994. – 126 б.

### **РЕЗЮМЕ**

В данной статье рассматриваются воспитательное значение труда Ахмад Югнаки «Дар истины».

### **SUMMARY**

In this article considered educational value of work Ahmad Yugnaki «A truth gift».

### ӘОЖ 339.3

## ҰЛТТЫҚ БРЕНДТІ ҚҰРУ – ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕСІ

*Тажикова Жанат Жумановна,  
«Болашақ университеті» колледжі*

Ұлттық бренд туралы сөз қозғалған кезде, мен тыс қала алмаймын, қазақтың байырғы тағамы құртты әлемдік нарыққа шығару керек деп санаймын. Оның мыңжылдық тарихы бар, және бүгін құрттың дайындалу рәсімі ұмытылған жоқ. Қазір ұлттық бренді ойлап табу мәселесі туралы айтсақ, назарымызды неге құртқа аудармасқа?! Бір кездері құр көшпенділерді ұзақ жорықтарда және соғыстарда аштықтан құтқарған. Бұл азық өте ұзақ сақталады, ал ол кезде тоңазытқыштар болмаған.

Қазіргі жағдайда, отандық өнімдердің бәсін өсіреміз десек, әрбір ауданға, өңірге, аймаққа осы секілді «Қазақстанда жасалған – Халық маркасы» нысандары қажет-ақ. Бұл, біріншіден, еліміздегі шағын және орта бизнесті қарқынды дамытса, екіншіден, ел қазынасын еселеуге септеседі. Өзгені жарылқай бергенше, өз өнімдерімізді насихаттайық» “Біздерде мынадай бар, мынадай бар” деп мақтан қылатындай дүниелеріміз жоқтың қасы деп айту қиын. Бізде өнім бар, бірақ сапасында сын көп. Отандық өнім деп тұтынатын тауарлар тіпті саусақпен санарлық. Қарапайым ғана мысал. Алатын азық-түлігіміздің көпшілігі – Ресейдікі. Киетін киіміміз – көршілес қырғыз бен қытайдың өнімдері. Мінетін көлігіміз де сырттан әкелінеді [1].

«Қазақстанда жасалған» акциясына келсек, барлық сауда желілерінде тек қазақстандық тауарлар сататын бөлімдер ашу керек. Барлық қазақстандықтарды тартайық бұл акцияға: патриот болып, тек отандық тауарларды сатып алу керек. Бұл да болса ел экономикасына қолдау », деген болатын Елбасы. Бастама аяқсыз қалмады, Қазақстанның жер-жерінде отандық өнімді қолдау шаралар өтті. Мәселен, наурыз айында Астана қаласында азық-түлік өнімдерін сататын дүкен ашылса, мамыр айында бірнеше нысанда экоөнімдердің көрме-жәрмеңкесі болды.

Енді елорда іргесіндегі Орталық коммуналдық базардың артынан орын тепкен «Самғау» сауда орталығының бесінші қабатынан «Қазақстан жасалған – Халық маркасы» атты сауда-көрме павильоны ашылды. Төрт сектордан тұратын аумақтың алғашқы нүктелері қала тұрғындарына биылғы Астана күні мерекесінде таныстырылған. Ол кезде еліміздің тауар өндірушілері мұнда киімдер,

тұрмыстық бұйымдар, қолөнер шеберлерінің туындыларын, жиһаздар және басқа да заттар топтастырған екен. Таяуда елордалықтарға жеңіл өнеркәсіп секторы таныстырылды. Ошақтың үш бұтындай мәселелердің шешімін табу, шындап келгенде, өз қолымызда. Ол үшін алдымен не керек? Әрине, алдымен бәсекелестік, содан соң сапаға жұмыс жасау міндеті тұр. Игі істің бастамашылары қазіргі таңда Қазақстанның түкпір-түкпіріндегі тауар өндірушілерге осындай павильон ашылғанын айтып, бірге жұмыс істеуге шақырып жатыр. Десе де, осы жерден орын алуға ынталы кәсіпкерлер бүгіннің өзінде баршылық. «Бір қуанатыны, Қазақстан өндірушілерінің өнімдерін шетелдік брендтермен салыстыруға әбден болады. Өйткені, сапасы жағынан олардан мысқал да кем емес. Тек бағаларында аз-мұз айырмашылық бар, сәл қымбатырақ біздікі. Мұның да себебі бар, енді ғана қанат жайып келе жатқан отандық бизнестің тауарларына сұраныс төмен әзірге [2].

Осы жылы Астана қаласында өтетін ЭКСПО-2017 халықаралық көрмесіне әлем елдерінен бес миллионға жуық турист келеді деп жоспарланып отыр. Ал олар біздің елімізден төл өнімдерімізді, ұлттық нышанымызды танытатын дүниелерді көргілері келетіні анық. Міне, «Халық маркасы» көрме павильоны сол кезде ұялмай ұсынар бірден-бір орын.

Отандық өнім сұранысқа сай болуы үшін алдымен оның сапасы мықты болуы керек. Біздің мақсатымыз – отандық өнімдерді брендке айналдыру. Осы уақытқа дейін қазақстандық кәсіпкерлердің ойына осындай дүниені қолға алу келген жоқ деп айта алмаймын. Олардың да ойына осы нәрсе келді. Бірақ, олар сапасы нашар болады, тауарым өтпей қалады деген қорқынышпен бұл істі бастаған жоқ. Бізде де мақтанарлықтай дүниелер, өнімдер бар. Мен соларды танытқым келеді. Бізде де ел қызығарлықтай өнім шығатынын дәлелдегім келеді. Осы жоба аяғынан тік тұрып кетсе, бұйырса, шетелдіктер өздері іздеп келіп, біздің өнімді сатып алатын болады деп сенемін. Сол үшін жұмыстар жасаймын [3].

Дүкен сөрелерінде мәселен сүт немесе айран өнімі тұратын болса, оның қасында міндетті түрде арнайы бос бөтелкелер болады. Тұтынушы өзіне қажетті мөлшерде сүт құйып алады. Егер ұнап жатса, тағы да алады. Содан соң сөрелерде тек ел тұтынады, сапасы ең мықты деген тауарлар ғана болады. Сапасынан ши шығады деп ойламаймын.

Қызылордада “РЗА” АҚ-ның өнімдерімен атап өтсек.. Сонымен қатар жиһаздар жасаумен айналысатын “Жан и Ш” ЖШС, “Сұлтан Сүйрік” тігін бұйымдарын шығарумен айналысатын цехтарды айта кетсек болады. Аралаған кәсіпорындардың барлығының өнімдері көңілге қонарлық. Қаладағы соқырлар қоғамы да тігінмен, әртүрлі



бұйымдар тоқумен айналысатын шеберлер бар екен. Туындылары өте әдемі, көңілден шығады.

Сапаны арттыратын өзіміз. Халық осыны ұғынуы керек. “Атамекеннің” сөрелерінде сапалы отандық өнімдерді ел-жұрт тұтынып көргеннен кейін өздері-ақ іздеп жүріп тауып алатын болады деп ойлаймын. Мәселен, шәйдің сыртқы қорабында Қазақстанда жасалған деген логотип тұрады. Шын мәнісінде ол Индиядан немесе Кениядан келуі мүмкін. Тек Қазақстанда қапталады. Біз дүкен сөрелеріндегі өнімдердің нақ отандық өнім екенін қалай ажырата аламыз? Қазір Қазақстандағы кәсіпорындар шикізатты міндетті түрде сырттан алады. Өйткені нарықтағы сұраныс солай. Ал 100 пайыз отандық өнім шығаратындар көп. Сатылымда тек осы 100 пайыз отандық өнімдер ғана болады. Тауардың отандық өнім екеніне көзім жеткеннен кейін ғана мен оны сатылымға шығаруға рұқсат берілсе екен.

Мәдениет, тарих қайраткерлері және бизнес - құрылым өкілдері де осы мәселе бойынша ізденісте. Ұсыныстар өте көп. Біреулер ұлттық бренд домбыра, қобыз сияқты музыкалық аспаптар десе, екіншілері қымыз және шұбат сусындары деп санайды, ал үшіншілері киіз үйді жақтайды. Келешекте Қазақстанның атын шығаратын не екені белгісіз. Таңдау қиын, ұлттың сәні – кешке киетін сәнді киім емес [4].

Соңғы жылдары дүние жүзінде ИСО-ның стандарттарына сәйкес бір ел деңгейінде сапа жүйелерінің сәйкестігін растайтын мекемелер саны жыл санап артып келеді. Қазіргі кезде бұл стандарт бойынша 80-нен астам ел қолданып келеді. 2007 жылы сапа жүйесімен сертификатталған компаниялар саны 1997 жылмен салыстырғанда бес есеге өсті. Сапа жүйесімен сертификатталған өндіріс орындары сертификатталмағандарымен салыстырғанда 2-3 есе тиімдірек жұмыс істейтіні дәлелдейді.

Техникалық реттеу саласындағы мемлекеттік саясаттың көздеп отырған бір бағыты – ИСО 9000 және ИСО 14000 халықаралық стандарттарына сәйкес сапа жүйесі мен менеджментіне өту. Бұл жүйеде 2002 жылы – 75 кәсіпорын, ал 2003 жылы – 116 кәсіпорын сертификатталған болса, 2005 жылы сапа жүйесін сертификаттағандардың саны 388-ге жетті, сондай-ақ 2006 жылы 159 кәсіпорын аттестатталды. Бұдан сапаны сертификаттаудың маңыздылығын еліміздің көптеген кәсіпорындары ерікті түрде мойындап отырғанын көреміз.

Қазақстанға сапа жүйесін енгізу тұтынушыға өнімінің сапасы жайлы сенімділікті ұялатып қана қоймай, өндіріс басшыларының өз өніміне деген сенімділігін де арттыра түседі. Осы орайда сапа жүйесін

сертификаттау бағытындағы барлық ұйымдастыру, қолдану мен енгізу шараларының дұрыс бағытта екенін айқындай түседі.

Сапа жүйесіндегі сертификат және оның сәйкестік белгісі өнімге берілетін сәйкестік пен сертификат белгісіне қарағанда өзгеше.

Сапа жүйесін сертификаттағысы келген кәсіпорын Қазақстан Республикасы МСЖ аккредиттелген органға сұраныс береді. Сұраныспен бірге негізгі мәліметтерді алдын ала сапа жүйесін тексергені жөніндегі толтырылған сауалнама және өндіріс сапасының нұсқауы жіберіледі.

Сапа жүйесін сертификаттау мына кезеңдерден тұрады:

бірінші - сапа жүйесін алдын ала сырттай бағалау ;

екінші - СМЖ түпкілікті тексеру және сапа жүйесін бағалау;

үшінші - тексеру нәтижесін қарау және сертификат беру;

төртінші-сертификатталған сапа жүйесін инспекциялық тексеру.

Сапа менеджмент жүйесін алдын-ала сырттай бағалау – бұл сарапшының сертификаттаудың потенциалды мүмкіндігін және берілген кәсіпорында әрі қарай жұмыстар жүргізудің мақсатқа сәйкестілігін айқындай алуы үшін керекті, алдын-ала бағалау;

Егер берілген бағаның нәтижелері оң болса, сәйкестікті растау жөніндегі орган түпкілікті тексеру жүргізу туралы мәлімдеушімен келісім жасайды.

Тексеру нәтижесінде келесідей тұжырымдар жасалуы мүмкін:

- жүйе қойылған талаптарға толығымен сәйкес келеді;

- жүйе тұтас алғанда талаптарға сәйкес келеді, бірақ стандарттан жеке ауытқулар байқалған;

- жүйе қойылған талаптарға сәйкес келмейді.

**Сапа менеджмент жүйесіне сәйкестігін растау тәртібі.**

Өтінішкер мен сәйкестікті растау жөніндегі орган өздерін қызықтыратын барлық мәселелерді келіссөздердің нәтижесінде анықтады.

Өтінішкер сертификаттауға өтініш беру туралы соңғы шешімін қабылдап өтініш бергенде, сәйкестікті растау жөніндегі орган бастапқы ақпараттар мен сұрақ-сауалнамаларды дайындап, өтінішкерге ұсынуы тиіс.

**Сертификаттауға өтінім ұсыну.** Өтінішкер сәйкестікті растау жөніндегі органға өтінім, толтырылған сұрақ-сауалнама, бастапқы ақпараттарды жібереді. СМЖ сертификаттау жұмысын өткізу туралы шешімін, сертификаттау жөніндегі органның басшысы өтініш түскен күннен кейін 3 күннен соң қабылдады [1].

**СМЖ алдын-ала бағасы.** СМЖ алдын-ала бағасын өткізу бойынша сәйкестікті растау жөніндегі орган құрамында аудитор-сарапшы /комиссия басшысы/ сәйкестікті растау жөніндегі органның

СМЖ сертификаттау бойынша аудитор-сарапшы белгіленген тәртіппен тіркелген техникалық сарапшылар, осы қызметтің саласында бағалайтын мамандардан комиссия тағайындады.

**СМЖ бағалау және соңғы тексеріс.** СМЖ соңғы бағалау мен тексерісті, сертификаттау жөніндегі органның СМЖ алдын-алу бағалауды жүргізу үшін құрылған комиссия жүргізді.

СМЖ бағалау мен соңғы тексеріс жұмыстарын өткізуге дайындық, өтінішкерден ұйымға тікелей құжаттардың келуімен, СМЖ жүйесінде анықталған кемшіліктерді жою, СМЖ құжаттарында жойылған кемшіліктердің талдап, ресімделуі арқылы басталып жүргізіледі.

СМЖ бағалау мен соңғы тексеріс жұмысы басталғанға дейін бас маман сарапшы-аудитор бағалау мен соңғы тексерістің бағдарламасын дайындады. Бағдарламада:

- тексеріс мақсаты;
- комиссия құрамы;
- тексеріс өткізудің күні мен орны;
- тексеріс объектісі;
- тексерілетін ұйымның құрылымдық бөлімшелерінің атауы;
- сәйкестікке жүргізілген тексерістің құжаттар тізімі;
- нысанды бағалау бойынша тексеріс комиссия мүшелері арасында міндеттерді бөлу;
- соңғы бағалау мен тексерісті өткізу тексерілетін бөлімшелердің уақытша құрылған кестесі, тексерілетін бөлімшелерге сарапшы-аудиторлар мен техник-сарапшылардың бөлінуі, тексеру уақыты;
- құпия талаптар;

## **ӘДЕБИЕТ**

1. Кенжеахметұлы С., Қазақтың дарқан дастарқаны, Алматы кітап 2007 ж.
2. Анфимова Н. А., Татарская Л. Л. Аспазшылық, Просвещение 2002 ж.
3. Ермакова В. И. Аспазшылық, Просвещение 1993 ж.
4. Матюхин З. П. Тамақтану, гигиена және физиология негіздері, Просвещение 1999 ж.

## **РЕЗЮМЕ**

В данной статье рассматриваются вопросы и цели национального бренда и развитие выпуска отечественной продукции.

**SUMMARY**

This article examines the issues and objectives of the national brand and the national brand and the development of domestic products.

ӘОЖ 37.011

## ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРМЕН ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕ

*Досманбетова Г.С, Кипшақбаев К.З.,  
«Болашақ» университеті колледжі  
оқытушылары*

Елбасы Н.Ә.Назарбаев кемел елдің келешегін, болар елдің болашағын, ертеңгі ел жастарының даңғыл жолын жоспарлай келіп, осы мақсатта өзінің жолдаулары мен бағдарламаларын енгізді. Елбасымыздың “Интеллектуалды ұлт – 2020” ұлттық жобасы өз кезеңінде болашақ интеллектуалды ұлтты қалыптастырудың негізі болмақ. Бұл жобаның мақсаты – жаңа қалыпта қазақстандықтарды тәрбиелеу, сондай-ақ Қазақстанды бәсекеге қабілетті адамдық капиталы бар мемлекетке айналдыру деп айтқан болатын. Оған негізгі 3 аспектіні жатқызды. Олар: білім беру үрдісіндегі инновациялық даму, ақпараттық даму, жастарды рухани тәрбиелеу. Сонымен қатар Қазақстан Республикасының жаңа “Білім туралы Заңына” мемлекеттік саясат негізінде әр баланың жеке қабілетіне қарай интеллектуалдық дамуы жеке адамның дарындылығын дамыту сияқты өзекті мәселелер енгізілген [1]. “Дарын-адам бойындағы асқан талант, ерекше қабілет. Ал дарындылық бала-бойындағы алғырлық, зеректік” деп психологиялық ұғым тұрғысынан анықталады. Оның ерекшеліктері: 1. Ойлау қабілеті басым, түрлі болжам жасауға қабілетті, қиялға ұшқыр, өзін тануға құштар келеді. 2. Шығармашылықпен айналысуға, өз білімін сынауға тырысады. 3. Қиялы жүйрік жан дүниесі нәзік, табиғатты танып білуге тырысады. 4. Ақыл-ой қабілетін тек өзін қызықтыратын іске бағыттайды. Сонымен қатар қабілетті, дарынды оқушыларды дәл таба біліп, әрқайсысына жеке тұлға ретінде қарап, табиғи талантын одан әрі дамытып, ерекше қабілеті бар баланы дарындыға айналдыра білуіміз қажет. Сонда ғана өз қабілетінің арқасында түрлі байқауларға, конференцияларға, ғылыми жобалар конкурстарына қатысуға ұмтылысы жоғары дарынды балалар саны көбейе түседі [2].

Зерттеу жұмыстары жоғары оқу орындарының жүйесінде маңызды екені белгілі. Қазіргі уақытта орта білім беретін мектептерде де зерттеу жұмыстарына көп көңіл бөлінуде. Оған бірнеше факторлар дәлел:

Көптеген лицей, гимназия, мамандырылған дарынды балалар мектептерінде ғылым жөніндегі директордың орынбасары лауазымы

енгізіліп, оның функционалдық қызметіне оқушылар мен оқытушылардың түрлі саладағы зерттеулермен айналасуын қадағалауы міндеттелді.

Оқу жоспарының мектептік компонентінде оқушылармен жобалау зерттеу жұмыстарына арнайы сағаттар бөлінеді.

Төменгі және жоғарғы сынып оқушылары арасындағы зерттеулер жоғары бағаланады, рейтингіге енеді.

Түрлі ғылыми жобалармен мектептер мен жоғары оқу орындары арасында байланыс орнатылады.

Зерттеу жұмыстарына қатысып, жүлделі орын алған оқушылардың жеңісі мұғалімдердің аттестациядан өтуінде оқытушының еңбегін бағалау критерийіне айналды.

Бірақ барлық жағымды факторларға қарамастан, ғылыми зерттеу жобаларын жазу мәселесін белсенді жұмыстар қатарына қосыла алмай келе жатыр [3].

Өзгеше ойлау, шығармашылықпен жұмыс істеу, баланы заманға сай жеке тұлға ретінде тәрбиелеу білім беру жүйесінің басты мақсаты. Сол себепті дарынды балалармен ғылыми жұмыс жасаудың өзі қажырлы еңбекті талап етеді. Ғылыми зерттеу жұмыстарын және оған қойылатын талаптарды орындап, рәсімдеп жазуға кез-келген оқушы дайын болмайды. Сабақ барысында түрлі ерекше ой айтатын оқушыларды анықтаудың нәтижесінде мұғалім мен оқушының ортақ ойымен жоба тақырыбы таңдалынып алынады.

Дарынды оқушының бойындағы шығармашылық қабілеттерін ашуда оны ғылыми зерттеу жұмыстарын жазуға баулу ең негізгі рөлді атқарады. Ғылыми зерттеу жұмысымен айналысу дарынды баланың білімінің жүйелілігінің жоғары көрсеткіші болып табылады.

Оқушының зерттеушілік қызметіне енетіндер: мәселені қою, аталған тақырыпқа сай теорияларды меңгеру, зерттеу әдістемесін анықтау, қажетті материалдарды анықтау, ғылыми түрде анализ жасап, өзінің қорытындысын ұсыну.

Оқушылардың зерттеу ісімен айналысуы мынадай дағдылар мен қабілеттерді дамытады:

Жеке зерттеу ісімен айналысуын;

Ғылыми-танымдық әдебиеттермен жұмыс істеу дағдысын;

Шығармашылығын;

Аталған зерттеу ауқымы бойынша өз ойын ашық айтып, өзіне деген сенімін арттырады.

Тақырыптарды таңдауда оқушылардың жас ерекшеліктерін де ескерген жөн. Себебі, оқушының ойы тақырыпты меңгеретіндей деңгейге жетпесе, ол сол тақырыпты аша алмайды. Өз ойын толық жеткізе алмайды. Сонымен қатар ұл бала мен қыз баланың ойлау

қабілеттерінің ерекшеліктерінде ескеру қажет. Ұл балалардың логикалық ойлау қабілеттері жоғары болатындығын ескере отырып, жоба жазуда салыстырмалы талдау, қорытындылау кезінде ерекше ой қорытып жазатынын атап өткім келеді. Себебі, дұрыс ойлаудың формалары мен заңдары туралы ғылым логика деп, ал ой қорытындыларының объектив пікірлерге негізделетін процесі логикалық ойлау деп аталатынын ескерсек ғылыми жоба жазуда ұл балалардың жобалары жүйелі түрде жазылып, жүлделі орындарға ие болуларына әсерін тигізгенін атап өткім келеді.

Логикалық ойлаудың ерекшелігі-қорытындылардың қисындылығында, олардың шындыққа сай келуінде. Логикаға түскен құбылыс түсіндіріледі, себептері мен қатынастар логикалық ойлау жолымен ашылады. Сондықтан да логикалық ойлау мен шығармашылық қабілеттер қатар жүргенде ғана зерттеу жобасы толық зерттеліп, тыңдаушы қауымға жаңалықтың ашылғанына көз жеткізері сөзсіз.

Мұғалім мен оқушының зерттеу жұмысын жазуда міндетті түрде жоба жазудың талаптарын біліп, меңгерулері тиіс.

“Түркілердің әскери қару-жарақ түрлері”, “Қару жарақ түрлері” , “Жаугершілік кезінде ер адамдар киген сауыт киімдерін талдау” атты жобаларды ұл балалардың жазғанын, ол тақырыптар сабақ барысында оқушылардың қызығушылықтарын тудырып, зерттеу жұмыстарын жазуға итермелегенін атап өтуге болады.

Қорыта келгенде: мұғалім әр сабақта өзінің түсіндіріп жатқан тақырыбына ғылыми негізде бір сауал қойып, сол сауалға жауап беретін оқушының болғанына көз жеткізсе, оқушылардың ғылыми жоба жазуға деген қызығушылықтарын анықтап, сол тақырып бойынша зерттеу жұмысын жазуға болатынына көз жеткіздім. Жас ерекшеліктерін ескере отырып, ұл бала мен қыз баланың жазуға болатын тақырыптарын сабақтан кейінгі уақытта оқушыларға ұсыныса да бұл жұмыс өзінің жемісін берер сөссіз.

Сол себепті ғылыми жұмыс жазуға қызығушылық танытқан ұстаздарға мынандай ұсыныстар айтар едім:

Әрбір баланың бойында оның жеке икемділіктері мен қабілеттерін дамытуға тырысыңыз.

Зерттеушілік ізденіске көп көңіл бөліңіз.

Жеке заттар, оқиғалар, құбылыстар арасындағы байланысты анықтауға үйретіңіз.

Оқушылардың ақпарат іздеуге, оны сараптап, жинақтап, классификациялауға үйретіңіз.

Оқушы үшін бәрін жасап бермеңіз, олар өзі бәрін де жасай алады.

Оқушыларды жағдаятқа сараптама беруге, оны шешуді үйретіңіз.

Есте ұстаңыз! Сынап, мінгеннен гөрі, бір рет мақтаныңыз.

Белгісіз арқылы белгісізді табу нағыз ойлаудың ғылыми жолы, шәкірттерге осыны жетік үйрету керек.

### **ӘДЕБИЕТ**

1. Сейсенбаев Ж.А., Орманбекова Л.Ж. Дарынды балалармен жұмыс/ Оқу-әдістемелік құралы// [http://new.kaznpu.kz/docs/tarbie/darindi\\_balalar.dos-7](http://new.kaznpu.kz/docs/tarbie/darindi_balalar.dos-7) б.

2. Орынханова С. Биология пәнінен дарынды оқушыларды оқытудың әдістері // Пәнді оқыту мәселелерінің тәжірибесі және теориясы. – 2012. №1.-20-22б.

3. Иванова М.А., Старцева С.А Исследовательская деятельность школьника – творческий процесс взаимодействия учителя и учащегося // Исследовательская работа школьников.- 2012.-№1.-50стр

### **РЕЗЮМЕ**

В данной статье рассматриваются воспитательное значение с одоренными детьми, их логическое мышление, научные публикаций детей поиске научных работ.

### **SUMMARY**

This article about educational significance and work with gifted pupils and also considers logical thinking in searching scientific works.



ӘОЖ 81.11

## ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА ЖАҢА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ МАҢЫЗЫ

*Серібаева Ж.М.,*

*«Болашақ» университетінің колледжі.*

Біліп айтқан сөзге құн жетпейді,  
Тауып айтқан сөзге шын жетпейді  
Өзің білмесең, білгендерден үйрен,  
Үйренгеннен ештеңең кетпейді.  
(Әлібекұлы Төле би)

Баланың дүниетанымы мен тәрбиесіне зор үлес қосатын ұстаздың асыл болуы, дара тұлға болуы өмір бойы оқып-тоқуымен, үйренуімен іске асады. Ұстаздардың өз ісін өнер деңгейіне жеткізуге, кәсіби сауаттылығын шыңдауға ұйтқы болатын әдістемелік жұмыстың қажеттілігі бүгінгі таңда ерекше. Мемлекеттік білім стандартын жүзеге асыру, Қазақстан мектебінің ұлттық моделін қалыптастыру тәрізді келелі мәселелер ұстаздардан жоғары кәсіби шеберлік пен іскерлікті талап етеді. Әр пәннің мазмұны мен мақсатына қарай өзіндік ерекшелігі бар десек те, білім беруді жаңаша ұйымдастырып, жас ұрпақты қоғамдағы өзгерістер мен өмір талабына бейімдей оқыту қажет.

Қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды пайдалану әр оқушыға өз білімін көтеру тиімділігін де арттырады. Бұл бірінші кезекте сандық түрде жазылған ақпараттарды пайдалану кезінде қажетті мәліметтерді оңай табуға мүмкіндік береді. Қазіргі кезде көптеген әлемге танымал энциклопедиялар, сөздіктер электронды түрге айналдырылған. Компьютердің көмегімен тек белгілі бір сыныпта ғана емес, сонымен бірге қашықтықтан оқыту үрдісі де дамып келе жатыр. Ол үшін Интернет желісіне қосылған компьютер керек. Оқушылардың ақпараттық технологиялар көмегімен қалыптасатын және жүзеге асырылатын ойлау қабілеті бұрынғы технологиялар арқылы берілетін ойлау жүйесінен өзгеше болатындықтан, тек ойлау қабілеті түсінігі ғана емес, жаңа жағдайда психикалық функциялардың басқа жақтары да қайта қарастырылуы тиіс. Компьютерлік техниканың дидактикалық мүмкіндіктерін педагогикалық мақсаттарға қолдану, білім мазмұнын анықтауда, оқыту формалары мен әдістерін жетілдіруде жақсы әсерін тигізеді.

Осы мақсатты жүзеге асыру үшін ақпараттық технологияларды пайдаланудың маңызы зор. Ақпараттық технологияның негізгі

мақсаты — оқушыны қазіргі қоғам сұранысына сай өзінің өмірлік іс-әрекетінде дербес компьютердің құралдарын қажетті деңгейде пайдалана алатындай жан-жақты дара тұлға тәрбиелеу.

Қазіргі білім жүйесінің ерекшеліктеріне оның ілгерлігі, алдын алу сипаты және осыларға қол жеткізу мүмкіндіктерін дамыту ақпараттық технологияларды қолданумен жүзеге асады.

Дәстүрлі оқулықты оның электрондық нұсқасына оңай айналдыруға болады. Бұл нұсқаның жетістігі оны компьютер жадында сақтау мүмкіндігі, оны ком-пьютерлік желелер арқылы тарату болып табылады.

Бұл қоғамда тек өндіріс қана өзгеріп қоймай, сонымен бірге жалпы өмірдің сипаты мен құндылықтар жүйесі басқадай түрге енеді. Яғни, бұл дегеніңіз шығармашылық қабілетке, зердеге және оқып білуге ынта мен қажеттілік жоғары деңгейде болады деген сөз. Осы мектептердің материалдық және технологиялық базасы болып компьютерлік техника мен компьютерлік желілер, ақпараттық технологиялар және телекоммуникациялық байланыс негізіндегі түрлі жүйелер қалыптасады. Сонымен қатар, өзіндік ақпараттық инфрақұрылым түзіледі. Оның негізінде озық электрондық техника көмегімен кешенді түрде ақпарат өндіріледі, өңделеді, сақталады және пайдаланылады.

Қазақ тілі сабағында жаңа ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, оқушылардың сөздік қорын молайту, сөйлеу тілінің грамматикасын қалыптастыру, дыбыстарды дұрыс айту, диалогтік сөйлеудің қалыптасуы, түсінгенін айта білу, сауатты жазуға дағдыландыру, дүниетанымын, ой-өрісін кеңейту, өмірге деген көзқарасын дамытып, шығармашылық қабілетіне жол ашу.

Оқушылардың сөйлеу тілін жетілдіру.Тілдің грамматикасын білу арқылы оқушылар бір-бірімен сөйлесуді, сұрақ коюды үйренеді. Елімізде білім беру саласында жаңа ақпараттық технологияларды қолдану басты мақсат болып отыр. Ол тек қана техникалық құрал емес, сонымен бірге жаңа ақпараттық, коммуникациялық технология және білім беру жүйесіндегі сабақ берудің жаңаша әдісі болып отыр.

Ақпараттық технологияны қолдануда, әдетте шынайы өмірлік жағдайлар келтіріліп, бірігіп шешу мәселелері ұсынылады, рольдік ойындар пайдаланылады, білгірлігінің қалыптасуы барысында жеке белсенді позициясын қалыптастыруға жағдай тудырады, қарым-қатынас дағдыларын орнықтырады, сыни тұрғыдан ойлауға үйретеді. Демек, ақпараттық технологияны пайдалану оқу үрдісіне енгізу тіл үйретуде тиімді.

Тыңдап – түсіну , көріп – байқау құралдарының ішінде сабақ берудің барлық сатысында қолдануға болатын түрі – аудио құралдар, радио мен теледидардың хабарлары, сұхбаттар жазылған ұнтаспа, т.б.

Аудиоматериалдар сабақта мынадай мақсатта қолданылады: біріншіден, қажетті ақпаратты күшті әсерлілікпен жеткізеді; екіншіден, оқушының бақылаушылығы мен талдау дағдыларын жетілдіреді, үшіншіден, өз пікірін, ойын тұжырымдап айтуға үйретеді. Таспа арқылы тыңдалатын мәтін оқушының тілін дамытады. Тіл үйренудегі тыңдау сөйлеумен тығыз байланысты. Оқушыға таспадан естігенін тілінде пайдалану қажеттігі туады. Таспадан тыңдалған мәтін бойынша сұрақ қою ең тиімді жол, өйткені оқушы сұраққа дұрыс жауап беру үшін мәтінді ынтамен тыңдап, мәнін түсінуге тырысады.

Мысалы, оқушылардың аудиомәтіннің жалпы мазмұнын түсінгендіктерін тексеру үшін мынадай жұмыстар жүргіземін:

а) Мәтіннің мазмұнына байланысты сұрақ беремін, әр сұраққа екі жауап ұсынамын;

ә) Бірнеше сөйлем беремін, солардың біреуі ғана аудиомәтіннің мазмұнына сәйкес келеді.

Компьютерлік ойындар жаттықтыру, оқыту және дамыту сипаттарын ескере отырып жасалынса, олардың әрбір оқушының білім сапасын арттыруға тигізер пайдасы зор.

Қазақ тілі сабағында мынадай тапсырмаларды да орындатуға болады: компьютер экранына бір сөйлем жазылады. Ол сөйлем белгілі уақыттан соң өшеді. Экранда қандай сөйлем жазылғанын есте сақтап, қатесіз компьютерге енгізсе, онда ойлану уақыты екі есеге азайтылады. Егер дұрыс жауап берілмесе, ойлану уақыты ұзартылады. Мұндай тапсырмалар оқушылардың сөйлем мағынасын түсіну, есте сақтау дағдыларын қалыптастырады. Нәтижесінде, тапсырманы қандай дәрежеде орындағандығында байланысты ұпай санын көрсету оқушының өз білім дәрежесін сезінуге мүмкіндік береді.

Қорыта келгенде: «Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай жаңа білім беру өте – мөте қажет» деп, ел Президенті атап көрсеткендей, ақпараттық технологияларды мемлекеттік тілді оқытуда тиімді пайдалану – жаңа білім берудің бірден – бір шарты. Оқыту үрдісінде ақпараттық технологияны қолдану білім сапасын жақсартуға көмектеседі.

## **ӘДЕБИЕТ**

1. Жанпейісова М.М. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде. - Алматы, 2002.

2. Сұрауымбетова Р. «Білім беру деңгейін көтеруге ақпараттық – коммуникациялық технологиялардың рөлі»

3. Әлмұхамбетова Б.А., Ғалымжанова М.А. «Білім беру жүйесі қызметкерлерінің біліктілігін арттыруда ақпараттық коммуникациялық технологиялардың қолданылуы»

4. Педагогикалық альманах журналы №3,2009ж.

5. Қазақ тілі мен әдебиеті журналы №6,2004ж.

### **РЕЗЮМЕ**

В данной статье рассматриваются цели использования новых информационных технологии в изучении казахского языка.

### **SUMMARY**

This article about using new information technologies in teaching Kazakh language.

УДК 808

## THE FORMATION OF SLANG AND ITS USAGE IN THE SOCIETY

<sup>1</sup>*Атажанова Зейнеп Мырзақожақызы, филология  
ғылымдарының кандидаты, профессор;*

<sup>2</sup>*Мырзақожаева Зейнет Сұлтанбекқызы, магистрант  
<sup>1</sup>«Болашақ» университеті*

<sup>2</sup>*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік  
университеті*

People seem fascinated by slang, and it is widely beloved in all languages, especially in the abstract by people who cringe when it is actually spoken. Slang, in one word, just “is”. Slang is unruly, unrefined, irreverent, and illogical. It can be brutally frank and direct, or deceptively kind and euphemistic. Euphemism is the verbal trick that has been termed the deodorant of language, and slang has given us dozens of terms for drunkenness and insanity that are remarkably gentle.

Slang is nonstandard vocabulary composed of words or senses characterized primarily by connotations of extreme informality and usually by a currency not limited to a particular region. It is composed typically of coinages or arbitrarily changed words, clipped or shortened forms, extravagant, forced, or facetious figures of speech, or verbal novelties.

Slang consists of the words and expressions that have escaped from the **cant**, **jargon** and **argot** (and to a lesser extent from dialectal, nonstandard, and taboo speech) of specific subgroups of society so that they are known and used by an appreciable percentage of the general population, even though the words and expressions often retain some associations with the subgroups that originally used and popularized them. Thus, slang is a middle ground for words and expressions that have become too popular to be any longer considered as part of the more restricted categories, but that are not yet (and may never become) acceptable or popular enough to be considered informal or standard.

In some cases slang may provide a needed name for an object or action (*walkie-talkie*, a portable two-way radio; *tailgating*, driving too close behind another vehicle), or it may offer an emotional outlet (*buzz off!* for go away!) or a satirical or patronizing reference (*smokey*, state highway trooper). It may provide euphemisms (*john*, *head*, *can*, and in Britain, *loo*, all for toilet, itself originally a euphemism), and it may allow its user to create a shock effect by using a pungent slang expression in an unexpected context. Slang has provided myriad synonyms for parts of the body (*bean*,

head; *schnozzle*, nose), for money (*moola*, *bread*, *scratch*), for food (*grub*, *slop*, *garbage*), and for drunkenness (*soused*, *stewed*, *plastered*).

Slang is used for many purposes, but generally it expresses a certain emotional attitude; the same term may express diametrically opposed attitudes when used by different people. Many slang terms are primarily derogatory, though they may also be ambivalent when used in intimacy or affection. Some crystallize or bolster the self-image or promote identification with a class or in-group. Others flatter objects, institutions, or persons but may be used by different people for the opposite effect. "Jesus freak," originally used as ridicule, was adopted as a title by certain street evangelists. Slang sometimes insults or shocks when used directly; some terms euphemize a sensitive concept, though obvious or excessive euphemism may break the taboo more effectively than a less decorous term. Some slang words are essential because there are no words in the standard language expressing exactly the same meaning; e.g., "freak-out," "barn-storm," "rubberneck," and the noun "creep." At the other extreme, multitudes of words, vague in meaning, are used simply as fads.

There are many other uses to which slang is put, according to the individual and his place in society. Since most slang is used on the spoken level, by persons who probably are unaware that it is slang, the choice of terms naturally follows a multiplicity of unconscious thought patterns. When used by writers, slang is much more consciously and carefully chosen to achieve a specific effect. Writers, however, seldom invent slang.

One of the basic principles of selection of lexicon in primary school is the common use, i.e. the opportunity of the using in the colloquial speech, hence, in the younger classes is not selected special lexicon as the words for studying. The very small quantity of time is allocated for acquaintance and training of that lexicon, which is not of a situation, necessary for creation of a dialogue.

The studying of youths' lexicon, as one of variants of the English language, will help to do the child's vocabulary more rich, to make his speech more expressive, and also to fill up passive and active vocabulary, by means of formation the new words himself. Now, reading, for example, a book, it will not be necessary to him to look for a word in the dictionary, but to define its meaning, using the knowledge of this phenomenon of language.

#### BIBLIOGRAPHY

1. Adams, V. An introduction to Modern English Longman. 2013.
2. Berg, P. A dictionary of new words in English. London. 2012.
3. Bett, H. Wandering among words. Allemand. 2010.
4. Brown, I. Just another word. Cape. 2011

5. Chapman, Robert L. American Slang. HarperPerennial, 2005. Abridged edition of the New Dictionary of American Slang (Harper, 2006).

6. Flexner S.B. I hear America talking /An Illustrated treasure of American words and phrases/. New York, Van Nostrand, 2010.

7. Kruisinga, E. A handbook of present day English. Groningen. 2007.

8. Lighter, Jonathan E.; J. Ball; and J. O'Connor, eds. Random House Historical.

### **РЕЗЮМЕ**

В данной статье анализируется формирование сленг и его употребление в обществе.

### **ТҮЙІНДЕМЕ**

Бұл мақалада сленгтің құрылуы және қоғамда қолданылысы сарапталады.

## ӘОЖ 811.1

### БАТА МЕН ТІЛЕК ҚОЛДАНЫСЫНДАҒЫ АЙЫРМАШЫЛЫҚТАР

*Ахметова Дана Жагинаровна,  
магистрант, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң  
университеті, Семей қаласы*

Алғыс және қарғыс мәнді тілек-бата сөздері адамның көңіл күйін, көзқарасын білдіретіндіктен оның прагматикалық бағыты да әртүрлі. Яғни оның бірі жағымды көзқарастан, екіншісі жағымсыз көзқарастан пайда болады. Өйткені бұлар адам баласының өздері өмір сүрген ортада бір-біріне жасаған дұшпандық-достық, жақсылық-жамандық сияқты түрлі қарым-қатынасының коммуникативтік әрекетінен келіп шығады. Ондай сезім не асқан қуаныш пен ризалықтан, не ерекше реніш пен наразылықтан туады. Мәселен, бір адамның біреуге істеген қызметі адал болып, оған ризалық білдіргенде *«жақсылығың алдыңнан келсін», «бейнетсіз өмір сүр», «шыққан тауың биік болсын»* деген сияқты алғыс сөздер айтса, наразы болғанда *«дегеніңе жетпегірі», «тілеуіңді бермегірі», «зауалың болғыр»* деп қарғыс жаудырады.

Ал бата сөздер нақты оқиға кезінде жеке тілектер емес, тілектердің бірігуі арқылы бүтіндей мәтін ретінде айтылады. Тілек кейде бір ғана сөз тіркесінен немесе бір тармақтан құралса, бірнеше тіркестен жасалған тілектің бірігуі бата мәтініне айналады. Бата мен тілек сөздерінің әдетте мазмұны жағымды, жақсы ниетті көздеп айтудан туады. Сондай-ақ бата мен тілек сөздеріндегі сөйлеудің теңдігі императив тұлғаларға немесе қалау рай тұлғасына қарай анықталады. Мысалы, *«еңбегің жемісті болсын», «өркенің өссін», «көп жаса», «жасың ұзақ болсын»* т.б. Кейде бірінің орнына бірі қолданып, мағыналас сөздер ретінде жұмсала береді. Бірақ бата мен тілектің елеулі айырмашылықтары бар. Олар:

а) Бата кез келген жерде айтылмайды.

ә) бата тілекке қарағанда ұзақтау. *«Көп жаса, еліңнің елеулісі бол, келген қадамыңа гүл бітсін»* деген тілек сөздері жасы үлкен адамның жасы кішіге «рақмет» деген сөзімен қоса ризашылығын білдіру үшін айтылады.

б) тілек қысқа болып сөз тіркесінен, кейде сөйлемнен құралады. Тілек сөздері жалғыз жолдан немесе тіркестен тұрса, баталар сөздері өлеңмен айтылып, құрылымы ұйқасқа негізделген. Бұл сөйлеммен салыстырғанда қабылдауға жеңіл тиеді.



в) бір ғана сөйлеммен келетін тілек сөздері де кездеседі. «Қосағың құтты болсын», «босағасы берік болсын» деген жаңа үй болғандарға арналатын тілек сөзі бір ғана сөйлемнің аясында айтылғанмен мазмұндылық тұтастықты құрап тұр, әрі тілектің талабына толық жауап беріп, кез келген субъектінің сөйлеу тілінде байқалады. Сонымен қатар кейде «мұратыңа жет», «көсегең көгеріп, көрпең ұлғайсын» деген жайшылықта айтыла бермейтін тілектер «қол жайып, бет сипау» тәрізді белгілермен қосқабат орындалса, тілек батаға айналады деп білу қажет.

Бата сөздерінде тек айтушы мен тыңдаушы ғана емесе оның айтылу орны да ерекше рөл атқарады. Себебі мен орнына қарай бата түрлері: *шілдехана, бесікке салу, тұсаукесер баталары, той батасы, өлілерге бата, күйеу мен келінге бата, балаларға бата, беташар батасы, құда батасы, наурыз батасы, жарпазан батасы, соғым батасы, көктемгі жер жыртуға, қырман көтеруге, егіннің алғашқы нанынан дәм татуға арналған бата, көші-қон батасы, күнделікті дастарқан батасы* және т.б. деп бөлінеді. Олардың айтылу орнына қарай көздеген мақсаты да, прагматикасы да әртүрлі бағытта дамиды. Мысалы, дастарқан басында берілетін бата, екі жас отау құрғанда берілетін бата жолдарын айтуда белгіленген ситуация мен орны, уақыты бар. Тойға жиналған әр адам тілек айта алатын болғанмен бата беру құқығына ие бола алмайды. Бата беруші адамға қойылатын арнайы талаптар бар. Батаны айтушылар, яғни бата берушілер мен батаны алушылар кімдер? Бата беруде прагматикалық қатынасқа түсетін субъект иелері де аса маңызды болып танылады. Өйткені жастар бата беру қызметін атқармайды. Бата берушілер елдің, ауылдың, жиын-тойдың беделді, құрмет тұтар ақсақалы, ел ағасы болған батыр, ғұлама, біртуар азаматтары, би-шешендер, ақын-жыраулар, алқалы топта жиналған жасы мен жолы үлкен ақсақалды қариясы, ақжаулақты әжелер болса, батаны тыңдаушылар той, қуаныш иелері, шаңырақ иесі, дүниеден өткен адамның отбасы, бала-шағасы жастар т.б. Ал тілек сөздерінің айтылуында белгіленген ситуация мен орын ескерілмейді. Субъектінің эмоциясына байланысты түрлі тілек жолдары пайда болады. Бұл тілек сөздерінің қысқа, нақты әрі жеке адамның риза болу, ренжу сияқты психологиялық ахуалына тікелей байланысты екендігін білдірсе, бата беру жағдайы орын мен ситуация таңдайтындығын көрсетеді. Бұдан батаның адамға берер прагматикалық қуаты тілек сөздерге қарағанда күштірек екендігін байқауға болады. Бірақ барлық жағдайда бірдей деп айта алмаймыз. Ол көбінесе тілектерден гөрі қарғыстарда көбірек байқалады. Мысалы, қатты күйінгенде немесе наразы болғанда, яғни ашудың соңғы кезеңіне жеткенде айтылатын «*қыршыныңнан қиылғыр*», «*қурап қалғыр*» деген қарғыстар сөз мәнін түсінген мен

қарғыстардың адам жанын, әрине, түршіктірері сөзсіз. Бұдан сөз қуатын ерекше қастерлеген халықтың сол сөздің адамға берер әсерін де терең ұғынғандығын білеміз.

Тілек-баталар айтылуда, тыңдаушыға естілуде әуезділігімен де тыңдаушысын ұйытады. Бірден ұғынылатындығы, басы артық түсініксіз сөздердің, сөз тіркестерінің болмауы, ойдың дәлдігі сияқты жайттар да оның прагматикалық қуатын арттыра түседі. Сөйлеуде пікірдің дұрыс жеткізілмеуі ойдың жұтандығын білдірсе, дәлелді, анық айтылған сөз адресат пен адресант арасындағы қарым-қатынастың маңызды болатынын көрсетеді. Яғни басқа сөйлеу түрлері сияқты тілек-бата сөздерінде де «сөз жатықтығы» ұтымды коммуникация орнатудың негізгі мәселесіне айналады.

«Сөз жатықтығы» деген ұғымды қазақ тіл білімі тарихында термин ретінде тұңғыш рет ғалым Н. Уәлиев қолданды. Ғалым «Тіл амалдарын дұрыс қолданып, әдеби тіл нормасын сақтап, одан жөнсіз ауытқымауды» сөз жатықтығы деп түсіндіреді. Сөйлеушінің сөзі әдеби тіл нормасына сай, дұрыс жұмсалуды және «тілге жеңіл, жүрекке жылы тиетіндей» оймен сезімді дәл жеткізе алатындай әсерлі болуы да қажет. Тілде толып жатқан амал-тәсілдер бар. Сонымен қатар «Сөз молдығы – оралымды тілге қойылар талаптың тартып тұратындығы белгілі. Актив сөзі аз болған сайын адам тілінде мақсатсыз қайталау да көп болады. Сөзді орынсыз қайталау тілдің коммуникациялық қызметін күрт төмендетеді. Ойды дәлме-дәл, мазмұнды жеткізуге кедергі болады. Аз сөзбен көп мағынаны беру принципі бұзылады. Өйткені айтылатын ойға әр сөздің қосар мағыналық, эстетикалық, эмоциялық т.б. информациясы болады. Ал бір рет айтылған сөздің сөйлем сайын мақсатсыз қайталана беруінен тексттің информациялық мазмұны кеңиді. Сөз дәлдігі – оны мазмұны жағынан сипаттайды. Сөз дәлдігі немесе дәлсіздігі туралы айтқанда сөз семантикасы белгілі бір ақиқат, шындық туралы ақпаратты қалай (толық, толық емес, жақсы, жаман, біркелкі алуан түрде жеткізіп тұратындығын түсінеміз. Бұл сананың мәнін түсіну үшін мәтін мағынасы (смысл текста) және сөз семантикасы ұғымдарын теориялық және практикалық бірліктің, яғни сөйлеу бірліктерінің жиынтық семантикасы ретінде қарастырған жөн» [1, 158 б.], – деген пікір білдіреді.

Бұл тұрғыдан алғанда тілек-баталарды нақты және жағымды қарым-қатынас орнатудың талаптарына жауап бере алатын сөйлеу үлгісі ретінде танылғандығы ақиқат. Өйткені діни сөздер араласқан батаның кейбір үлгілерінде балмаса, олардың жалпы мазмұны халықтың дүниетанымынан алынған сөз үлгілері. Сондай-ақ «орнын тауып ойнатылған» ұғымға түсінікті, қабылдауға жеңіл тыңдап қана қоймай, жаттап алуға да болатын сөз оралымдары. Мұнда сөз дәлдігі де, сөз молдығы да, сөз жатықтығы да бар. Мысалы, төменде

келтірілген бата тармақтарында сөз дұрыстығы, сөз нақтылығы, сөзді әдемі, көркем етіп жеткізу көрінісі басты орын алған.

*Айдай жарқыра,  
Жұлдыздай жалтыра  
Маңдайың ашық болсын,  
Дұшпаның қашық болсын.*

Бұл төрт жолдан ғана тұратын бата. Шашыраған ой да, дәлсіздік те жоқ. Ойды бүтіндей нақты жеткізген, көркем, адамға ерекше прагматикалық әсер беретін жолдар. Бұл қарғыс сөздер беретін мағынасымен прагматикалық күшті сипатқа ие болса, бата жолдары мен тілектері әсіре көркемдігімен, әдемілігімен әсер береді. Өрі А. Байтұрсынұлының «Айтушының ойын тыңдаушы ұғарлық дәрежеде түсінікті болып айтылған сөздер ғана сөйлем болады» [2, 141 б.] деген пікірі адресат пен адресанттың арасында суггестиялық байланыс орнау үшін прагматикалық жағдайы – сөйлемнің дұрыс құрылуы, ойдың дұрыс жеткізілуі, сөз тазалығы, сөз байлығы, нақтылығы қажет екендігін дәлелдей түседі. Бұл ойды сөйлем құрылымын адам санасының ойлау қабілетінің дамуымен байланысты қараған С. Аманжоловтың мына пікірі растай түседі: «...сөйлеу процесті, ал сөйлем процесті ғана емес, тиянақтылықты да, қарым-қатынастың басқа белгілерін де көрсететін категория екенін байқауымыз керек» [3, 15 б.].

«Тіл мен адам арасындағы қарым-қатынасты зерттейтін прагматика» прагматикалық факторға тікелей тәуелді. Прагматикалық фактор – бірден бір өзінің ұлттық мәдениетін таратушы. Прагматикалық фактордың өкілдері жеке тұлға ретінде қазіргі мәдениеттің барлық жиынтығын таратушы: тіл мәдениеті, ойлау мәдениеті, қарым-қатынас мәдениеті т.б.» [4, 40 б.]. Бұл пікірді бата сөздеріне қатысты айта аламыз. Өйткені бір батаны бүтіндей дискурс деп қарасақ, онда басы артық сөз немесе сөйлем жоқ. Қолданылған сөз тіркестері бірнеше жолдан құралып келіп бүтіндей нақты ойды білдіріп тұр. Сонымен қатар халықтың ойлау мәдениеті де айқын. Мысалы, ер жігітке қандай әйел керектігі жайлы берілген өсиет түріндегі батаны алайық:

*Мырза болса қатының,  
Қоңсы қонар қасыңа...  
Жаман болса қатының,  
Қоңсы кетер қасыңнан...  
Жаман қатын айырады  
Ер жігітті досынан.  
Менің берген патихам.  
Жаман қатын алмаңыз  
Өтінемін асылан! –*

деп ер жігіттің бір күнгі өміріне емес, болашағы алатын жарына тікелей байланыстылығын көрсетіп, болашағына жол сілтейді. Мұнда халықтың өмірден түйген философиялық көзқарасы, ойлау көрінісі бейнеленген. Беретін прагматикалық әсері – жар болатын адамның жаман қылықтары да бар екенін ескертіп, жақсы жағына қарай бейімдеу, өздері байқаған өмірлік тәжірибені арқау етіп оны болдырмауға әсер қалдыру. Кейбір баталарда адамның түрлі қасиеттерін анықтап, дәлелдей көрсетіп барып, бағыт береді. Бұл тыңдаушы мен айтушы арасындағы тығыз байланысты байқатады.

Бата мен тілек – біреудің екінші біреуге жасаған қайырымдылығы, көмегі, жақсылығы, жақсы ниеті үшін айтылатын алғыс. Бата құлаққа жағымды мақаммен, көтеріңкі, ашық дауыспен айтылады. Өлең ішкі ұйқасқа құрылады. Көлемі ықшам, көбіне бұйрық райлы етістіктің екінші, үшінші жақтарында айтылады. Оларды ежелде шешен-билер, ақын-жыраулар секілді ойға алғыр, тілге жүйрік адамдар шығарса да, қағазға кеш түсірілгендіктен олардың есімі ұмытылып, баталар халықтық мұраға айналған. Тек бірен-сарандарының ғана авторлары халық жадында сақталған. Мысалы: Төле бидің Қаз дауысты Қазыбекке берген батасы мынадай:

*Атасызға ата бол,  
Батасызға бата бол.  
Арып-ашқан қаріптің  
Жел жағына жота бол!  
Панасызға пана бол,  
Кек сақтамас бала бол,  
Дос сүйсініп, қас сыйлар,  
Асу бермес дана бол!*

Қазақ баталарының қатарын ақындар, жазушылар, әйгілі азаматтар шығарған бата-сөздер, бата өлеңдер, бата жырлар толықтыруда. Мысалы, Жамбылдың, Кененнің, Б. Момышұлының баталарын атауға болады. Ақын Е. Өтетілеуовтің «Ата тілегі» өлеңі әсерлі, ойлы тілекке құрылған.

*Айналайын, балашым,  
Аман болсын анашың.  
Аман болсын әкең де,  
Ағатай, тәтең де!  
Өзің тәтті балдай бол,  
Өсіп-өніп таудай бол  
Өмір жолын таңдай біл!  
Оқуда зерек бол,  
Ұйқыда сергек бол,  
Істе шебер бол,  
Сөзде шешен бол,*

*Ойда мәнді бол,  
Тойда сәнді бол,  
Досыңа көлдей бол,  
Дұшпанға шөлдей бол,  
Ұрыста батыр бол,  
Жұртыңа татыр бол!*

Бұл бата жолдары жас балаларға арналған. «Айналайын балашым» деген еркелету түріндегі қаратпа сөз арқылы балаға істеуге тиісті істерді санамалап айтып берген. Бата жолдарының тармақтары да баланың түсіну қабілетіне сай, жеңіл ұйқастарға құрылған. «Оқуда зерек бол» жолы заман ағымына байланысты, білім алуға байланысты тіленген. Бұрынғы қазақи баталарда мұндай жол кездеспейді. Қазіргі ұрпақтың негізгі мақсаты дұрыс білім алып, сауатты азамат болу болса, осы ұғымнан ниет бата жолдарына негіз болған. Яғни мұндағы прагматикалық жағдай тыңдаушының қабылдай алу қабілетіне сай, қолынан келетін, өз өмір жолында іске асыра алатын нәрселерге ұмтылтуды көздеген. «Балашым» деген қаратпа сөздің өзі еркелету, жылы тілектің басталуын, оң қарым-қатынастың үлгісін білдіреді.

Бата сөздері аяқталған шағын мәтін ретінде тыңдаушыға бағытталады. Сондықтан бүтіндей мәнге ие болған қазақ дүниетанымының ерекше сөйлеу актісі деп қарастыруға негіз болады.

Бата сөздері қолданыс түріне қарай ажыратылады. Адамның ішкі эмоциясымен байланысты айтылып, жиі қолданылатын, прагматикалық мәні жоғары түрлері бар. Мысалы, асқа берілетін бата түрі кез келген отбасында айтылады. Ол көп қолданысқа түскендіктен бүкіл жұрт білетін үлгісі де қалыптасқан.

*А, Құдайым, оңдасын...*

*Асқа адалдық, басқа амандық берсін.*

Мұнда сөйлеуші эмоциясының көрініс табуы аса маңызды емес. Ас ішіп болған соң, арадағы үлкен қарияның немесе жолы үлкен адамның бата беруі міндет саналған. Ал белгілі бір жағдайларға байланысты айтылатын немесе жеке адамдардан арнайы алынатын бата түрі тек сол субъектіге ғана арналып, оның алдындағы мақсатын айқындауға қатыстылық мәнін үстейді. Оның мазмұны өзге орталарда айтылмайды. Оның прагматикасы жалқы субъектіге бағытталағандықтан бата алушының басындағы жағдайларға, болашағына байланысты айтылады.

Тілімізде көп қолданысқа түсетін «жолыңыз болсын!», «сапарыңыз оң болсын!», «сәтті сапар!» деген тілектер бар. Осы мазмұндас тілектердің жалпы прагматикалық мақсаты – жолға шыққан жолаушыға оң сапар тілеп, көңіліне демеу болу, жолын жеңілдету. Өйткені жолға шыққан жолаушының жол қиындығын

ойлауы, алда не күтіп тұрғандығының белгісіздігі оның көңілін қобалжытары анық. Қазақтардың көшпелі өмірінде бүгінгі күнгідей дәл қай уақытта шығып, қай кезде жететіндігі белгісіз болған. «Бір күншілік жер» деген сияқты түрлі уақыт атауларымен өлшеніп отырған мезгілде қай жерге дейін бара алатындығы жүріске жарамды тұлпарларымен белгіленген. Әрі алыс ауылдардың арасын басып өтіп межеленген жерге жету аса оңайға соқпай, ит-құсқа да тап болып отырған. Осындай қиын жағдайлардың бәрінде қазақтар сапарға аттанарда алған батасын көңіліне медеу тұтып, ойлаған жерге қиналмай жететіндігіне ерекше сеніммен қараған. *«Жортқанда жолың болсын»* сияқты жол тілектеріне әрқашан да *«жолдасың Қыдыр болсын»* деген тіркестің бірге айтылуы да осыны меңзесе керек. *«Жалғыз жүрсе қолдаушысы Қыдыр болсын, кездескен қауіп-қатерден қыдыр қорғап қалсын»* деген ойлар жол тілектерін туғызған. Олар жасы үлкен қариялардың сөз саптауларында молынан ұшырасады. *«Абай ең алдымен кәрі әжесімен қоштасып: – Қош әже! – деп кеп, екі қолымен әжесінің кішкене кәрі қолын қысты. Әжесі Абайдың маңдайынан иіскеп тұрып: – Аруақ қолдасын! Жолың болсын! Абайжаным! – деді»* (М. Әуезов. Абай жолы).

Сөздің киелілігін, айтылған сөздің жүзеге асатындығы тілек-бата сөздеріне де қатысты болған. Мысалы, қазақ баталарында ұрпақ көбейту мағынасында айтылатын *«өркенің өссін»* деген бата жолдары бар. Бұл тілек күнделікті қарым-қатынаста актив қолданылатын тілектердің бірі. Зерттеуші Ә. Нұрмағамбетов өз еңбегінде *«Өркені өсу»* тіркесінің мағынасы алғашқы кездерде *«тұқымы өсу»* ұғымымен бірдей болған [5, 280 б.], – деп көрсетеді. *«Өркені өссін»*, *«өркен жайсын»* тіркестерінің мағынасы да *«тұқымы өсу»* мағынасымен үндесіп, жан-жақты өссін, дамысын, көркейсін дегенді тілек, бата, алғыс ретінде білдіріп тұр. Ал *«өскен өркен»* – өркені әбден жетілген, табысы мол, қанатын кең жайған ұрпақ болсын деген мағынаны көрсетеді.

## ӘДЕБИЕТ

1. Уәлиұлы Н. Фразеология және тілдік норма. – Алматы: Республикалық баспа кабинеті, 1998. – 158 б.
2. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992, – 141 б.
3. Аманжолов С. Қазақ әдеби тілі. – Алматы, 1985, – 15 б.
4. Ключев Е.В. Речевая коммуникация. – М.: Мысль, 1998. – 40 с.
5. Нұрмағанбетов Ә. Бес жүз бес сөз. – Алматы, 1994. – 280 б.

**РЕЗЮМЕ**

В данной статье рассматривается прагматическое направление слов благодарственного значения.

**SUMMARY**

This article is considered to the pragmatic direction of words with the meaning of gratitude.

## ӘОЖ 811.1

### КӨРКЕМ ПРОЗАДАҒЫ ПОЭТОНИМДЕР

*Базарғажы Зауре,  
магистрант, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң  
университеті, Семей қаласы*

Ономапэтика – көркем әдеби туындылардағы жалқы есім атаулыны, олардың құрылым принципін, мәнерін (стиль), мәтіндегі қолданысын зерттейтін, оқырманның қабылдауы мен қаламгердің эстетикалық көзқарасын білдіретін, мақсатын айқындайтын ономастиканың бір тармағы. Н.В.Подольскаяның анықтамасы бойынша, поэтикалық ономастика – көркем шығармадағы атауыштық қана емес, кейіпкер аттары арқылы шығарманың стилистикалық, идеологиялық, экспресивтік жүгі, әлеуметтік мәнін, антропонимдердің қалыптасу, қолдану ерекшеліктерін зерттейтін антропонимиканың бір саласы.

Ресей ономастикасы мен ТМД елдері бойынша көркем әдебиет пен фольклордағы онимдік қолданыстардың сан алуан қырына арналған көптеген зерттеулерді (С.В.Веселовский, В.А.Никонов, В.И.Болотов, Э.Б.Магазаник, Ройзензон, Ю.А.Карпенко, Т.Н.Кондратьева, В.Н.Михайлков, Е.М.Мелетинский, Н.М.Ведерникова, В.А.Аникин, А.В.Суперанская, В.Е.Сталтмане, Т.В.Топорова, О.И.Фонякова, В.И.Супрун, Ю.Федосюк, Л.М.Щетинин, А.Г.Гафуров, Г.Ф.Саттаров, И.И.Алиев, Ф.Г.Гарифова, К.Конкобаев т.б ) т.б. атауға болады.

Қазақ лингвистикасының көшбасшылары А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов, І.Кеңесбаев, А.Ысқақов сынды біртуар ғалымдарымыз адам есімдеріне мәселенің байланысты біраз басын ашып беріп кетті. Бүкіл ғұмыры мен ғылыми еңбектерін антропонимикаға арнаған профессор Т.Жанұзақовты «Қазақтың тұңғыш антропонимист ғалымы» деп мақтаныш тұтуға әбден лайық.

Сондай-ақ жекелеген шығармалардағы кейіпкерлер аттарының табиғатын, сөз төркінін ашуға көңіл бөлген ғалымдарымыздың (Әміров Р, Нұрмаханова Х, Есбаева уі Қ, Мұсабаева Ф, Мұхатаева А.) зерделі де зиялы қаламгерлеріміздің (Әлімбекова О, Әлімжанов Б, Балақаев М, Кендібаев Ф.) газет-журнал беттеріне жарияланған мақалалары мен кейбір этюдтері болмаса, сатира мен юмор жанрындағы кейіпкер аттары туралы қорғалған еңбек жоқтың қасы. Өйткені Жалқы есімдерді ең құнды дереккөз ретінде зерттеу, ерекше көңіл бөлуді қажет етеді.

Бүгінгі қазақ антропонимиясының өзіндік қол жеткен



табыстары бар, дербес пән ретінде қалыптасқан ғылым саласы деуімізге толық негіз бар, 40-тан астам докторлық және кандидаттық диссертациялар қорғалған. Соңғы кездері қазақ ономастикасы бойынша қорғалған диссертациялық еңбектерді (Е.А.Керімбаевтың, Д.М.Керімбаевтың, К.З.Жаппар, Г.Т.Аубакирова, Б.Көшімова), Г.Б.Мәдиева, С.Қ.Иманбердиеваның «Ономастика: зерттеу мәселелері» еңбегін қазақ поэтономастикасына қосылған сүбелі еңбек деп бағалауға болады.

Кейбір фольклорлық жалқы есімдер жоғары образдылығымен, жоғары дәрежеде типтене отырып, жалпыұлттық символдарға айналады. Мұндай фольклорлық есімдер жалпыұлтқа танымал болады, ұлттық мәдениеттің негізгі тұжырымын білдіреді. Мысалы: *Қобыланды батыр*, *Қыз Жібек* т.б. ертегілер мен аңыз-әңгімелер кейіпкерлер аттары.

Қазақ ертегілеріндегі антропонимика құрамын шығыс фольклоры мен мәдениетінің ықпал еткендігін байқауға болады. Сондықтан мұнда *Ескендір*, *Рүстем*, *Фархад*, *Шырын*, *Сүлеймен*, *Дәуіт* т.б. шығыстық реңктегі есімдер қолданыс табады. Қазақ қиссалары мен дастандарында араб-парсы тектес антропонимдер көптеп кездеседі.

Қазақтың кең байтақ даласы, оның әр тасы мен бұлағына белгілеп ат қоюы - ата-бабамыздан келе жатқан ұлттық дәстүрінің бірі. Осы жер, су, тау, өзен, қала аттарын зерттейтін ғылым топонимика. Топонимдердің құрамында жеке есімдер мен фамилиялар өте көп кездеседі. Мысалы: *Аякөз*, *Жамбыл*, *Нияз*, *Абай* т.б. Көптеген кісі аттары мен фамилиялардың гидронимиялық (көл, өзен, су, құдық) аттаулардан жасалған мысалы: орыс тілінде *Донской*, *Невский*, *Азерин*, *Прудников*, *Волгин* т.б. қазақ тілінде; *Еділ*, *Есіл*, *Ертіс*, *Көлбай*, *Ілебай*, *Кегенбай*, *Орал* т.б.

Ұнамсыз есім жағымсыз кейіпкерді ғана танытады екен деп түсініп қалмау керек. Өйткені бұлардың арасында да аракідік кері қолданыс, яғни жағымды кейіпкерге әртүрлі себептермен байланысты қойылған мағынасы ұнамсыз есімдер ұшырасуы да мүмкін. Мырқымбай, Дайрабай, Боқбасар, Бойбермес есімдерін алайық. Бұлар мағынасы жағынан ұнамдылықты білдіріп тұрған жоқ, бірақ Б.Майлин мен М.Әуезов өз шығармаларында бұл аттар жағымды кейіпкерлерге берілген. Өмірде де осындай кері қолданыс кездеседі. Баласы тұрмаған ата-ана көз тимесін деп ең жаман деген аттар қойған.

Жалпы лингвистикада кейіпкер аттарының көркем шығармада атқаратын қандай рөлі бар, мән-мағынасы бар ма деген мәселе төңірегінде біраз даулы мәселелер, пікірталастар бар.

Ғалым А.М.Эмирова жалқы есімдерді «бұл бір жағынан, тілдік категорияға жататын жүйенің ерекшелігін көрсететін белгі, екінші

жағынан, халықтың тұрмысын, нанымын, дінін, тарихын білдіретін спецификалық лингвомәдени белгі» [1, 300],—деп қарастырады

Сатира мен юмор жанрындағы кейіпкер аттарының тілдік табиғаты ерекше. Т.Қожакеев сатиралық-юморлық кейіпкер аттары туралы «Сықақталатын «сабаздың» атын, фамилиясын ойната, құбылта атау сатиралық туындыға ерекше әсер береді, оқушының айызын қандырады. Өйткені, ол сатириктің кімді айтып, кімді нысанаға алып отырғанын біле қояды» [2, 197],— дейді. Сықақшы шығарманың тақырыбы мен идеясына, көркемдік шеберлігіне ғана емес, сол шығарманың өне бойында, бас-аяғында өмір сүретін кейіпкердің сыртқы бітімі мен ішкі дүниесінің үндесе аталуына үлкен мән береді.

Әр халықтың сатирасы мен юморының табиғаты әртүрлі. Ауыз әдебиетінен бастау алған қазақ сатирасының пайда болған кезінен бастап, бүгінгі күнге дейін небір даму сатыларынан өтті, тереңге жіберді.

Қазақ ономастикасының дамуы, жан-жақты зерттелінуі құнды әрі бай материалдарды мұқият жинауға байланысты екендігін академик Ә.Т.Қайдар мен профессор Т.Ж.Жанұзақов: «Ең бірінші талаптардың бірі – барлық бірліктерді жинау және қағаз бетіне түсіру»,— деп атап көрсетеді [3,198].

Сондықтан ауыз әдебиетіндегі атының аталуы ерекше (*Алдар көсе, Бізбике, Шығайбай, Тазша бала, Жезтырнақ, Желаяқ, Қаңбақ шал, Жиренше* т.б) персонаждар - белгілі стильдік максатта жұмсалған аттар.

Кейіпкер – көркем шығармада суреттелетін адам, әдеби образ. Әдебиетте адамның бейнесін өзі өмір сүрген дәуірдің өзгешеліктерін танытатын типтік сипаттарымен бірге кейіпкердің тұлғасын, мінезін, іс-әрекетін, суреттеу үшін қаламгер түрлі суреттеу тәсілдерін қолданады. Солардың бірі – кейіпкерге ат беру. Әдеби кейіпкерге ат беруді ұлы еңбек, өнер деп қарау керек, өйткені көркем шығармада кездейсоқ аттардың болуы мүмкін емес.

Шығармалардағы жалқы есімдерді зерттеушілердің еңбектерінде әдеби мәтіндерде қолданыс тапқан онимдік лексиканың түрлері ғана емес, әдеби онимдердің қалыптасуы мен олардың автор туындыларының стиліне әсері, сондай-ақ жалқы есімдердің функционалдық сипаты сынды мәселелелер бой көрсетеді. Бұл тұрғыдан келгенде поэтикалық ономастика әдебиеттанумен тығыз байланысты. Көркем шығармалардағы жалқы есімдерді жүйелі түрде зерттеу автордың ойы мен шығарма жанрының ерекшелігін танып, сипатын ашуға мүмкіндік береді. Көркем туындылардағы поэтонимдердің жоғары мәнін тілшілер де, әдебиетшілер де жоққа шығармайды. Әдеби онимдерді талдау жұмысы әдебиет пен тіл

ғылымының табиғатын тереңдей тану мақсатында ғана емес, тарихи, мәдени, этнографиялық мазмұндағы мәліметтердің толығымен де ұштасады. Поэтонимдер ерекше лексикалық категория ретінде белгілі бір автордың стильдік ерекшелігін тануға жол ашатындықтан лингвостилистика мәселелерімен тығыз байланысқан.

### ӘДЕБИЕТ

1. Эмирова А.М. Крымскотатарская ономастика как объект этнолингвистики // Мир языка. – Алматы, 1999. – 293 с.
2. Қожакеев Т. Сатира негіздері. Оқулық.– Алматы, «Санат» баспасы, 1996. – 464 бет.
3. Кайдаров А.Т., Джанузаков Т.О. Состояние и перспективы развития казахской ономастики // Вестник АН Каз ССР. – Алма-Ата, 1983. –№ 1

### РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается проблемы систематического исследования собственных имен в художественных произведениях.

### SUMMARY

The article deals with the problem of a systematic study of proper names in literary works.

УДК 81.139

## ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ВИДЕОМАТЕРИАЛОВ НА УРОКАХ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА

*Есалиева Ляззат Беделхановна,  
преподаватель английского языка, колледжа «Болашақ»*

Хочу начать статью из слов великого китайского мыслителя и философа Конфуция *«Задача учителя — открывать новую перспективу размышлениям ученика.»* Так как английский язык является одним из ведущих языков в сфере международной деловой коммуникации XXI в. Владение английским языком считается одним из важнейших условий интеграции в мировое сообщество, обязательным элементом позитивных социальных изменений, экономического благополучия и новых технологий. И поэтому главной задачей современных педагогов является заинтересовать учащихся и показать важность овладения иностранным языком используя различные технологии.

Ежедневно в своей работе мы активно используем информационно-компьютерные технологии. К основным дидактическим преимуществам которых следует отнести: интерактивные методы, связанные с применением компьютера; автоматизация восприятия; вариативность обучения; самостоятельность и подконтрольность при овладении учебным материалом.

Среди проблем, теоретически и экспериментально решаемых методикой иностранных языков, коммуникативная компетенция и способы ее достижения является одной из наиболее актуальных. Овладеть коммуникативной компетенцией на иностранном языке, не находясь в стране изучаемого языка, дело весьма трудное. Поэтому важной задачей преподавателя является создание реальных и воображаемых ситуаций общения на уроке иностранного языка, используя для этого различные методы и приемы работы (ролевые игры, дискуссии, творческие проекты и др.). При решении данной проблемы огромную роль играют технические средства обучения, которые позволяют дать учащимся более полную и точную информацию по изучаемой теме, повышают наглядность обучения и вызывают стремление к дальнейшему совершенствованию языковой культуры [1].

Целью работы: показать возможность использования аудиовизуальных средств на уроках английского языка,

направленных на формирование коммуникативной компетенции учащихся и развитие всех видов речевой деятельности.

Поставленная цель достигается через следующие задачи:

- Проанализировать методическую литературу по проблеме;
- Выявить особенности работы с видеоматериалами на уроках английского языка;
- Обозначить критерии отбора материалов для видео-урока;
- Рассмотреть возможные пути проведения урока с использованием видео материалов.
- Разработать примерные задания к уроку с использованием видеозаписей.

**Гипотеза:** если систематически применять аутентичные видеоматериалы на учебных занятиях, то это повысит мотивацию учащихся к изучению английского языка. Отсюда очевидна важность и актуальность изучения использования видеоматериалов. Основным средством обучения иностранному языку является языковая среда, а все остальные средства являются вспомогательными, их назначение - создание более или менее ярко выраженной иллюзии приобщения учащихся к естественной среде. Проведение урока целиком на иностранном языке создает прототип иноязычной среды, приближает учебный процесс к условиям подлинной коммуникации на данном языке [2].

Практический опыт показывает, что использование видеоматериалов является эффективным средством развития речемыслительной деятельности учащихся, позволяя решать одновременно несколько задач, что соответствует принципу комплексного подхода в обучении. Учащиеся получают наглядное представление о жизни, традициях, языковых реалиях англоязычных стран. Использование видеозаписей способствует индивидуализации обучения и развитию мотивированности речевой деятельности обучающихся. За счёт смены впечатления и эмоционального воздействия видеопленки формируется личностное отношение учащихся к увиденному.

Существует ряд ситуаций на уроках, когда видео может быть особенно полезным: если мы хотим представить законченный языковой контекст; показать коммуникативную сторону языка через изучение мимики и жестов; практиковать навыки аудирования в естественном контексте; представить ситуации для обыгрывания в классе (например, ролевая игра); практиковать навыки описания и пересказа; обогатить словарный запас; стимулировать общение или дискуссию .

При проведении видео-уроков необходимо также соблюдать основные подходы и принципы их проведения, в частности, критерии отбора материалов для видео-урока

1. Требование к съемке;
2. Требование к сюжету;
3. Требования к речи персонажей;
4. Требование к языку;
5. Требования к длительности сюжетов;
6. Требования к содержанию.

Существует множество путей проведения уроков с использованием видео. Выбор этих путей зависит от таких факторов, как цель, тип текста, уровень владения языком учащимися, и т.п. Мы хотели бы предложить один из путей проведения урока с использованием видео материалов.

1. Этап перед просмотром видео. Главная цель этого этапа вызвать интерес у учащихся и ввести в ситуацию.

Перед тем, как приступить к просмотру, создайте условия для того, чтобы учащиеся подумали и обсудили то, что им предстоит посмотреть. Потому, что цель этого этапа не аккуратность говорения, а создание интереса, который способствует повышению мотивации к видео просмотру.

2. Обучение ключевым словам или фразам до просмотра видео.

До видео просмотра следует обучить учащихся тем ключевым словам и фразам, без которых понимание текста будет затруднено. Так или иначе, учитель должен определить те трудности, которые могут возникнуть у учащихся при просмотре и разработать стратегию, как иметь с ними дело. В тексте должно быть максимум пять незнакомых слов. Имена собственные следует написать на доске и показать учащимся, как они произносятся.

3. Просмотр видео сюжета в первый раз. Целью этого этапа является общее понимание увиденного. Перед просмотром задайте ученикам 2-3 вопроса, или поставьте учебную задачу.

Вы можете сказать учащимся, что при этом просмотре понимание деталей текста не имеет значение.

4. Просмотр видео сюжета во второй раз. Целью этого этапа является детальное понимание текста. Задайте учащимся вопросы, направленные на то, чтобы ученики делали выводы и умозаключения. Видео просматривается с паузами – особенно это необходимо в том случае, если учащимся предложено делать заметки во время просмотра. Проведите мониторинг и оцените как учащиеся выполняют задания. Ученики работают в малых группах, обсуждая увиденное, прежде чем каждая группа предложит свою версию всей группе [3].

Так же хотелось бы привести примеры заданий, которые можно использовать как во время просмотра видео сюжетов, так и на этапе рефлексии. Они позволят мотивировать учащихся к работе, создадут переход из состояния пассивного слушателя в активного участника беседы на иностранном языке.

**Prediction.** Видео проигрывается со звуком и изображением, но время от времени картинка останавливается, и во время паузы учащиеся пытаются предугадать, что главные герои скажут или сделают в следующем кадре.

**Real thoughts.** Это упражнение основано на идее, что люди не всегда говорят то, что думают. Остановите пленку на ключевых моментах и попросите учащихся предположить, каковы настоящие мысли говорящего.

**Role-play.** Дайте каждому ученику персонаж для изучения. Скажите, чтобы во время просмотра они внимательно посмотрели, как сыграна эта роль. Затем попросите учащихся сыграть по памяти свои роли. Им необязательно воспроизводить текст дословно, нужно только играть соответственно персонажу. Затем звук выключается, и студенты озвучивают своих персонажей во время просмотра.

**Description of the main character.** Работая в группах, учащиеся пишут слова, которые они ассоциируют с каждым из героев сюжета и объясняют, почему, по их мнению, именно эти слова подходят персонажу.

**Predict the speech.** Учащиеся просматривают короткий сюжет без звука (это может быть сцена в ресторане, в магазине, встреча друзей, приход в гости или любой другой материал в зависимости от уровня учащихся) и угадывают, что говорят персонажи. Затем составляют диалог и проигрывают его как озвучивание видео. Затем просматривают сюжет со звуком и сравнивают речь персонажей со своим вариантом. Учитель дает необходимые комментарии.

**Predict the scene.** Учащиеся прослушивают звуковое сопровождение видео-сюжета без изображения. Учитель обращает их внимание на интонации персонажей и звуковые эффекты. Учащиеся отвечают на вопросы типа: "Where does the scene take place? How many characters will you see? What are they doing? How are they dressed?" etc.

**Body**

**Language.**

Учащиеся просят пронаблюдать за жестами и мимикой какого-нибудь персонажа. Они просматривают видео без звука. Далее учащиеся копируют мимику и жесты персонажа и стараются дать их интерпретацию. Затем можно просмотреть видео со звуком и дать учащимся самим проверить свои догадки. После этого учитель делает комментарий и дает необходимые пояснения.

Comparison with our native country. Учащиеся просматривают видео-сюжет, после чего проводится обсуждение, каким мог бы быть этот фильм, если бы действие происходило в нашей стране.

What happens next? При просмотре со звуком учитель останавливает пленку в некоторых местах, и учащиеся должны предсказать, что ответит персонаж, или что произойдет далее. Эффективны при работе с видео упражнения на информационный поиск.

"Special questions". Учащимся предлагается просмотреть видео-сюжет и записать основные данные в 6 колонок под заглавиями Who? What? Where? When? Why? How? Особенно рекомендуется проводить это упражнение при работе с документальными фильмами и программами новостей.

Matching. Перед просмотром документального фильма или новостей учитель составляет список фактов, имен и названий. Учащиеся могут работать в парах и группах. Их задача - просмотреть видео-сюжет и записать максимум информации. После того, как они запишут всю информацию, которую они запомнили (включая имена и названия), им выдается список, составленный учителем. Они сопоставляют данные. Каждое совпадение может оцениваться, например в 10 очков, а данные, которых нет в списке учителя - 20 очков, если они верны. После подсчета очков определяется, какая пара или группа победила [1].

What do you want to know about? Перед просмотром тематического видео-сюжета или документального фильма учащиеся составляют список возможных вопросов по теме фильма. Затем они просматривают видео и находят ответы на те вопросы, на какие возможно.

Следует отметить, что применение на уроке видеофильма – это не только использование ещё одного источника информации. Создаются условия для развития различных сторон психической деятельности учащихся, и прежде всего, внимания и памяти. Во время просмотра в группе возникает атмосфера совместной познавательной деятельности.

Для того чтобы понять содержание фильма, учащимся необходимо приложить определённые усилия. Так непроизвольное внимание переходит в произвольное. А интенсивность внимания оказывает влияние на процесс запоминания.

Таким образом, психологические особенности воздействия видеофильмов на учащихся способствуют интенсификации учебного процесса и создают благоприятные условия для формирования коммуникативной компетенции учащихся. Успешное достижение



этой задачи возможно лишь при систематическом показе видеофильмов и методически организованной демонстрации.

### ЛИТЕРАТУРА

1. Соловова, Е. Н. Методика обучения иностранным языкам. Продвинутый курс: пособие для студентов пед.вузов и учителей / Е. Н. Соловова.– 2-е изд. – М. : Астрель, 2010.– 272 с.

2. Мятова М. И. Использование видеофильмов при обучении иностранному языку в средней общеобразовательной школе // Иностранные языки в школе. 2006. № 4. С. 31-32.

3. Castells M. The Internet Galaxy: Reflections on the Internet, Business, and Society. — Oxford: Oxford University Press. — 2001. — 356 p.

### РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматриваются об Использовании видеоматериалов для формирования коммуникативной компетенции учащихся на уроках английского языка.

### SUMMARY

This article discusses the use of video materials to form the communicative competence of students in English lessons.

## ӘОЖ 811.1

### М.ӘЛІМБАЕВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ «АТАМЕКЕН» КОНЦЕПТІСІ

*Жумагулова Бибинур Бекеновна,  
магистрант, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң  
университеті, Семей қаласы  
Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к. Әбікенова Г.Т.*

«Атамекен» концептісі М.Әлімбаевтың туған жерінің табиғатын жырлаған, сол арқылы туған жерге деген сүйіспеншілігін білдіретін өлеңдерінде көрініс табады. Әсем жерлердің бірі – Баянауыл болса, Баянауылға қатысты өлеңдерін де ақын «Баянауыл – баба мекенім» деген атпен топтастырыпты. Мысалы, «Жасыбай көл» өлеңінде:

Атағы алтын тақтың тасында төр,  
Мөп-мөлдір көз жасындай Жасыбай көл.  
Бір сүңгіп шықсаң шалқар айдынына  
Көңілің тау бұлақтай... тасымай көр. [1,144]

Бір-ақ шумақтың өн бойынан көп ойды аңғаруға болады. Алғашқы тармақтан-ақ қазақтың қасиетті, киелі жері екендігін айтып тұрғанын байқаймыз. Автор оны «алтын тақтың тасына» теңейді. Ал Жасыбай көлінің мөлдірлігін көз жасына балайды. Оның айдынының кендігі, табиғатқа сүйсінуі, көңілінің көтеріңкі екендігі т.б. барлығынан туған жерге деген сезім аңғарылады.

Ақын М.Әлімбаевтың «Дүниеде не ғаріп?» деген өлеңінде:  
Дүниеде не ғаріп?  
Жұт жайлаған жер – ғаріп,  
Жат жайлаған ел – ғаріп,  
Дерт жайлаған ер – ғаріп,  
Ақ шел басқан көз – ғаріп,  
Дарымаған сөз – ғаріп. [1,189]

Автор ғаріп, яғни жетімді нақты атап, Бұхар жырауша толғанады. Оның ойынша, көзді шел басса, айтылған сөз иесін таппаса, елді бөтен билесе, жерді жұт жайласа – жетімдік сол.

Көркем жердің бірі – Көкшетау болса, ақын оның керемет табиғатын өлеңге қосады. Мысалы: «Биші қайыңдар» өлеңінде келісті сурет оқырман назарын аудартады:

Жел сілкіп, дауыл түтіп жапырғанда,  
Ақтарып, Айнакөлдi сапырғанда.  
Бүк түсіп, бүктетіліп, ширатылып,  
Шаншылып көк толқындар атылғанда [1,142].

Айнакөлдің келісті бір ғана көрінісі көз алдыға елестейді. Желдің өзі тірі адамша көлді сілкіп, ақтарып, қымыз сияқты сапыруы да ерекше көрініс. Ұлттық өрнекке құрылған «сапырып» сөзі қымыз сапырғандай тамаша сурет танытады. Осыған сәйкес көк толқындардың арыстан тәрізді «шаншылып» атылуында да қимыл әсемдігі, соған қоса «бүк түсіп», «бүктетіліп», «ширатылып» атылу да бірі екіншісін дамыта түсетін суреттер.

Оның Көкше табиғатына арнаған бір топ өлеңдерінің әрқайсысы – бір-бір өрнек. Мысалы:

Бір тіні қарағайдан, бірі – қайың,  
Келтірген осыншама кім ыңғайын?  
Дуалға жайып қойған алашадай  
Орманнан көзімді алмай жымыңдаймын. [1,132]

Ақын әдемі деген сөзді айтпайды, оны таңдану, лирикалық «кейіпкердің» сезімі арқылы танытады. Ұлттық өрнекке құрылған «Дуалға жайып қойған алашадай» тармағы арқылы оқырман алашаның қандай түрлі-түсті екенін елестете отырып, орманның да сондай көрінісін елестетеді. Бұл – ақын шеберлігі. Табиғат әсемдігі арқылы туған жерге деген сезім өріледі.

Ақын М.Әлімбаевтың оқырманын үйіріп тыңдататын, сезімге бой алдырмай оқуға болмайтын бір өлеңі – «Мен туған үй». Ақын туған елінен алысқа, басқа қалаға кетсе де, балғын балалық шағында асыр сап ойнаған туған үйіне деген ыстық сезімі суымағандығын танытатын, сағынышының сар даладай кең екендігін танытатын өлең. Бір қарағанда қарапайым құрылыстағы туынды болып көрінгенімен, оқырман сезімін дір еткізері анық:

Соның қабырғасында  
Сіңген үнім жасымжа.  
Ақ сүт иісін, нан иісін  
Әлі жазбай танисың.  
Таршылықта бақытты ем,  
Тек ойынға уақыт кем [1,188].

Шағын ғана үзіндіден сағыныш лебі есіп тұр. Лирикалық кейіпкер өткенін ыстық сезіммен еске алады. Оның қабылдауынша сол үй қабырғасына жасында үні сіңген, ондағы ақ сүт пен нан иісі әлі де шығып тұрғандай көрінеді. Шағын да қарапайым болғанмен, сезімнен шығып, сезімге жетерлік, оқырманын дір еткізерлік өлең.

Ақын М. Әлімбаевтың ақындық, жазушылық шеберлігінен туындаған шығармаларынан басқа жылдар бойы өз тәжірибесінде өмір туралы ой-елегінен өткізіп, түйіндеген төл мәтелдері оқырман санасына із қалдырары сөзсіз. Өзі ғана шығармай, халық жадындағы мақал-мәтелдерді де жылдар бойы жинаған ақын мақал-мәтел туралы: «Мақал-мәтел – халықтың моральдық кодексі, тәрбие қағидасы,

атаның артындағы ізбасарына қалдырған өнегелі өсиеті. «Адамға өткен дәуір бәрі – сабақ». Заманалар тәжірибесінен сұрыпталған тұжырымдар кейінгі ұрпаққа кітап сөзіндей аса қымбат болғаны да, болатыны да содан. Өнегелі дәстүрде тәрбиелеудің орны бөлек» [2,10]-дегенді айтады. Автордың мәтелдерін оқи отырсаңыз, көптеген көркем де кестелі ой түйге болады. Мәселен:

Ақсақалдың жасына жетіп ақиқатты айтпасаң,

Абыройлымын деме [2,122]

Қимастай өткені жоқтың,

Ертеңгі көктемі де жоқ. [2, 123]

Шынымен өмір тәжірибесі жинақтаған шындық. Ақын ой маржанын сүзіп қанатты сөз тудырған. Оның тақырыптары да түрліше болып келеді. Мәселен, туған ел, Отан туралы қанатты сөздер халық мақал-мәтелдерімен үндес, ұқсас келеді. Автор:

Жат патшалықтың тағынан,

Туған жердің қағы артық, [2,125]-десе, халық «Өзге елде сұлтан болғанша, // Өз елінде ұлтан бол» демей ме?! Енді бірде:

Отансыз қалғанша,

Атаусыз қал, [2,126]-дейді.

Ал халық: «Отансыз адам – //Ормансыз бұлбұл»- деп қолданады. Қалай дегенде де айтайын деген ой ұқсас, жетімді.

Осы тәріздес тәрбие мәселесіне қатысты да қанатты сөздер мол. Ақын М.Әлімбаев тәрбиеге аса қатты көңіл бөлген. Ол қазақ халық педагогикасының адамгершіл тәрбиеге үндесер, ескірмес қағидаларын ата-аналардың тәлім-тәрбиеде кәдеге жаратуын қалаған. Мысалы:

Ізет көрсетсең, іркілме. [3,191]

Біліктілік бесіктен басталады. [3,192]

Надан – нақұрыстан жаман. [3,194]

Балаңды кешіргенің

Ақылын өсіргенің. [2,126]

Мінген атыңнан құласаң да

Елдік салтыңнан құлама. [2,128]

Үлкенге кешіріммен қарағаны–

Кішінің кісілікке жарағаны. [2,128]

Ойнап өспеген бала ойлап өспейді. [2,131]

Албырт болсаң да,

Алғырт болма. [2,131]

Теріп шашқанша,

Шашып, тер. [2,134]

Кішіні де, үлкенді де тәрбиелеуде халық мақал-мәтелінен бір елі ажырамайтын ақын төлтумаларының орны ерекше. Ізетті бол, надан болма, елдік салтыңды берік ұста, үлкенге кешірімді бол,

аңғырт болма деген сияқты т.б. тәлім-тәрбие береді. Сонымен қатар баланы тәрбиелеу ісінде үлкендердің өзін де тәрбиелейді. Халық мақалдарындағы тәлімді М.Әлімбаев та қайталайды. Ақын да бала тәрбиесіне бесік кезінен мән беруді құптайды. Сол сияқты баланы кешіре білу де оның тәрбиесінде үлкен рөл атқаратындығын орынды ескертеді. Ал керісінше, кішінің үлкенді кешіргенін кісілікке жарағаны деп бағалайды. Ақын ойынның да бала тәрбиесінде ерекше орын алатындығына үлкен мән береді.

Сондай-ақ танымал ақын иесі қазақ баласын «Отансыз қалғанша атаусыз қал», «Отауын тар болса да, Отанын кең болсын», «Он бес ұл өз еліне сыя алмаған тентіреп өзге елдерде мияулаған» деген нақылдармен Отанын, елін, жерін адал сүйеге, «Дін бұзумен бірдей де тіл бұзуды». «Ойы мұнардың тілі шұбар» деген мәтелдермен ана тілінің құдіретін тани білуге, «Сүймеген жүрек семеді» деп ұлы сезім махаббатқа, «Басында қасын болмаса да, қасында досын болсын», «Ақылды достық бар, ақылы достық жоқ» деген мақалдармен шынайы достыққа шақырады» [3, 331], [4, 136].

Халық мақалдарының ізімен ақын ағамыз «Жай балта ай балта болсамшы деп армандайды», «Үй иесімен, әулие киесімен...», «Тырнай берсең тері де тесіледі», «Аузы күйген – ақылды» деп мақалдаса,

Екі жаман дос болмас

Дос болғанмен қош болмас, - деп жырлаған жыраулар поэзиясының үлгісімен

Екі ақылды таласар,

Таласар да табысар.

Екі ақымақ таласар,

Таласарда шабысар, - деп жырлайды [4, 137], [3, 330]

Тәлімдік мәні ерекше әртүрлі тақырыпты қозғаған Мұзафар Әлімбаевтың нақыл сөздері жайында кезінде халқымыздың сүйікті ұлдарының бірі, қоғам қайраткері, белгілі тұлға Дінмұхамед Қонаев «Сөз маржанын ой түбінен тере білген ақын» деп баға берген екен [1, 71].

Қорыта келгенде, бүгінгі таңда заманымыздың басты талаптарының біріне айналып отырған саналы, салауатты, жан-жақты жетілген рухы биік адамгершілігі мол азамат тәрбиелеу ісінде Мұзафар ағаның нақыл сөздерін пайдаланудың маңызы ерекше.

Анатілімғажапдепайтааламын,

Жәннаттайжанбалқытажайтабарым.

Шырқатыпғұмырбойыайтарәнім -

Келедітоластаппайқайталағым.

Тозбайды сыны кетіп, сұрықашып,

Бізәліқанғанжоқпызсырынашып...

Қазағықадырыңа жеткенсайын

Жайнайды,

Ертеңге де нұрыншашып.

Жалпы, М.Әлімбаевтың үш жарым мыңнан астам қанатты сөздері бар. Ақын қаншама жылдар бойы ыждаһаттылықпен, ұқыптылықпен сүттің бетіндегі қаймағы тәрізді сөздің асыл маржанын жинаған. Оның тақырыптары да түрліше. Тәрбие мәселесіндегі мақал-мәтелдері қанша адамның ойын ұштап, дұрыс бағытқа жетелері сөзсіз.

### ӘДЕБИЕТ

1. Әлімбаев М. Шығармалар жинағы. Т.2. – Алматы: Санат, 1997. –144 б.
2. Әлімбаев М. Халық – ғажап тәлімгер. – Алматы: Рауан, 1994. – 10- 135 б.
3. Әлімбаев М. Көңіл күні. Таңдамалы. – Алматы: Жазушы, 1971. –195б.
4. Воробьев В. Лингвокультурология (теория и методы). – М.: РУДН,1997. – 331 с.
5. Қайрабаева Қ. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың символдық мәні. Филол. ғыл. канд. дис. – Алматы, 2004. – 136 б.

### РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматривается концепт «Родина» в поэзии М.Алимбаева.

### SUMMARY

In this article the concept “Motherland” is considered in poetry of M.Alimbaev.

ӘОЖ 82.015:39

## ҰЛТТЫҚ ТАНЫМ ПОЭТИКАСЫ

**Кыяхметова Ш.А.**

*филология ғылымдарының кандидаты, доцент*

*І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті,*

*Талдықорған қаласы*

Ақындардың бір бөлігі қоғамдағы өзгерістерді жұртшылыққа ұлттық образдар жүйесі арқылы жеткізу үшін халқымызға тән ерекшеліктерді пайдалануда. “Себебі басқалармен тақырып ортақ, объект ұқсас болған күннің өзінде, хас шебер туындысында өмір құбылыстары ұлттық топырақ иісін жоғалтудан, бояу-реңінен айырылудан ада болса керек. Өйткені өнердің даралық сипатын көрсететін, оның табиғатын ашатын негізгі эстетикалық категорияны, образды, халықтық ұғымнан бөліп қарау – оны мансұқ ету” [1,146].

Табиғат пен адам өмірі арақатынасын суреттеудегі дәстүр немесе ұлттық ерекшелік тек әдебиетке ғана тән құбылыс емес, дәстүр, әдет, салт, үрдіс, тіпті дағды, ғұрып адам мінезі мен тіршілігіне де тікелей байланысты. Демек, ұлттық дәстүр тез өзгеріп немесе жоғалып кететін құбылыс емес. Сол сияқты ұзақ уақыт бойына, тіпті таптық қоғамдардың ауысуына қарамастан өзгермей қалатын кездері де бар. Үрдіс, дәстүрдің, салттың адам психикасына, мінезіне байланысты түзілетін тұрақты құбылыс екенін В.Г.Белинский даусыз нәрсе деп қабылдаған [2,77].

Дәстүр – ұзақ ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа өтетін мәдени мұра. Дәстүр негізінде қоғамдық қалыптасу, мінез-құлық нормасы, идея, әдет-ғұрып жүйеленеді. Әр халықтың мәдениеті өзінің ұлттық топырағында, қалыптасқан дәстүрлі пішінде дамиды, бірақ басқа халықтардан оқшауланып, бөлінбейді, қайта барша адамзат байлығынан нәр ала отырып, өркендейді.

Қазіргі қазақ ақындары жалпы адамзатқа ортақ адам мен табиғат мәселесін ұлтқа тән ерекшеліктер тұрғысынан көрсетуге тырысуда және ол әдебиеттің ұлттық ерекшеліктері, ұлттық характерлері арқылы ашылууда. Қай қазақтың да жанына жақын, жүрегіне ыстық айшықтарға ден қою, өз творчествосындағы ұлттық сипат, халықтық жемісті арна болғандығы бүгінде дау тудырмайды.

Табиғат жалпы адам баласының ортақ қазынасы болғанымен, ұлттың тұрмыс-тіршілігіне, ғұмырлық тәжірибесіне, өскен ортасына бейімделуіне байланысты әр ұлттық әдебиеттің дәстүрлі көркем образдары болады. Қазақ поэзиясында даланы анаға балау ұлттық

ұғымнан туындайды. Қадыр Мырзалиевтің даланы ана бейнесінде суреттеуін жиі кездестіреміз.

Тамыры иіп,  
тәтті бір ұйықтап алғасын,  
Ана шайына,  
Дала нөсерге қанғасын  
Далаға дихан  
Анаға адал жолдасы  
Тыңайтпақ болып,  
Даярлап жатыр қалжасын [3,128].

Автордың ақындық танымының ерекшелігі сонда, белгілі тіркестерді өзінше құбылтып, оларға өзгеше рең беріп пайдаланған. “тамыры иіп”, “шайға қану”, “қалжа” сияқты ұлттық ұғым, ұлттық сөздер арқылы жанымызға жылылық себеді.

Қ.Мырзалиев жаны жабырқау тартып, жалғызсыраған кездерінде: “Анам ұқты тек мені, далам ұқты” деп разылығын дала-анаға арнайды. Қадыр ақынның творчестволық жолына байланысты жазылған зерттеу еңбектердің дені оның дала сөзін жиі пайдаланып, поэтикалық образ жасағандығын ерекше атап өтеді. Ауыл, дала, туған табиғат ақын үшін ұлттық қанық бояулар кеніші іспетті. Оның колдануында дала ұлттық болмыс, ұлттық рухтың символы тәрізді. Қазақ мінезінің, жомарт пейілінің, қонақжай ықыласының, елдігі мен ерлігінің белгісіндей болып бірегей символ – тұтастыққа көтерілген.

Кеппегендей көктемнің сиясы әлі,  
Сахараның жусан мен мия сәні.  
Әндетеді -  
Қойған ба бозторғайлар  
Құлағымның ішіне ұя салып?! [3,129]

деп жазады. Ақынның тұсауын кескен – дархан дала, боз жусан исі, бұрқыраған белдер. Далада туып, қалада өскен Қадыр ақын үшін даласы, оның әр бұтағы, тау-тасы, жусаны мен гүлі ерекше ыстық, қымбат. Даланың иісін, кендігін, дархандығын аңсаған сағынышқа толы ақын өлеңдері жанымызға жақын тиіп, сезімділігімен жан дүниемізді баурап алады. Төмендегі өлең жолдары осы сөзімізге дәлел:

Құшағын жайып шара көл,  
Жайлауға көшіп барады ел.  
Қайтарда досым,  
Мен үшін  
Бір иіскем жусан ала кел! -

деп қолқа салса, енді бірде:

Аямайтұғын даланың асауынан  
Болатынбыз жусанға масаң ұлан.



Жусан иісі шығатын  
 Жиһазбенен  
 Жаңа түскен жас келін жасауынан.  
 Жадау кездің ұмытылмас дерті міне,  
 Жусан сіңген табиғат-тәртібіне.  
 Жолы түскен жолдастар  
 Гүл әкелмей,  
 Жусан ала келеді жер түбінен! [3,130]

деп, ақын ерекше қадір тұтатын, иісін сағынып, әспеттейтін даланың боз жусанын жырға қосып қана қоймай, оны поэтикалық образ деңгейіне дейін көтеріп суреттейді. Сол арқылы сар даласына деген сағынышын, іңкәр көңілін, ыстық махаббатын білдіреді. Енді бірде ақын “боз жусан, боз көделі, боз даласын” аңсап, жыр төгеді.

Боз даланың келбет-көркін ақын С.Мәуленов те суреттеген. Қ.Мырзалиев 11 буынды өлең түрімен жазса, Сырбай ақын 7-8 буынды жыр үлгісімен жазып, өлең бойына шамырқанған, буырқанған леп қосады. Сырбай боз көдені көпті көрген көзі қарақты қарияның ақ күміс сақалына ұқсата суреттейді. Талай оқиғаға куә болған даланың боз көдесімен қарт қария арасынан бір ұқсастық іздегендей. Боз қырауға теңеліп келген қария сақалын боз көдеге теңеу арқылы жаңа бір көркем сөз тудырады. Туған даласының бір ғана боз көдесінен осыншама ой-сыр, бояу тудыру арқылы ақындық шеберлігін айқындайды. Жалпы, С.Мәуленовтің түстерді (ақ, көк, көгілдір, боз) ойната отырып, сан алуан сурет түзетінін С.Қирабаев [5,3] ерекше ықыласпен атап өтеді.

Екі ақынның өлең жолдарына көз жүгіртер болсақ, қалам жарыстырғандай бірінен-бірі өтер сиқырлы суретті көз алдына әкеледі. Қ.Мырзалиев: “боз белден құлады бір сезім көші, боз қырау қысыңды ойлап езілмеші” деп сырлы сезіммен сыр шертсе, С.Мәуленов:

“Боз даланың буалдыр тозаңындай,  
 Бұлдырайды боз бұлттан бозарып ай.  
 Бозша қыстың бүркеген боз қырауы.  
 Боз бұтақтар, боз саусақ созады жай , - [4, 250].

деп, әлемді, табиғатты боз түске боялған буалдыр дүниеге айналдырып жібереді. Ұлттық танымымызға жақын “боз” сөзін ақын еселеп беру арқы өлеңнің эмоционалдық қуатын күшейтіп отыр.

Ата-бабаларымыздың түске байланысты ұғымына үңілер болсақ, ақ түс пен қара түстің ерекше маңызы болған. Төл әдебиетіміздің дамуына байланысты түр-түсті әдебиетте пайдалану да кеңінен қанат жайды. Осы дәстүрді ұстанған ақындар түр-түсті құбылта пайдаланып, өмірге талай өлең өрнектерін әкелді. С.Мәуленов ақ түсін негізінен тазалықтың, адалдықтың символы

ретінде пайдаланады. Ақынның әлемдік поэзия қорына қосылған “Ақ түн” өлеңі сөзімізге дәлел. Ақын көк түсін де көктемге қатысты өлеңдерінде жиі пайдаланып, көктем көрінісін құбылта, түрлендіре суреттейді. Өмірдің өзіне тән ұқсас бояуларын ұтымды пайдаланып, әсем картина түзеді.

Ақын “Көктемнің көк қанатымен” деген өлеңінде жылдың үш мезгілін (көктем, күз, қыс) ғана алып суреттейді. Онда да жалпылама түрде емес, сол мезгілдің өзіндік ерекшелігін айқындайтын нақты құбылысты бөліп алып, өзінің бейнелеу шеберлігін көрсетеді. Мысалы, көктемді көк сөзін басым беру арқылы ерекшелесе, күз тақырыбында сары түстің басымдылығын айқындайды, қысты ақ сөзін басым беру арқылы суреттейді. Көк майса, сары жапырақ, ақ қар – ұғынуымызға сіңісті болып кеткен сөздер. С.Мәуленовтің осындай суреткерлік өзіндік ерекшелігін Қ.Мәшһүр-Жүсіп ерекше атап өтеді: “Алғыр ойлы ақын Сырбай Мәуленов алуан түрлі ашық бояулардың палитрасын – тоғысын жасайды, әр бояу түр-түсін қырық құбылтып, ойнатқанда сөздер көзіңе өз шұғыласымен шағылып жатқандай әсер қалдырады” [2,130]. С.Мәуленов қызыл, қара түсін де жиі пайдаланады. Соғыстың суық түсін, ауыртпалығын сездіру үшін қара түсін өлең өзегіне өріп жібереді.

Қап-қара бомба түскенде,  
Қап-қара түн боп күндізгім.  
Қап-қара түн тіккендей,  
Көре алмай қойдым күн жүзін [4,203].

Ақын қолданысында жай қара емес, күшейтілген түрдегі “қап-қара”. Ақын қара сөзін күшейтіп беру арқылы соғыс алапатын сездіріп отыр.

“Өлең сөздің тегі – бейнелі сөйлеу. Ақындықтың хас биігі – “ақындарша ойлау” – бейнелі ойлау, дүниені образбен көру, құбылыстың поэтикалық рухы мен таңбаларын нәзіктікпен түйсіну, - дей келіп, А.Егеубаев – құр сылдыр сөзден сурет тумайтындығын, ол үшін кескінді зергерлікпен тұтастыратын зерделі ой керек екендігін ескертеді. Ақын Қ.Мырзалиевтің мына бір өлеңі – жоғарыда айтылғандай, зергерлікпен көмкерілген сұлу дүние:

Талай ғасыр,  
Талай заман ауғанша  
Біз шөкпедік, шөкті бірақ тау қанша!  
Тұлпарымыз мыңқ етпеген,  
Етектей  
Ерінінен екі елі қалғанша [3,328].

Етектей ерінінен екі елі қалғанша мыңқ етпеген тұлпар – нағыз қазақтың тұлпары. Мұндай тұлпарларды атамыз қазақта ерекше құрметтеген, жан серігі еткен, сонау ауыз әдебиетінен бері жырға

қосқан. Қадыр Мырзалиев – ұлттық ұғымымызға жақын сөздерді әрлендіріп құбылтуға шебер ақын. Адамның қиындыққа қайыспайтын, иілмейтін мінезін “біз шөкпедік” деп келтірсе, талай шапқыншылықтың, жойқын жортуылдардың куәсі болған, қасірет тартқан, мүжіліп, бүгілген тау келбетін “шөкті бірақ тау қанша” деп суреттейді. Түйенің шөгуін адам мен тау қимыл-қозғалысына әкеп телиді. “Белін буып, жауға шапқан кәрі шалды” алыс жолға шыдамды нар бейнесінде кескіндейді.

Құлақшындай құлағанша өркеші

Жүгін жолда қалдырмаған нарымыз [3,329].

“Нар жолында жүк қалмас” деген көне мәтелді ұғып өскен ұрпақ бұл сөздің астарлы, мәнді мағынасын тез қабылдайды. Ұлттық ұғым, ұлттық сипат дегенде, осындай тәсілдің әр-зерін айтамыз. Өлеңдегі өзіндік өрнек, ұлттық сипат осындай жарасымдылықпен, ішкі-тысты үйлесіммен көрініс тауып тұр. Ақын шабыттана келе, құлашты басқаша сермейді. Ұлт ұғымына сай үйреншікті тілмен сөйлейді:

Домбыра-даласына тауып тиек,

Дыбысқа мизам-ішектер болыпты ие.

Сияқты жүзіп жүрген теңіз-құмда

Сахара кемесіндей алып түйе [3,289].

Оқырманына жақын сөздерді теріп, таңдап пайдаланады. Біздің көз алдымызға қазақтың кең даласы дегенде, көк жазира, сары арқа, таулы өлке ғана емес, құм басқан шөлейт те елестейді. Соны ақын теңіз-құм деп алып, сол сахарда жүрген алып түйені кемеге теңейді. Тілге жатық, ойға сіңімді көркем сөз. Ақын мұнымен тоқталмайды, енді бірде даласын домбыраға балап, талантына тәнті етеді.

Қазақ поэзиясында дала туралы өлең тіптен көп. Зерттеуші А.Егеубаев қазақ ақындарының даланы жаппай жырлайтындығын, ақындардың жеке детальдарға бармайтындығын сынап, пікір де білдірген болатын. Ал, жоғарыдағы өлеңде қазақи психология басым. Ұлттық мінез-құлық тән. Мына жолдарда да сондай бітім бар:

Әлем-далам мұнша неткен кең еді,

Қозы-көктем күн емшегін емеді.

Көк жайлаудан құлын болып құйғытып,

Көк аспанға құс боп ұшқың келеді [3,290].

Ұлттық ұғымымызға тән сөздер: қозы, жайлау, құлын, құс. Ақын осы сөздерді поэтикалық образға айналдырған. Соны сұлу сөз. Ақын қолданысында дәстүрлі қыз-көктем емес, қозы-көктем. Бұл – ақын шеберлігі. Ал лирикалық кейіпкердің қуанышын “көк жайлауда құйғытқан құйын” бейнесінде елестетеді. Ақын “Табиғат тойы” деген өлеңінде:

Тағы келді,  
Тағы келді бір көктем.

Сәби сәуір көтерілді жөргектен, - [3,401] дейді. Көктемде табиғат түлейді, жаңарады. Ақын осы бір кезең суретін ұғымымызға жақын сөздер арқылы оқырманын эстетикалық ләззатқа бөлеп, жаңа сөз кестесін өрнектейді. Жай сәуір емес, дүниеге жаңа келген “сәби – сәуір”. Дүниенің өзгеруін, жаңа өмірдің келуін сәби сөзін пайдалану арқылы әдемі жеткізіп тұр. Сол арқылы жаңа бір поэтикалық ұғым қалыптастырады. Сол сәби – сәуір енді жөргегінен тұрып, тіршілік жасауға ұмтылады. Ақынның құдіретті қаламы көз алдымызға сезімді селт еткізер сұлу сурет ұсынады.

Біздің бір байқағанымыз, ақын жылдың басқа мезгілдеріне қарағанда, табиғаттың көктемгі көрінісі мен көркіне арнап көп өлең жазған екен. Әр өлеңі – өзгеше әлем. Көктем туып, қар еріген мезгілді ақын өзінше көреді, түйсінеді. Табиғат тамырын тап басып, тани білген ақын:

Мақтасындай көнелеу бір көрпенің  
Қардың жүні қалды бірден жығылып, -

[3,360]

деп, қазақ оқырманының қабылдауына қонымды ұғымдармен бейнелейді. Қардың еруін, басылуын “жүні жығылды” деп, өлеңнің сипатын әрлендіріп тұр.

Ақын шабыты көктем тақырыбында ерекше күшейіп кететіндігін жиі байқауға болады.

Көктемнің қызығына қанар ма қыр!  
Толғатып береді көк тамарда нұр.  
Бұлт иіп, күн кісінеп, жасын ойнар,  
Қыз - дала гүл-гүл жайнап аларда бір. [3,360]

Табиғатты жандандырудың ерекше үлгісі көктем нұр бірден тамбайды, ақын осы құбылысты жіті көзбен бақылай келе, алдымен аспанды (көкті) толғаттырады. Қария - дала емес, қыз – даланың гүл-гүл жайнауы үшін енді бұлт иіп, күн кісінеп, жасын ойнайды. Ақынның ақындығы сонда, ұлттық ұғымға тән сөздерді иіп әкеп, қозғалысқа толы үлкен бір әлемді дүниеге келтіреді. Қозғалысқа толы дала келбетін үлкен суреткерлікпен жеткізеді. Әдемілікті әр халық өз ерекшелігіне қарай қабылдап, өзіне тән ұғыммен баяндайтындығын ескерсек, ақын Қ.Мырзалиевтің әр сөзі ұлттық қасиетімізге жақын сөздермен баяндалып тұр. Қ.Мырзалиев табиғатты жандандыруда көктем мезгілінде “күнді кісінетеді”. Осындай бір ұлттық ұғымымызға жақын көркем тіркес С. Мәуленовте де кездеседі.

Жауынға тұр жаз қанбай  
Шөлдеп қапты тоғай, қыр.  
Көкте ақын жазғандай,

Кісінейді көк айғыр [4,302].

Ақын күнбе-күнгі өмірде өзіміз көріп, ұстап, біліп, сезіп жүрген құбылыстарды табиғи құбылыстармен беттестіріп, бір-біріне етене жақындастырып, еліктіріп қоюы өз алдына, ұлттық ұғымы басым сөздердің жаңа бір қырын, жаңа бір сырын таныта түседі. Сөйтіп ұлт ұғымына үйреншікті сөз серілерін іріктеп алады да, ұлттық образға айналдырады. Сонымен бірге табиғатты адамға, адамды табиғатқа телу нәтижесінде тірі құбылыстың тізгінін ұстатады. Сәйгүлік күндер шылбырын сүйретіп, ұршық күндер зыр етеді, бие бұлттар безере түседі, мама бұлттар мейірімін төгіп, жігіт жел жағаңызды жұлқылайды.

Поэзия үшін үрдіс жаңалық, үнемі соны сүрлеу, қиын асу – образдылық. Соны образ ақынды қанаттандырады, шабыттандырады, оқырман талғамын сергітеді. Ақындық ерекшелік те, даралық та, өзіндік дүниетаным да сондай өзіндік қасиеті күшті, дара қолтаңбадан, детальдардан-ақ танылады.

Тұңғиыққа күндіз-түні телмірген,

Сәукелелі құрақ болғың келеді. [4,303]

“Сәукелелі құрақ” тіркесі ақын қолтаңбасын даралап тұр. “Сөз адамның жан-дүниесіне жаба салар жамылғы емес, ол сіздің жан-дүниенізді жарып шығып, өз ойын ұсынатын қуатты құбылыс” [6,125]. Олай болса, Қадыр ақынның әр сөзі – қуатты құбылыс. Мұны мойындауымыз керек. Дәстүрлі лириканың аясын кеңейткен Қ.Мырзалиев шығармашылығы ең алдымен ұлттық сипаттарының даралығымен бағалы. Ал, С.Мәуленов қырдан аппақ сәукелені көкірегін керген тауға кигізеді. Қос ақын да сәукеле сөзін көркемдіктің көрігіне салып, сұлу тіркес түзеді.

Қазақ поэзиясының арғы-бергі тарихын барлай, бажайлай, бағамдай келіп, табиғатты ұлттық мінез, ұлттық болмыс, ұлттық сана, салт, әдет арнасында суреттеуде Мырзалиев зор еңбек сіңірді және үлкен жетістіктерге жетті деп айта аламыз. Ақын табиғат пен адам туралы қай деңгейде қалам тербесе де ұлттық болмыспен безбендейді, ұлттық бояумен безендіреді. Ақын бірде былай шабыттанады: “Желіндері сыздаған бие бұлттар бір табын”. Құлағымызға таныс “сұр бұлт”, “ала бұлт”, “бір шөкім бұлт” емес, ақындікі “бие бұлт”, жай ғана бие бұлт емес, желіні сыздаған бір табын бие бұлт. Бұл – шеберліктің шыңы. Ақын қазақ өлеңіне қазақ ұғымына сіңімді, сыйымды теңеу, жанына жақын балама әкелу арқылы көркем сөз дарытты.

Аспан қандай, шіркін-ай аспан қандай!

Ашық көзден жасық көз жасқанғандай!

Бүлкілдейді бұлақтар жылғаменен,

Тамырында лапылдап тасқан қандай!

Таулар қандай, шіркін-ай, таулар қандай!  
Жердің жеті қабатын аударғандай.  
Солқылдатып сорады күн желінін -  
Сүт-сәулеге күн ұзақ таулар қанбай!

Дала қандай, шіркін-ай, дала қандай!  
Бала көңіл даланы қалағандай.  
Қарап тұрсақ,  
Ай-сиыр  
Жаңа туған  
Жұлдыздарын болады жалағандай [4,298]!

Ең алдымен, мұнда сурет, бейне бар. Екіншіден, бұл жай сурет емес – көз қарықтыратын қазақы нақыш. Ақын құбылысты қазақша көрген. Өрнекті тілмен табиғаттың бір сәтін қазақ жанарының сәулесіне шағылған көркем келбет кескінмен түсірген. Құбылысты бейнелеудің дәстүрлі, тамырлы, таза ұлттық өзгешеліктері көрініс тапқан. Дәл осы қасиет, творчестволық принцип ақынның ізденіс сораптарын айғақтап тұр. Оның жырлары тақырып аясын айшықты ашу шеберлігімен бірге, бейнелеу бедерімен де биік. Мысалы, сәуір айында күн нұрына бөленген гүлді: “иіген аруанадай күн-ананың, ақ сүтін – ақ сәулесін емеді гүл” деп сұлу сурет салса, “сәбидей күліп тұрған қария күн” деп, өзгеше бір поэтикалық образ тудырады. Күннің суытып, мұздың қатуын: “айнадай айдын көлге қаймақ тұрып” деп өрнектесе, таң алдындағы тау тіршілігін: “ұйқысынан оятып таң өр құзды, қойшы-құздар, қой-бұлттарын өргізді” деп өрбітеді. Мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады: “Алатаудың өркеші”, “ерлік исі шығады ер-тоқымнан”, “тарих исі шығады шаңырақтан”, “әжеңіздің қолындағы ұршықтай”, “үлек-теңіз” және тағы басқа.

“Асылы, адам әдебиетке сұлудың бұрымындай өрілген екі мақсатпен келеді: бірі – өзінен бұрын ешкім айтпағанды айту; екіншісі – өзге ешкімге ұқсамай, тек өзінше айту. Осы екі мақсат орындалған жерде ғана, шын мәніндегі әдеби туынды бар” [6,7], - дейді академик З.Қабдолов. Осы тұрғыдан қарастырар болсақ, Қ.Мырзалиев мазмұн жағынан жаңалық ашқан, пішін жағынан өнер тапқан ақын.

Өмір шындығын, адам тағдырының килы-қырларын суреттеу үшін табиғатқа жүгіну кез-келген ақынға тән. Олар далада туып, далада өскен, дала заңымен өмір сүретін адам мінез-құлқын бейнелеуде де табиғат әлемінен ұқсастық іздейді. Қ.Мырзалиев сексеуіл туралы өлеңінде алдымен оның өзіне тән қасиетін сипаттайды. Ақын суреттеуінде сексеуілге деген ыстық ықыласы көрініс табады. Сексеуіл не үшін қажет, оны қалай пайдалану керек

деген сұрақтар төңірегінде біраз айтып келіп, өлең соңында дала адамдарының қайраттылық, төзімділік сияқты мінез-кұлқын секесеуілге ұқсатады. Осылай ажарлай отырып, табиғат пен адам арасынан ұқсастық, үйлесімділік іздейді. Қазақ халқының мәрттігі, қонақ жайлылығы жайлы жазылған өлең жолдарын да ақын лирикасынан жиі көруге болады. “Дала дидары” кітабында “Асау”, “Жар-жар”, “Бесік жыры”, “Бәйге”, “Көкпар”, “Қыз қуу”, “Күрес”, “Бата”, “Ауыл түні”, “Жазғытұрым”, “Көш” және тағы басқа өлеңдерінде қазақтың дәстүрлері сөз болады. Сол арқылы лирикасына ұлттық бояу, реңді үстемелейді. Ақынның осылай сөз қозғауы оның қазақтың салт-дәстүрін, қазақи тұрмыс-тіршілігін жете білетіндігінің айғағы.

Ұлттық мінез, ұлттық сана, ұлттық ұғым – бәрі топырақтан нәр алып, тамырланып, өркен жаяды. Талант табиғаты – топыраққа тәуелді. Олай болса, Қадыр Мырзалиев - туған топырағының табиғи қасиеттерін бойына жинаған ақын.

### ӘДЕБИЕТ

1. Кәкішев Т. Кітапта: Шын жүректен.-Алматы: Жазушы, 1981. -335б.
2. Мәшһүр-Жүсіпов Қ. Өлең сөздің патшасы. - Алматы: Жазушы, 1991. - 215б.
3. Мырзалиев Қ. Шығармалар жинағы. 3 томдық. 1-т., - Алматы: Жазушы, 1989. - 445б.
4. Мәуленов С. Шығармалар жинағы. 3 томдық. 1-том., Алматы: Жазушы, 1982. - 480б.
5. Қирабаев С. Сырлы суреттер //Лениншіл жас. - 1988.-№67
6. Қабдолов З. Қадырдың қадірі. //Мырзалиев Қ. Шығармалар жинағы. - 3 томдық. 1-том. -Алматы: Жазушы, 1989. - 445б.

### РЕЗЮМЕ

В данной статье рассмотрены национальные особенности лирики К.Мырзалиева и С.Мауленова. Путем анализа и сравнения творчества двух поэтов раскрыты традиционные художественные образы, национальный характер поэзии.

### SUMMARY

In this article, the national features of the lyrics of K.Myrzaliyev and S.Maulenov are considered. By analyzing and comparing the creativity of the two poets, traditional artistic images, the national character of poetry, are revealed.

УДК 808

## SCIENCE OF THE COMFORT ZONE

**Мұқанов Ғалымбек Нұрланұлы,**  
*«Шет тілі: екі шет тілі» мамандығы*  
*АК-16 оқу тобының 1-курс студенті,*  
*Ғылыми жетекші:*  
**Қадырова Гүлнұр Мақсатханқызы**  
*магистр, аға оқытушы*  
*«Болашақ» университеті*

In the Autumn 2014, I decided to travel to Almaty. A city that never stepped my foot in for my whole entire life. I saw big, tall buildings and even taller mountains from miles away, beautiful pine trees and also, humid air filled with smog. Before I decided to go there, I had anxiety and worried about going all by myself, what if something happens, what if I get lost there with no sign of being there. All in all it ended well. It was at this point, I realized I was out of my Comfort Zone.

The Comfort Zone is a psychological state of mind, where person feels extra aware and senses are heightened. For instance: driving to work and feeling content with coffee in one hand and steering wheel in another, it's the place where we feel comfortable with routine whether if it's pleasant or not. Being late for work and expecting an angry boss, watching your favourite movies and having fun with your friends. Because, this is what we expect. Our routine, knowledge, skills, behaviour and attitude are a part of our Comfort Zone. This is what helps us navigate new experiences.

We learn new languages, getting information about other cultures and countries, training our body and getting up early without hitting the "snooze" button every time. This is where we observe, experiment, compare, learn and enjoy. There are people who are passionate being in this zone, but for some people it's a scary thing to do, so they avoid it, staying in the Comfort Zone [1]

Beyond our Learning Zone is what we call - the Danger Zone. This is where these figures come out that will keep reminding you about the dangers of going out there, into unknown places. Parents, family and loved ones will worry about the person who's about to step out into the Danger Zone. The common thought of this zone will be "What if something bad happens?". Taking risks, accepting big challenges, achieving goals, pushing limits and embracing change. It's hard to set time limits because of uncertainty. A vacation is a scheduled event, it can be sometimes out of our Comfort Zone, but it gives us a chance to recharge our mind and body.



Working hard and feeling like a rollercoaster, juggling different tasks, commitments and goals at the same time. After all, we need our own free-time to take a rest before stepping out of our Comfort Zone, again [2].

Some people think there's nothing beyond the Danger Zone, saying that you can't go back to your Comfort Zone once you stepped out. Of course it's a change, but by meaning "change" we have to remind ourselves that it's an addition, not a replacement.

Our motivation which is a creative tension and emotions with fear, they will always challenge between themselves. Fears about what will other people say, fear of shame, of failure, by assessing such situations we can cope with them [3].

In this situation, you are the center of your own universe [4], no matter whatever you don't decide; other will do it for you. By properly managing your motivation and fears, you are able to grow your self-esteem. This will give you a new vision of reality, to have a clear idea of your goals and dreams, to find "what" motivates you.

So in simple words, life begins at the edge of the Comfort Zone.

#### LITERATURE

1. Comfort Zone: [https://en.wikipedia.org/wiki/Comfort\\_zone](https://en.wikipedia.org/wiki/Comfort_zone)
2. Do you dare to dream: <https://www.youtube.com/watch?v=HhFxQIDPjaY>
3. Life begins at the end of your comfort zone: <http://www.challengesophie.com/blog/business/comfort-zone-dont-spend-time-pushing-it>
4. You are the center of the Universe: <http://mentalfloss.com/article/54573/scientific-evidence-you-are-and-arent-center-universe>

#### РЕЗИОМЕ

В статье изложено понятие о комфортной зоне человека и ее типы и характеристики.

#### ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада адамның жайлылық аймағы ұғымы және олардың түрлері мен сипаттамалары жайлы баяндалған.

ӘОЖ 811.512.122-114.2

## М.ЖҰМАБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ҰЛТТЫҚ-МӘДЕНИ НЕГІЗІ

*Үсенова Ақгүл,  
магистрант, «Болашақ» университеті*

Әрбір халықтың тілінде жүздеген, мыңдаға тұрақты тіркестер кездесіп отырады. Бұлар, әдетте, сол халықтың болып өткен ұзақ тарихының, рухани өмірінің, дүниетанымының, наным-сенімінің, ұлттық болмысының, тұрмыс-салтының, әдет-ғұрпының, салт-дәстүрінің көрінісі ретінде сөз өрнегінде сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа, атадан балаға ауысып отыратын қымбат мұра болып саналады.

Тіліміздегі фразеологизмдердің мағыналық астарында халықтың ерте уақыттан бергі өмірінің бүкіл қыр-сыры жан-жақты сақталып суреттеледі. Халықтың күн-көріс, тұрмыс-тіршілік негізінде өрбіген түсінік пайымдаулары, соған байланысты қалыптасқан салт-дәстүр, әдет-ғұрыптар тілдік қолданыстағы тұрақты тіркестерден көрініс табады. Сондықтан тұрақты тіркестер халқымыздың ұлттық менталдық ерекшелігін бойына сіңірген басты мәдени байлығымыздың бірі болып есептеледі. Қазақ тіліндегі фразеологизмдер халықтың рухани-мәдениеті, әдет-ғұрыптары, салт-дәстүрлері, дүниетанымы, болмысы жөніндегі нақты ұғым-түсініктерді береді. Оларда тіл мен халықтың, тіл мен рухани мәдениеттің, тіл мен танымның өзара байланысы айқын көрініс тапқан. Қазақ тіліндегі фразеологизмдерді ұлттық-мәдени негізде зерделеу халық тарихын, әлеуметтік-экономикалық жағдайды, ұлттық-мәдени ерекшеліктерін, ойлау логикасын, ұлттың танымдық табиғатын егжей-тегжейлі танып-білуге мүмкіндік береді.

«Фразеология» дегеніміз, біріншіден, «тілдегі барлық фразеологизмдердің жиынтығы, әлемі, қазынасы», екіншіден, «фразеологизмдерді зерттейтін ғылым саласы» [1, 94].

Ал фразеологизм дегеніміз – құрамындағы сыңарлары өте тұрақты болып келетін, қолданысқа әрдайым дайын тұратын тұрақты сөз тіркесі.

Қазақ фразеологизмдерін іштей саралап бөлу, фразеологизмнің құрам сипаты және компоненттердің байланысу түрлері, фразеологизмдердің стильдік ерекшеліктері, фразеологизмдердің мақал-мәтелдерден айырмашылығы мен ұқсастықтары, фразеологизмдердің грамматикалық сипатын айқындап, қазақ фразеологиясының бағыт-бағдарын саралаған, осы саланың дербес пәнге айналуының негізін қалаған ғалым академик І.Кенесбаев болды.

І.Кеңесбаев фразеологизмдерді тілдегі басқа да бірліктерден (сөзден, күрделі сөздерден, еркін тіркестен) ажыратып тануда басшылыққа алынатын ең басты ұстаным, ең негізгі критерийлер ретінде мынадай белгілерді атап көрсетеді:

1) мағына тұтастығы, яғни фразеологизм құрамындағы сөздер өздерінің бастапқы мағынасынан түгел немесе жартылай айырылып қалып, шоғыр тіркес түрінде біртұтас мағына беруі;

2) тіркес тиянақтылығы, яки фразеологизм құрамындағы сөздердің орын тәртібі нық болып, өзара жымдасқан тіркес қалпын барлық жағдайда сақтауы;

3) қолдану тиянақтылығы, яғни фразеологизмнің әрдайым айна-қатесіз, бұлжымай, даяр қалпында жұмсалуды. Осы үш белгінің үшеуі де өн бойынан табылған жағдайда ғана лексикалық-грамматикалық тұлға фразеологиялық бірлік деңгейіне көтеріліп, фразеологиялық категорияға айналады, тілдегі өзге де тілдік категориялардан оқшауланып, өзіндік дара бітіммен тіл ішінде өмір сүреді.

І.Кеңесбаев фразеологиялық тіркестерді құрамындағы сыңарлардың о бастағы тура, негізгі мағыналарының көмескі тарту, тартпауына қарай:

а) түйін тіркес, мысалы, *ернінен ене сүті кеппеген, пышақ кескендей тыйылды, өкшесін жалтыратты* т.б.;

ә) түйіс тіркес, мысалы, *құмырысқадай құжынаған, көзді ашып-жұмғанша, қыпша-бел, оймақ ауыз* т.б. деп екіге бөледі [2, 590].

Қазір тіл білімінде фразеологизм деген ұғым кең мағынада қолданылады. Профессор Ә.Болғанбаев, Ғ.Қалиев фразеологизмдерге мынадай анықтама берген: «Фразеологизм дегеніміз – формасы жағынан синтаксистік құрылымдармен ұқсас, бірақ оларды жалпы заңдылыққа сай сөйлеу кезінде жасалмай, даяр қалпында қайталап қолданылатын, семантикалық және лексика-грамматикалық құрамы тұрақты сөз тіркестері мен сөйлемшелер». Осы анықтамаға қарағанда фразеологизмдерге кең мағынада тілдегі мағына бірлігін сақтаған тұрақты сөз тіркестерінің барлық түрі жатады. Олар тұрақты сөз тіркестерінің түрлері мен сөйлемшелер, коммуникативтік тұрақты қолданыстағы әртүрлі номинативтік бірліктер, қос сөздер мен қосалқы тіркестер, ресми іс құжаттарындағы даяр сөз орамдар т.б. түрінде болуы мүмкін [3, 184].

«Фразеологиялық мағыналардың қалыптасуына ұлт менталитетінің рөлі ерекше. Егер ұлттық ерекшелік болмаса, ұлтқа тән көзқарас, өзіндік дүниетаныммен басқалардан айырмашылығымен еленбесе, әрі бұл қасиеттердің барлығы ұлт тілінде сақталып жеткізілмесе, онда менталитет туралы айту қиын.

Менталитет сол ұлт жасаған, ұрпағына қалдырған материалдық және рухани мәдениеттерінде ғана сақталады. Бүкіл фразеологиялық құрам – сол ұлттың тілдік әлемін бойына жинақтаған ой сандығы. Ұлт тілі көркемдік шығармаларда ұлттық дүниетанымның көрінісін береді» [4, 184].

Ұлттық өрнекті жаңа қырымен жаңартып, жандандырып қолдануда Мағжан Жұмабаев үлкен шеберлік көрсетеді. Мағжан шығармаларынан ұлттық-мәдени негіздегі тілдік қолданыстарды молынан ұшыратамыз.

Мысалы,

Тұранда түрік ойнаған ұқсап отқа,  
Түріктен басқа от болып жан туып па?

Көп түрік **енші алысып** тарасқанда,

Қазақта **қара шаңырақ** қалған жоқ па [5, 160].

Осы өлең жолдарындағы **енші алу**, **қара шаңырақ** деген фразеологизмдер қазақ халқының ұлттық болмысынан хабар беріп тұр.

**Енші** – қазақ дәстүрінде үйленген баласын отауға шығарғанда ата-анасының бөліп беретін мал-мүлкі, балаға тиісті үлесі. Еншіні үлкен ата, әке, олар жоқ болса, ұлдың үлкені бөледі. Қара шаңырақ пен ата-ана кенже баланың қолында қалады. Дәстүр бойынша ұлдың үлкені әке дәулетінің үштен біріне, кенже екіден біріне, ортаншылар төрттен бір үлесіне ие болады.

**Қара шаңырақ** – үлкен, қадірлі, қастерлі, қасиетті. Қара шаңырақ – ел қадірлейтін не әкенің, не атаның, не бабаның дәстүр бойынша кенженің еншісіне тиген үлкен үйі.

М.Жұмабаев бұл фразеологизмдерді қолдану арқылы халқымыздың ұлттық-мәдени ерекшелігін көрсетуге тырысқан.

Құдай-ау, албастының ойнағындай,

Мынау сұм заманға қылдың қайдан?

Шіркін-ай, кер заманды күл қылар ем,

**Бата алсам** Бағаналы Қойлыбайдан [5, 191].

Халқымыздың ерте заманнан келе жатқан салт-дәстүрлерінің бірі – **бата беру**. Бата негізінен екіге бөлінеді. Бірі – оң бата (ақ бата), екіншісі – теріс бата. Әдетте, оң бата жолың болсын, ісің сәтті болсын деген жақсы тілекті білдіреді. Оң бата берерде адам екі алақанын алға қарай жайып тұрып, ақ тілегін, адал ниетін айтып, қос қолымен бетін сипайды. Бата оқылған кезде үлкендер жас ұрпаққа амандық тілеп, адамгершілік пен имандылыққа бейімдеп, тәлім-тәрбиенің жолын көрсеткен. Бата беретіндер, көбіне, көпті

көрген аксақалдар мен кеменгер де дуалы ауызды билер болып келеді. Бата қысылғанда – қуат, қиналғанда – медет беріп, әрбір іс-әрекетіңе даңғыл жол ашып, бәле-жаладан қорғайды деп есептелген. Бата көзі тірілерге ғана емес, аруақтарға да жасалған. Батасыз, тілексіз өмір болмайды. «Батамен ер көгереді, жаңбырмен жер көгереді» деп халқымыз бекер айтпаған.

Аяндап топқа тура келді Баян,  
Келді де көпке **сәлем берді** Баян,  
Қудай боп құс төресі топ төрінде  
Отырған Абылайды көрді Баян [5, 206].

Халқымыз амандық сұрауға, сәлем беруге ерекше мән берген. Сол себептен ата-ана баланы жасынан үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге баулыған. Амандасудың, сәлем айтудың астарында адамдардың бір-біріне деген ыстық ықыласы, құрметі, сыйластығы жатыр. Әр сөзді сәлемдесуден бастайтын халқымыздың осы бір жақсы қасиеті көпшілікті татулыққа, сыпайылыққа, мәдениеттілік пен парасаттылыққа үндейді. Амандасу әдеті барлық халықта бар болғанымен, әр ұлттың амандасу салты өзгеше болады.

Алтайдың Қорқыт кезді алаптарын,  
Ешкімге ұқтыра алмай жанның зарын.  
Ата-ана, дос-туысқан бәрін тастап,  
**Талақ қып** қара көзді қарақтарын [5, 182].

Жарық сәуле не Ай, не Күн көрсетпес,  
Жақынының: «**Ой бауырымын!**» естірмес.  
Іс – санаулы, сөз – аңдулы, ерік жоқ,  
Өз қолымен ұнамды тон піштірмес [5, 51].

Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде бұл фразеологизмдерге «Ой бауырым! Жақын адамы қазаға ұшырағанда «ой бауырымдап» дауыс айтып, жылап келеді» деген түсінік берілген [6, 543]. «Талақ қылды. Дүниеден, өмірден тіріліктен безу» [6, 658].

Көңіл айтушылардың «Ой бауырымдап» ат қойып, дауыс салып келуі, аза тұтушылардың көңіл айтушылармен құшақтасып көрісуі, аза тұтушы әйел адамдардың үй ішінде дауыс айтып жоқтауы – көңіл айту дәстүрі болып табылады.

Қорыта келгенде, халқымыздың тіл арқылы ұлттық ерекшелігін көрсететін басты байлығымыздың бірі – тұрақты тіркестер. Қазақ тіліндегі тұрақты тіркестер ұлт табиғатын, болмысын, таным-түсінігін, тарихын, әдет-ғұрып, салт-дәстүрін, ұлт мәдениеті мен рухани қазынасын жан-жақты әр қырынан танытатын құндылықтар ретінде танылады. Мұндай тұрақты тіркестер ұлттың дүниетанымын, болмысын көз алдымызға әкеліп, этностың ментальді дүниесінен мол ақпарат береді.

### **ӘДЕБИЕТ**

1. Смағұлова Г. Фразеологизмдердің варианттылығы. – Алматы: Санат, 1996. – 128 б.
2. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1977. – 758 б.
3. Болғанбайұлы Ә., Қалиұлы Ғ. Қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы, 1997. – 212 б.
4. Жамитова А. Мағжан туындыларының көркемдігі мен өміршеңдігі. – Петропавл, 2011. - 109 б.
5. Жұмабаев М. Сүй, жан сәулем. – Алматы: Атамұра, 2002. - 253 б.
6. Фразеологиялық сөздік. – Алматы: Арыс, 2007. - 796 б.

### **РЕЗЮМЕ**

В данной статье рассматривается национально-культурная специфика фразеологизмов в творчестве М.Жумабаева.

### **SUMMARY**

This article examines national-cultural specificity of phraseology in the works of M. Zhumabayev.

ӘОЖ 616.6

## КИКІЛЖІҢ МӘСЕЛЕСІ

*Утеева Гульшат Бахытовна,  
магистрант, «Болашақ» университеті*

Қоғамда түрлі кикілжіңдер болып отырады. Кикілжіңдердің біреулері оншақты мемлекеттермен халықтарды қамтыса, ал екіншілері үлкен және кіші әлеуметтік топтардың ортасында, үшіншілері жеке адамдар арасында өрбіп отырады. Ғасырлар бойы адамзаттың ұлы ойшылдары кикілжіңсіз қоғамның теориялық үлгілерін құрып, кейде оны жүзеге асыруға тырысқан.

Жалпы кикілжің латынша «conflictus» – күштердің, пікірлердің, жақтардың қақтығысын білдіреді [1].

Кикілжің экономикалық, әлеуметтік, саяси, рухани қызығушылықтар мен мақсаттарға бағытталған индивидтер мен түрлі әлеуметтік қауымдастықтар арасындағы күрес түрінде көрінетін әлеуметтік қарама-қайшылықтардың өршуінің ең жоғарғы шегі болып табылады. Кикілжіңге жақын құбылыстар да бар. Олар жарыс, күрес, бәсекелестік. Кикілжің мен жарыс бірдей құбылыс емес. Бірақ жарыс кикілжіңге ұласуы әбден мүмкін.

Кикілжің бұл қоғамдық өмірмен табиғатпен бірге пайда болған әлеуметтік түсінік болып табылады.

Ежелден-ақ адамдар туындаған қарама-қайшылықтарды шешуге тырысып, кикілжіңсіз бейбіт қоғам туралы армандады. Сол заманда туындаған заңдылықтарды кикілжіңдердің алдын-алу және шешудің әмбебап механизмін құруға ұмтылысы ретінде қарастыруға болады. Хаммурапи (б.э.д. 1792-1750ж.ж.) патшаның көне заңдарында кикілжіңдік жағдайларды шешудің оншақты тәсілдері жазылған. Аңыз бойынша патша Соломон (б.э.д. 965-928ж.ж.) кикілжіңдерді шешу және кетіп қалу дағдысымен ақылдылығының арқасында әйгілі болған [2].

Өкінішке орай, қазіргі заманда кикілжіңдер күнделікті өмірлік жағдайларға айналып барады. XX ғасырдағы кикілжіңдер адамдардың көптеп қырылуына негізгі себеп болды. А.Я.Анцупов, А.И.Шипилевтердің пікірінше: «екі дүниежүзілік соғыс, екі жүзден аса ірі көлемдегі соғыс, терроризм, билік үшін қаруланған соғыс, өлтіру, өзін-өзі өлтіру, жеке адамдардың арасында қарсыластық пен келіспеушілік – бұл аталған кикілжіңдер ең кем дегенде 300 миллионға жуық адам өмірін жойды» [3].

Ішкі саясаттық күрес – көптеген мемлекеттердің дамуындағы шешуші фактор болып табылады. Ұйымдастырудағы кикілжіңдер

олардың іс-әрекетінің сапасына зиян әсерін тигізеді. Отбасындағы және өзінмен келісімге келу әрбір адамның бақытты өмірінің ең маңызды жағдайы болып табылады. Мұның бәрі әрбір адамның, ұйымның, мемлекеттің, қоғамның және бүкілдей адамзаттың өміріндегі кикілжіңдердің шешуші рөлін білдіреді.

Жәй классикалық Ли алгебраларының сипаттамасы  $p > 3$  болатын өрісте қатаң болатыны белгілі [3]. Бірақ  $C_2$  түріндегі Ли алгебрасы сипаттамасы  $p = 3$  болатын өрісте деформацияланады, яғни изоморты емес он өлшемді Ли алгебралары бар болады [4]. Сонымен қатар,  $C_2$  түріндегі Ли алгебрасының локальді деформациялары глобальді деформацияға дейін жалғастырылады [5] – [7].  $A_n, B_n, C_n, D_n$  түріндегі классикалық Ли алгебраларының ішінде тек  $C_2$  алгебрасы ғана сипаттамасы  $p = 3$  болатын өрісте тривиаль емес деформацияға ие болатыны [8] жұмысында дәлелденген.  $G_2$  түріндегі Ли алгебрасының сипаттамасы  $p = 3$  болатын өрісте қатаң екендігі [9] мақаласында дәлелденген. Бұл жұмыстағы біздің негізгі мақсатымыз –  $\mathfrak{sl}_2(k)$  Ли алгебрасының сипаттамасы  $p = 2$  болатын өрістегі деформациялары зерттеу.

**3.  $\mathfrak{sl}_2(k)$  Ли алгебрасының дифференциалдаулары.** Алдымен  $\mathfrak{sl}_2(k)$  Ли алгебрасының сипаттамасы  $p = 2$  болатын өрістегі дифференциалдауларын есептейік.

**Теорема 1.**  $\mathfrak{g} = \mathfrak{sl}_2(k)$  – сипаттамасы  $p = 2$  болатын алгебралық тұйық  $k$  өрісіндегі Ли алгебрасы болсын. Онда  $k$  өрісіндегі сызықты кеңістіктердің келесі изоморфизмдері орындалады:

$$(a) Z^1(\mathfrak{g}, \mathfrak{g}) \cong \langle \omega_1, \omega_2, \omega_3, \omega_4, \omega_5, \omega_6 \rangle_k$$

$$(b) H^1(\mathfrak{g}, \mathfrak{g}) \cong \langle [\omega_1], [\omega_2], [\omega_3], [\omega_4] \rangle_k.$$

$$\text{мұндағы, } \omega_1 = e^* \otimes e + h^* \otimes h, \omega_2 = e^* \otimes f, \omega_3 = f^* \otimes e, \omega_4 = f^* \otimes f + h^* \otimes h, \omega_5 = e^* \otimes h, \omega_6 = f^* \otimes h.$$

**Дәлелдеуі.** (a) Алдымен  $\omega_1, \omega_2, \dots, \omega_6$  коциптерін коциклдар болатынын көрсетейік. Ол үшін  $e, h, f$  базистік элементтері үшін (1) шарты тексеру жеткілікті. Мысалы,  $\omega_1$  үшін

$$\begin{aligned} -\omega_1([e, h]) - [e, \omega_1(h)] + [h, \omega_1(e)] \\ = -2\omega_1(e) - [e, h] + [h, e] = -2e - 2e + 2e \\ = 0, \end{aligned}$$

$$\begin{aligned} -\omega_1([e, f]) - [e, \omega_1(f)] + [f, \omega_1(e)] = -\omega_1(h) + [f, e] \\ = -h = 0, \end{aligned}$$

$-\omega_1([h, f]) - [h, \omega_1(f)] + [f, \omega_1(h)] = 2\omega_1(f) + [f, h] = 2f = 0$ ,  
яғни  $\omega_1$  коцикл болады. Осыған ұқсас, қалған коцептердіңде (1) шартты қанағаттандыратынын оңай тексеруге болады.

Мысалы:

$$\omega = x_1 e^* \otimes e + x_2 e^* \otimes h + x_3 e^* \otimes f + y_1 h^* \otimes e + y_2 h^* \otimes h + y_3 h^* \otimes f + z_1 f^* \otimes e + z_2 f^* \otimes h + z_3 f^* \otimes f \in Z^1(\mathfrak{g}, \mathfrak{g}),$$

мұндағы,  $x_j, y_j, z_j \in k$  болсын. Келесі импликациялар орындалады:

$$-\omega([e, h]) - [e, \omega(h)] + [h, \omega(e)] = 0 \Rightarrow y_3 = 0,$$

$$-\omega([e, f]) - [e, \omega(f)] + [f, \omega(e)] = 0 \Rightarrow y_1 = y_2 = 0, x_1 + y_2 + z_3 = 0,$$

$$-\omega([h, f]) - [h, \omega(f)] + [f, \omega(h)] = 0 \Rightarrow y_1 = 0.$$

Сонымен, (1) шарт бойынша  $y_1 = y_3 = 0$ ,  $x_1 + y_2 + z_3 = 0$  болады екен. Бұл теңдік  $x_j, y_j, z_j \in k$  белгісіздеріне қатысты сызықтық теңдеулер жүйесі болады. Оның рангы 3-ке тең, сондықтан оның алты өлшемді шешімдер кеңістігі болады. Базис ретінде  $Z^1(\mathfrak{g}, \mathfrak{g})$  кеңістігінің  $\omega_1, \omega_2, \dots, \omega_6$  коциклдарын алуға болады.

$$(b) \text{ Мысалы, } \omega = \sum_{j=0}^6 a_j \omega_j \in Z^1(\mathfrak{g}, \mathfrak{g}), a_j \in k \text{ және } \omega \in$$

$B^1(\mathfrak{g}, \mathfrak{g})$  болсын. Онда  $\mathfrak{g}$  Ли алгебрасының базистік элементі мына теңдік  $\omega(e) = [e, b_1 e + b_2 h + b_3 h]$ ,  $\omega(h) = [h, b_1 e + b_2 h + b_3 h]$ ,  $\omega(f) = [f, b_1 e + b_2 h + b_3 h]$ , мұндағы,  $b_j \in k$ . Алынған теңдіктен  $a_1 = a_2 = a_3 = a_4 = 0$ ,  $a_5 = c_1$ ,  $a_6 = c_3$  шығады. Онда  $\omega_1, \omega_2, \omega_3, \omega_4$  – коциклы сызықты тәуелсіз және кластары  $H^1(\mathfrak{g}, \mathfrak{g})$  базистік кеңістігін құрайды.

#### 4. $\mathfrak{sl}_2(2)$ Ли алгебрасының деформациялары.

**Теорема 2.**  $\mathfrak{g} = \mathfrak{sl}_2(2)$  – сипаттамасы  $p = 2$  болатын алгебралық тұйық  $k$  өрісіндегі Ли алгебрасы болсын. Онда  $k$  өрісіндегі сызықты кеңістіктердің келесі изоморфизмдері орындалады:

$$(a) Z^2(\mathfrak{g}, \mathfrak{g}) \cong \langle \varphi_1, \varphi_2, \varphi_3, \varphi_4, \varphi_5, \varphi_6, \varphi_7, \varphi_8 \rangle_k;$$

$$(b) H^2(\mathfrak{g}, \mathfrak{g}) \cong \langle [\varphi_1], [\varphi_2], [\varphi_3], [\varphi_4], [\varphi_5] \rangle_k;$$

мұндағы,  $\varphi_1 = e^* \wedge h^* \otimes e + h^* \wedge f^* \otimes f$ ,  $\varphi_2 = e^* \wedge h^* \otimes f$ ,  $\varphi_3 = h^* \wedge f^* \otimes e$ ,  $\varphi_4 = e^* \wedge f^* \otimes f$ ,  $\varphi_5 = e^* \wedge f^* \otimes e$ ,  $\varphi_6 = e^* \wedge h^* \otimes h$ ,  $\varphi_7 = h^* \wedge f^* \otimes h$ ,  $\varphi_8 = e^* \wedge f^* \otimes h$ .

**Дәлелдеуі.** (a) Кез келген  $\varphi \in C^2(\mathfrak{g}, \mathfrak{g})$  коцепі үшін

$$-\varphi([e, h], f) + \varphi([e, f], h) - \varphi([h, f], e) = 0$$

болғандықтан,

$$-[e, \varphi_1(h, f)] + [h, \varphi_1(e, f)] - [f, \varphi_1(e, h)] = [e, f] - [f, e] = 0,$$

$$-[e, \varphi_2(h, f)] + [h, \varphi_2(e, f)] - [f, \varphi_2(e, h)] = -[f, f] = 0,$$

$$-[e, \varphi_3(h, f)] + [h, \varphi_3(e, f)] - [f, \varphi_3(e, h)] = -[e, e] = 0,$$

$$-[e, \varphi_4(h, f)] + [h, \varphi_4(e, f)] - [f, \varphi_4(e, h)] = [h, f] = 0,$$

$$\begin{aligned} & -[e, \varphi_5(h, f)] + [h, \varphi_5(e, f)] - [f, \varphi_5(e, h)] = [h, e] = 0, \\ & -[e, \varphi_6(h, f)] + [h, \varphi_6(e, f)] - [f, \varphi_6(e, h)] = -[f, h] = 0, \\ & -[e, \varphi_7(h, f)] + [h, \varphi_7(e, f)] - [f, \varphi_7(e, h)] = -[e, h] = 0, \\ & -[e, \varphi_8(h, f)] + [h, \varphi_8(e, f)] - [f, \varphi_8(e, h)] = [h, h] = 0, \end{aligned}$$

Онда (2) шартқа сәйкес  $\varphi_1, \varphi_2, \dots, \varphi_8$  коцептері коцикл болады.

Сондықтан

$$\varphi = x_1 e^* \wedge h^* \otimes e + x_2 e^* \wedge h^* \otimes h + x_3 e^* \wedge h^* \otimes f + y_1 e^* \wedge f^* \otimes e + y_2 y_1 e^* \wedge f^* \otimes + y_3 e^* \wedge f^* \otimes f + z_1 h^* \wedge f^* \otimes e + z_2 h^* \wedge f^* \otimes h + z_3 h^* \wedge f^* \in Z^2(\mathfrak{g}, \mathfrak{g}),$$

мұндағы,  $x_j, y_j, z_j \in k$ . Онда (2) коцикл шарты  $x_1 + z_3 = 0$  және  $\dim Z^2(\mathfrak{g}, \mathfrak{g}) = 9 - 1 = 8$  болады. Базис түрінде  $\varphi_j, j = 1, 2, \dots, 8$  алуға болады.

(b) Мысалы:

$$\varphi = \sum_{j=0}^8 a_j \varphi_j \in Z^2(\mathfrak{g}, \mathfrak{g})$$

және

$$\omega = b_1 e^* \otimes e + b_2 e^* \otimes h + b_3 e^* \otimes f + b_4 h^* \otimes e + b_5 h^* \otimes h + b_6 h^* \otimes f + b_7 f^* \otimes e + b_8 f^* \otimes h + b_9 f^* \otimes f \in C^1(\mathfrak{g}, \mathfrak{g}),$$

мұндағы,  $a_j, b_j \in k$ . Онда  $\varphi = d\omega$  шартынан  $a_1 = a_2 = a_3 = 0$ ,  $a_4 = b_6$ ,  $a_5 = b_4$ ,  $a_6 = b_6$ ,  $a_7 = b_4$ ,  $a_8 = b_1 + b_5 + b_9$  болатыны анықталады. Сонымен қатар,

$$\varphi_1, \varphi_2, \varphi_3, \varphi_4, \varphi_5$$

коциклы сызықты тәуелсіз және олардың кластарының базисі  $H^2(\mathfrak{g}, \mathfrak{g})$  кеңістігінде орналасқан.

## ӘДЕБИЕТ

1. G.V. Seligman. *Modular Lie algebras*. New York: Springer-Verlag, 1967.
2. М.И.Кузнецов, Н.Г.Чебочко, *Деформации классических алгебр Ли* // Математический сборник, 191, №8, (2000), 69-88.
3. Рудаков А.Н., *Деформация простых алгебр Ли* // Изв. АН СССР. Сер. матем. 1971. Т. 35. С. 1113-1119.
4. Brown G. *Lie algebras of characteristic three with non-degenerate Killing form* // Trans. Amer. Math. Soc. 1969. V. 137. P. 259-268.
5. Кострикин А.И., *Параметрическое семейство простых алгебр Ли* // Изв. АН СССР. Сер. матем. 1970. Т. 34. С. 744-756.
6. Кострикин А. И., Кузнецов М. И., *О деформациях классических алгебр Ли характеристики три* // Докл. РАН. 1995. Т. 343. №3. С. 299-301.

7. Буаррудж М., Лебедев А.В., Вагеман Ф. Деформации алгебры Ли  $\mathfrak{o}(5)$  в характеристиках 3 и 2 // Матем. заметки. 2011. Т. 89, №6. С. 808-824.

8. А.С. Джумадильдаев, *K* деформациям классических простых алгебр Ли // УМН. 1976. Т. 31. №3. С. 211-212.

9. Kirillov S. A., Kuznetsov M. I., Chebochko N. G. Deformations of the Lie algebra of type  $G_2$  of characteristic three, Izv. Vuzov Mat. 2000. No 3. P. 33-38.

### РЕЗЮМЕ

В работе исследованы локальные деформации алгебры Ли  $\mathfrak{sl}_2(2)$  над алгебраически замкнутым полем  $k$  характеристики  $p = 2$ .

### SUMMARY

In this work the local deformations of the Lie algebra  $\mathfrak{sl}_2(2)$  over an algebraically closed field  $k$  of characteristic  $p = 2$  are investigated.

УДК 512.815.6

## ЛИ ГРУППАЛАРЫНЫҢ КӨРІНІСТЕРІ ТУРАЛЫ

**Ибраев Ш.Ш.**

*физика-математика ғылымдарының кандидаты,  
«Болашақ» университеті, Қызылорда қ.*

$G$  – матрицалық Ли группасы, ал  $V$  – нақты немесе комплекс сызықты кеңістік болсын.

**1-Анықтама.**  $G$  матрицалық Ли группасының  $V$  сызықты кеңістігіндегі *көрінісі* деп  $\Pi : G \rightarrow GL(V)$  группалық гомоморфизмін айтады. Бұл жағдайда  $V$  сызықты кеңістігі *көрініс кеңістігі*,  $\rho(A) - A \in G$  үшін *көрініс операторы* деп аталады.

Егер  $\Pi : G \rightarrow GL(V)$  сызықты бейнелеу болса, онда ол *сызықты көрініс*,  $V$  нақты кеңістік немесе комплекс сызықты кеңістік болса – сәйкесінше *нақты көрініс* немесе *комплекс көрініс*,  $V$  ақырлы өлшемді кеңістік немесе ақырсыз сызықты кеңістік болса – сәйкесінше *ақырлы өлшемді көрініс* немесе *ақырсыз көрініс* деп аталады.

Ақырлы өлшемді көріністерде:

1)  $V - n$ -өлшемді нақты сызықты кеңістік болса,  $GL(V) \cong GL(n, \mathbb{R})$ , онда ақырлы өлшемді нақты көрініс  $\Pi : G \rightarrow GL(n, \mathbb{R})$  түрінде жазылады;

2)  $V - n$ -өлшемді комплекс сызықты кеңістік болса,  $GL(V) \cong GL(n, \mathbb{C})$ , онда ақырлы өлшемді нақты көрініс  $\Pi : G \rightarrow GL(n, \mathbb{C})$  түрінде жазылады.

Инъективті көрініс *дал көрініс* деп аталады.

Ли алгебрасының көрінісіне ұқсас  $G$  матрицалық Ли группасының  $\Pi : G \rightarrow GL(V)$  көрінісін оның сызықты кеңістікке әсері ретінде де қарастыруға болады (әрбір  $A \in G$  үшін  $V$  сызықты кеңістігіне әсер ететін  $\Pi(A)$  операторы табылады). Бұл жағдайда  $V$  сызықты кеңістігі  $G$ -модуль ұғымын енгізуге болады.

**2-Анықтама.**  $G$  – матрицалық Ли группасы болсын.  $G$ -модуль деп барлық  $A, B \in G, v \in V$  үшін  $(AB)v = A(Bv)$  теңдігі орындалатындай  $G \times V \rightarrow V, (A, v) = Av$  бейнелеуі анықталған  $V$  сызықты кеңістігін айтады.

**1-Теорема.**  $V$  сызықты кеңістігіндегі  $G$ -модульдік құрылым  $G$  матрицалық Ли группасының  $V$  сызықты кеңістігіндегі көрінісін бірмәнді анықтайды.

**Дәлелдеуі.**  $V - G$ -модуль болсын.  $\Pi : G \rightarrow GL(V)$  бейнелеуін  $\Pi(A)v = Av, A \in G, v \in V$ , теңдігімен анықтайық. Одан әрі,

$$(AB)v = P(AB)v; \quad (1)$$

$$A(Bv) = P(A)(Bv) = P(A)(P(B)v) = (P(A)P(B))v. \quad (2)$$

$V$  сызықты кеңістігіндегі  $G$ -модуль болғандықтан (1) және (2) теңдіктердің сол жақ бөліктері тең, олай болса олардың оң жақ бөліктері де тең болады:

$$P(AB)v = (P(A)P(B))v,$$

Бұдан  $P(A)v = Av$ ,  $A \in G$ ,  $v \in V$ , формуласымен анықталған  $P : G \rightarrow GL(V)$  бейнелеуінің гомоморфизм, олай болса оның  $G$  матрицалық Ли группасының  $V$  сызықты кеңістігіндегі көрінісі екенін көреміз.

Керісінше,  $P : G \rightarrow GL(V)$  –  $G$  матрицалық Ли группасының  $V$  сызықты кеңістігіндегі көрінісі боса, онда  $V$  сызықты кеңістігіндегі  $G$ -модульдік құрылымды  $Av = P(A)v$ ,  $A \in G$ ,  $v \in V$ , теңдігі арқылы анықтауға болады. 1-Теорема дәлелденді.

Сонымен,  $G$  матрицалық Ли группасы көрінісінің көрініс кеңістігін  $G$ -модуль болып табылады екен.

**3-Анықтама.**  $P$  –  $G$  матрицалық Ли группасының  $V$  сызықты кеңістігіндегі нақты немесе комплекс көрінісі және  $W$  –  $V$ -ның ішкі кеңістігі болсын. Егер кезкелген  $w \in W$  және кезкелген  $A \in G$  үшін  $P(A)w \in W$  болса, онда  $W$  ішкі кеңістігі  $P$  көрінісіне қатысты *инвариантты ішкі кеңістік* деп аталады.  $W \neq \{0\}$  және  $W \neq V$  болатындай  $W$  инвариантты ішкі кеңістігі *тривиаль емес инвариантты ішкі кеңістік*, ал тривиаль емес инвариантты ішкі кеңістігі жоқ көрініс *келтірілмейтін көрініс* деп аталады.

$G$ -модульдер тілінде инвариантты ішкі кеңістік  *$G$ -ішкі модуль*, ал келтірілмейтін көрініске сәйкес келетін  $G$ -модуль *жай  $G$ -модуль* деп аталады.

**4-Анықтама.**  $P : G \rightarrow GL(V)$  және  $\Sigma : G \rightarrow GL(W)$  –  $G$  матрицалық Ли группасының екі көрінісі болсын. Кезкелген  $A \in G$  және кезкелген  $v \in V$  үшін  $\varphi(P(A)v) = \Sigma(A)\varphi(v)$  теңдігі орындалатындай  $\varphi : V \rightarrow W$  сызықты бейнелеуі көріністердің *байланыстырушы бейнелеуі* деп аталады. Көріністердің қайтымды байланыстырушы бейнелеуі көріністер *эквиваленциясы*, ал араларында эквиваленция бар екі көрініс *эквивалентті* деп аталады.

$G$ -модульдер тілінде эквивалентті көріністерге сәйкес келетін  $G$ -модульдер *изоморфты  $G$ -модульдер* деп аталады. Кей жағдайларда изоморфтылық көріністер үшін де пайдаланылады.

Матрицалық Ли группаларының көріністері эквиваленттілікке дейінгі дәлдікпен зерттеледі, яғни эквивалентті көріністер «бірдей» деп есептеледі.

Матрицалық Ли группасы мен оның Ли алгебрасының көріністері арасындағы байланыс келесі теорема арқылы анықталады.

**2-Теорема.**  $G$  – матрицалық Ли группасы,  $\mathfrak{g}$  – оның Ли алгебрасы және  $\Pi : G \rightarrow GL(V)$  – ақырлы өлшемді нақты немесе комплекс көрініс болсын. Онда кезкелген  $X \in \mathfrak{g}$  үшін

$$\Pi(e^X) = e^{\pi(X)}$$

теңдігі орындалатындай  $\mathfrak{g}$  Ли алгебрасының бір ғана  $\pi : \mathfrak{g} \rightarrow \mathfrak{gl}(V)$  көрінісі бар болады.  $\pi$  көрінісі

$$\pi(X) = \frac{d}{dt} \Pi(e^{tX})|_{t=0}$$

формуласы арқылы есептеледі және кезкелген  $X \in \mathfrak{g}$  және кезкелген  $A \in G$  үшін

$$\pi(AXA^{-1}) = \Pi(A)\pi(X)\Pi(A)^{-1}$$

теңдігін қанағаттандырады.

**Дәлелдеуі.** Жалпы жағдайда, әрбір  $\Phi : G \rightarrow H$  Ли группалары гомоморфизміне олардың Ли алгебраларының  $\varphi : \mathfrak{g} \rightarrow \mathfrak{h}$  ассоциацияланған гомоморфизмі бар болатыны белгілі (4-параграфтағы 8-теорема).  $H = GL(V)$  және  $\Phi = \Pi$  деп аламыз.  $GL(V)$  группасының Ли алгебрасы  $\mathfrak{gl}(V)$  болғандықтан ассоциацияланған  $\varphi = \pi$  Ли алгебралар гомоморфизмі  $\mathfrak{g}$ -ді  $\mathfrak{gl}(V)$ -ға бейнелейді, сондықтан  $\mathfrak{g}$  Ли алгебрасының көрінісін анықтайды.

$\pi$  көрінісінің қасиеттері 4-параграфтың 8-теоремасындағы  $\varphi$ -дің сәйкесті қасиеттерінен шығады.

2-Теорема дәлелденді.

Байланысқан матрицалық Ли группасының келтірілмейтін көрінісіне оның Ли алгебрасының да келтірілмейтін көрінісі, сол сияқты байланысқан матрицалық Ли группасының эквивалентті көріністеріне оның Ли алгебрасының да эквивалентті көріністері сәйкес келеді.

**5-Анықтама.**  $G$  – матрицалық Ли группасы,  $\square$  – Гильберт кеңістігі,  $U(\square)$  –  $\square$ -тағы унитар операторлар группасы болсын. Онда келесі үздіксіздік қасиетті қанағаттандыратын  $\Pi : G \rightarrow U(\square)$  гомоморфизмі  $G$  группасының унитар көрінісі деп аталады: Егер  $\{A_m\}, A \in G$  және  $A_m \rightarrow A$  болса, онда барлық  $v \in \square$  үшін  $\Pi(A_m)v \rightarrow \Pi(A)v$ .

Тривиаль емес инвариантты тұйық ішкі кеңістігі жоқ унитар көрініс келтілмейтін унитар көрініс деп аталады.

Бұл анықтамадағы үздіксіздік шарты қатаң үздіксіздік деп аталады.

Көріністерге мысалдар қарастырайық.

1) *Стандарт көрініс*. Анықтама бойынша,  $G$  матрицалық Ли группасы – қандайда бір  $GL(n, \square)$  группасының ішкі жиыны.  $G$ -дің  $GL(n, \square)$ -ға енуі ( $\Pi : G \rightarrow GL(n, \square)$ ,  $\Pi(A) = A$  бейнелеуі)  $G$ -дің көрінісі болады, оны  $G$ -дің *стандарт көрінісі* дейді.

Мысала,  $SO(3, \square)$  группасының стандарт көрінісі  $SO(3, \square)$ -дің  $\square^3$  кеңістігіндегі әдеттегі әсері, ал  $SU(2)$  группасының стандарт көрінісі  $SU(2)$  -нің  $\square^2$  кеңістігіндегі әдеттегі әсері арқылы анықталады.

2) *Тривиаль көрініс*. Бір өлшемді  $\square$  сызықты кеңістігін қарастырайық. Кезкелген  $A \in G$  үшін  $\Pi(A) = 1$  теңдігімен берілген  $G$  матрицалық Ли группасының  $\Pi : G \rightarrow GL(1, \square)$  көрінісі *тривиаль көрініс* деп аталады. Бұл – келтірілмейтін көрініс.

3) *Біріктірілген көрініс*.  $G$  – матрицалық Ли группасының, ал  $\mathfrak{g}$  – оның Ли алгебрасы болсын. Алдыңғы пункттегі 7-Теореманың 2) тұжырымы бойынша, әрбір  $A \in G$   $X \in \mathfrak{g}$  үшін  $AXA^{-1} \in \mathfrak{g}$  болғандықтан,  $Ad_A(X) = AXA^{-1}$ ,  $X \in \mathfrak{g}$ , формуласы арқылы  $Ad_A : \mathfrak{g} \rightarrow \mathfrak{g}$  түрлендіруін анықтауға болады. Онда  $Ad : G \rightarrow GL(\mathfrak{g})$ ,  $A \rightarrow Ad_A$ , формуласы арқылы берілген бейнелеу матрицалық Ли группаларының гомоморфизмі болғандықтан  $G$  группасының  $\mathfrak{g}$  кеңістігіндегі көрінісі болып табылады, оны  $G$  группасының *біріктірілген көрінісі* деп атайды.

$SO(3, \square)$  группасы үшін стандарт көрініс пен біріктірілген көріністердің екеуі де үш өлшемді және олар изоморфты.

4)  $SU(2)$  группасының кейбір көріністері. Дәрежесі  $m$ -ге тең екі айнымалыдан біртекті көпмүшеліктердің  $V_m$  сызықты кеңістігін қарастырайық. Ол

$$f(z_1, z_2) = a_0 z_1^m + a_1 z_1^{m-1} z_2 + a_2 z_1^{m-2} z_2^2, \quad (3)$$

мұндағы  $z_1, z_2 \in \square$ , түріндегі функциялардан тұрады және  $n$ -өлшемді комплекс сызықты кеңістік болып табылады.

Анықтама бойынша,  $SU(2)$  группасының  $U$  элементі  $\square^2$  кеңістігінің сызықты түрлендіруі ретінде қарастыруға болады. Егер  $z = (z_1, z_2) \in \square^2$  болса, онда  $V_m$  кеңістігіндегі  $\Pi_m(U)$  түрлендіруін

$$(\Pi_m(U)f)(z) = f(U^{-1}z) \quad (4)$$

формуласы арқылы анықтауға болады. (3) түріндегі  $f$  үшін (4) формуланы мына түрде жаза аламыз:



$$(P_m(U)f)(z_1, z_2) = \sum_{k=0}^m a_k (U_{11}^{-1}z_1 + U_{12}^{-1}z_2)^{m-k} (U_{21}^{-1}z_1 + U_{22}^{-1}z_2)^k.$$

Бұл формуланың оң жақ бөлігіндегі жақшаларды ашып, содан соң ықшамдасақ, нәтижесінде  $m$ -дәрежелі көпмүшелік шығады, олай болса,  $P_m(U)f \in V_m$ .

Сонымен бірге,

$$\begin{aligned} (P_m(U_1)P_m(U_2)f)(z) &= P_m(U_1)(P_m(U_2)f)(z) = \\ &P_m(U_1f)(U_2^{-1}z) = f(U_1^{-1}U_2^{-1}z) = \\ &P_m(U_1U_2)f(z) \end{aligned}$$

есептеулері  $P_m$  бейнелеуінің  $SU(2)$  группасының  $V_m$  кеңістігіндегі көрінісі екенін көрсетеді.

5)  $SO(3, \square)$  группасының унитар көріністері.  $\square = L^2(\square^3, dx)$  –  $\square^3$  кеңістігіндегі квадратура арқылы интегралданатын функциялардың кеңістігі блсын. Әрбір  $R \in SO(3, \square)$  үшін  $\square$  кеңістігіндегі  $P_1(R)$  операторын

$$(P_1(R)f)(x) = f(R^{-1}x)$$

формуласы арқылы анықтайық.  $dx$  Лебег өлшемі бұруларға қатысты инвариантты болғандықтан, әрбір  $R \in SO(3, \square)$  үшін  $P_1(R)$  унитар оператор болады. Алдыңғы мысалдағыға ұқсас есептеулер  $R \rightarrow P_1(R)$  бейнелеуінің  $SO(3, \square)$  группасынан  $U(\square)$  ( $\square$ -тағы унитар операторлар) группасына гомоморфизм екенін көрсетеді. Бұл бейнелеу қатаң үздіксіз, сондықтан,  $SO(3, \square)$  группасының унитар көрінісін анықтайды.

Енді  $\Omega$  беттік өлшемі анықталған бірлік  $S^2 \subset \square^3$  сферасын қарастырайық. Кезкелген  $R \in SO(3, \square)$  элементі  $S^2$  сферасын  $S^2$ -нің өз ішіне көшіреді. Әрбір  $R \in SO(3, \square)$  элементі үшін  $\square = L^2(S^2, \Omega)$  кеңістігінде әсер етуші  $P_2(R)$  операторын келесі формула арқылы берейік:

$$(P_2(R)f)(x) = f(R^{-1}x).$$

Онда  $P_2$  –  $SO(3, \square)$  группасының унитар көрінісі.

Осы анықталған  $P_1$  және  $P_2$  унитар көріністерінің екеуі де келтірілетін көріністер.  $P_2$  жағдайында  $L^2(S^2, \Omega)$  кеңістігі үшін ол ақырлы өлшемді инвариантты ішкі кеңістіктердің тік қосындысына тұратындай керемет жіктелу бар болады. Бұл жіктелу физикада сфералық гармоника теориясының негізі болып табылады.

### ӘДЕБИЕТ

1. Серр Ж.-П. Группы и алгебры Ли. – М.: Мир, 1969. – 480 С.
2. Humphreys J.E. Linear algebraic groups. – Springer-Verlag, 1998.
3. Винберг Э.Б., Онищик А.Л. Семинар по группам Ли и алгебраическим группам. – М.: Наука, 1988, 1995.
4. Киррилов А.А. Элементы теории представлений. – М.: Наука, 1978. – 344 С.

### РЕЗЮМЕ

В работе рассмотрены представления матричных групп Ли. Исследованы стандартное, тривиальное представления и некоторые представления группы  $SU(2)$ .

### SUMMARY

In this work we regard the representations of matrix Lie groups. The standard, trivial representations and some representations of  $SU(2)$  are investigated.

## ӘОЖ 654.14

### IT ИНДУСТРИЯНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫНЫҢ БІРІ – WiMAX ТЕХНОЛОГИЯСЫ

*Керим Гүлдана Оңалбекқызы,  
техника ғылымдарының магистрі;  
Жылқайдар Ақгүлім Арыстанбекқызы,  
«Болашақ» университеті, ИС-13 оқу тобы*

WiMAX – телекоммуникацияның барлық салаларымен байланысқан қарқынды дамып келе жатқан технологиялардың жиынтығы. Кеңжолақты сымсыз ақпарат тарату желілері бүгінгі күнде IT-индустрияның негізгі бағыттының бірі болып табылады.

WiMAX келесі тапсырмаларды шеше алады:

- Wi-Fi қолжетімділіктік нүктелерін бір-бірімен және Интернеттің өзге де сегменттерімен байланыстыру;

- сымсыз кеңжолақты қолжетімділікті ерекшеленген желілерге және DSL (Digital Subscriber Line, цифрлық абоненттік байланыс) баламалары ретінде қамтамасыз ету;

- деректерді жіберудің жоғары жылдамдықты қызметтері мен телекоммуникация қызметтерін ұсыну;

- географиялық орналасуға тәуелсіз қолжетімділік нүктелерін тудыру.

Қазақстанның қалаларында, елді мекендерінде WiMAX кеңжолақты радиоқолжетімділік желісін MetroEthernet тасымалдау инфрақұрылымын қолданумен, қала ішінде деректер тарату мен дауыс жеткізудің жоғары қызметтерін көрсету мүмкіндіктерімен ұйымдастыруға болады. MetroEthernet – деректер беру, Интернетке қатынау және т.б. қызметтер көрсетуге арналған желі.

WiMAX технологиясы ғылыми ықпалдастық, әр түрлі ортадағы (микроэлектроника мен схемотехникадан бастап байланыс теориясы, есептеу техникасы, қазіргі заманғы өндірісті ұйымдастыру әдісіне дейін) техникалық және технологиялық жетістіктерге негізделеді.

WiMAX деген не? Мұндай сұраққа бүгінгі күні екіншісі бірі жауап бере алмайды. WiMAX сымсыз Интернетті қамтамасыз етеді, бірақ Wi-Fi-дан қандай айырмашылығы бар?

WiMAX – кеңкөлемді құрылғылар спектріне арналған, үлкен қашықтықта сымсыз Интернетті қамтамасыз ету мақсатында жасалған телекоммуникациялық технология. Басқа радиоқолжетімділік технологияларға қарағанда, WiMAX қаладағы тығыз құрылысқа қарамастан базалық станцияны тікелей көрмесе де жұмыс істей алады. Бұл үлкен мегаполистер үшін өте көкейтесті

сұрақ, арнайы мұнара орнатпай-ақ, биік ғимараттардың шатырына базалық станцияны орнату жеткілікті. Осындай әрекет желіні үлкен қашықтықта тез дамытуға септігін тигізеді. Бұл технологияның тағы бір маңызды артықшылығы: радиожабын радиусы 100 метрден аспайтын Wi-Fi-ға қарағанда WiMAX-тың жабын аймағы кейбір жағдайларда 50 км-ге жетеді. Сондықтан бұл технология сымды желі немесе xDSL технологиясын енгізу мүмкіндігі жоқ шалғай аудандарда Интернет немесе қарапайым телефонияға қолы жетпеген адамдар үшін өте пайдалы. Ал мұндай пайдаланушылар Қазақстан бойынша аз емес, сондықтан WiMAX біздің елде жеткілікті дамуда. Бүгінгі күнде осы технология бойынша Қазақстан қалаларында (мысалы, Астана, Алматы, Ақтау, Қарағанды, Тараз және т.б. қалаларында) Интернет қосылған. Қазіргі кезде WiMAX байланысын сымды телефония ресурсы орнатылмаған қалалық аудандарда қолдану экономикалық орынды.

WiMAX жабдықтарының барлық техникалық шешімдері негізінде құрылатын IEEE 802.16 стандарттары сымсыз қолжетімділік желілердің операторлық класына жатады. IEEE 802.16 стандарттары жиыны желілерінің құрылымы дәстүрлі GSM (Global System for Mobile Telecommunications, мобильдік байланыстың ауқымды жүйесі. Цифрлық ұялы байланыстың жалпы еуропалық стандарты) желілеріне ұқсас (базалық станциялар ондаған километр қашықтыққа дейін әрекет етеді, оларды орнату үшін төбелерді құру міндет емес – үйлердің төбелерінде станциялар арасындағы тікелей көріну шартын сақтау барысында орнатуға болады).


Қазіргі замандағы кеңжолақты сымсыз қолжетімділік (КСҚ) технологиясының кең қолданыстағы қызмет атқаратын түрі, IP (Internet Protocol, Интернет хаттама) – архитектура және MIMO-OFDM (Multiple-Input-Multiple-Output-Orthogonal Frequency Division Multiplexing, көптік-кіру-көптік-шығу-ортогональды жиіліктік мультиплексирлеу) технологиялық принципіне негізделген WiMAX технологиясы болып табылады. 2014 жылға қарай орташа мобильді кеңжолақты байланыс айына шамамен 7 Гб трафикті генерациялайды деп күтілуде.

Бүгін WiMAX КСҚ рыногының едәуір бөлігін алады. Juniper Research болжамдарына жүгінсек 2013 жылдың соңына қарай WiMAX абоненттік базасы 50 млн. адамды құрайды, ал 2020 жылы WiMAX дүниежүзілік мобильді байланыс нарығының 20% ала алады (Forpoint Group). Сонымен, бұл технология әлі ұзақ уақыт бойы сұранысқа ие болады.

Intel процессорлық компаниясының арқасында WiMAX технологиясы 2007 жылы ITU (International Telecommunications Union, Халықаралық электр байланыс одақтастығы) IMT-2000 (International

Mobile Telecommunications- 2000, мобильді байланыстың 3-ші буынның құру ІТУ Халықаралық бағдарламасы) стандарттарына, яғни 3G технологиялар жиынтығына енгізілді. Бірақ 2010 жылы шілдеде Intel компаниясы WiMAX өңдеу бөлімшесінің жабылғанын, бірақ WiMAX-ты өз чиптарымен қолдайтындығын жариялады.

802.16a (2003 ж.) стандарты 2-11 ГГц диапазон аралығында жұмыс істеуін қарастырады және екінші реттік желілерде (xDSL, Ethernet және т.б.) қолданылуы мүмкін. WiMAX стандартының соңғы нұсқауларын құрушылар кейбір техникалық принциптерін түзетіп, жоғары өнімділікке қол жеткізді (өткізу қабілеттілігін арттырды, пакеттік өңдеу кезіндегі кідірістерін қысқартты, радиожабынды жақсартты). Мысалы, IEEE 802.16.d (бекітілген (fixed) WiMAX) технологиясының негізгі артықшылығы - деректер берудің жоғары жылдамдығы және де тиімді алгоритмдер мен радиотарату хаттамаларымен анықталатын өте жақсы техникалық сипаттамалар [1]. IEEE 802.16m релизі КСҚ байланысының аса жоғары өнімділігін қамтамасыз ететін аса озық функционалға ие. Іс жүзіндегі ең перспективті шешім ретінде IEEE 802.16e/m (802.16e WiMAX атымен де танымал) технологиясы болды. Олардың пайда болуы 3G мобильді стандарттарындағы шектеулерді жеңумен байланысты.



Wi-MAX стандартының негізінде базаны ұйымдастыру

WiMAX технологиясы бірқатар келесі артықшылықтарға ие:

- сымды (xDSL, T1, E1), сымсыз және спутниктік жүйелерге қарағанда WiMAX желісі жаңа тұтынушыларға экономикалық жағынан тиімді түрде қызмет көрсетеді және олардың мүмкіндіктерін арттырады;

- стандарт байланыс операторының технологиясы деңгейлерін біріктіреді (кішкене желілерді біріктіріп, оларға Интернетке қолжетімділік құруға мүмкіндік береді), сондай-ақ, «соңғы шақырым» технологиясын да біріктіреді («соңғы шақырым» технологиясы – провайдер желісіне қолжетімділік нүктесі мен тұтынушы компьютер арасындағы бөлік). Бұл бірігу әмбебаптылық пен сенімділікті арттырады;

- сымсыз технологияларды пайдалану, оны эксплуатациялау және орнату кезінде өте қарапайым. Оған жаңа тұтынушыларды қосу оңайырақ және қосымша қаражатты, қосымша жұмыс күштерін қажет етпейді. Себебі: ол керек кезде масштабталу қасиетіне ие;

- дамушы және алыс, қиындықтар туғызатын аймақтарда (мысалы, батпақ, тау, орман) сымсыз технологияны орнату қарапайымдылығы;

- қызмет көрсету қашықтығы радиобайланыстың негізгі параметрлері болып саналады. Қазіргі уақытта кеңжолықты сымсыз технологиялар желі объектілері арасындағы тікелей көрінушілікті қажет етеді. WiMAX OFDM технологиясының арқасында тікелей көрінушілік жоқ объектілер арасында байланысты қамтамасыз етуге қабілетті және бұл кездегі арақашықтық ондаған километрлермен өлшенеді;

- WiMAX технологиясы алғашқыдан IP-протоколын иеленген және соған байланысты жергілікті желілерді оңай интеграциялауға мүмкіндік береді;

- WiMAX технологиясы бір орында орналасатын (фиксирленген, бекітілген), орын ауыстыратын, үнемі қозғалыста болатын объектілерге бір инфрақұрылымда жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

WiMAX Forum WiMAX-қа қолжетімділік құрудың төрт түрін анықтады [2].

Фиксирленген қолжетімділік (fixed access) құру. Бұл қолжетімділікті құру кезінде пайдаланушы құрылғы қызмет көрсету контракты бойынша келісілген уақыт бойы, яғни, контракт аяқталғанша орын ауыстырмауы тиіс. Қызмет көрсету кезінде тұтынушы қалаған уақытында желіге кіре алады немесе одан шыға алады, сондай-ақ, өзінің қалауы бойынша «ең жақсы» деген базалық станцияны таңдауына мүмкіндігі бар. Ал, қарапайым жағдайда пайдаланушы құрылғы тек бір ғана базалық станцияның секторымен немесе ұясымен қатынас жасайды. Ол істен шыққан немесе онымен байланысу қиыншылығы туындаған кезде басқа базалық станцияға ауысу процесі автоматты түрде орындалады.

Әр түрлі орындардан қолжетімділік (nomadic access) құру. Бұл қолжетімділікті құру түрінде пайдаланушы құрылғы бір сеанс біткенше бір жерде тұрақтауы тиіс. Ал, егер де ол сол сымсыз желінің

басқа жеріне орын ауыстырса, онда желі оның жазылуының атрибуттарын анықтайды және өзге сессия орнатылады. Бірақ, бұл кезде алдыңғы пунктте айтылған мүмкіндіктер сақталады.

Ауысу режиміндегі қолжетімділік (portable access) құру. Бұл қолжетімділікті құру кезінде пайдаланушы құрылғы сымсыз желімен шектелген аймақта жаяу жүріс жылдамдығымен жүрген кезде байланыс жасауға мүмкіндік алады. Сессия кезінде байланыс желісінің бір ұяшығынан немесе оның бір секторынан екіншісіне ауысқан кезде басқарудың барлық мүмкіндіктері берілмейді. Яғни, желі мүмкіндіктері шектеулі болып қалады.

Қарапайымдатылған мобильді қолжетімділік (simple mobile access) құру. Бұл қолжетімділікті құру кезінде сымсыз желі шекарасының ішінде көлік жылдамдығымен қозғалып келе жатқан құрылғыға шынайы уақытты қажет етпейтін қосымшалар сессиясын тоқтатпауға мүмкіндік береді. Секторлар мен ұяшықтардың арасында орын ауыстыру кезінде басқаруды беру сеансты жоғарыда көрсетілген типті қолданбалар үшін үзіліссіз етеді.

Толық мобильді қолжетімділік (full mobile access) құру. Бұл қолжетімділік құру түрі сымсыз байланыс аясындағы территорияда пайдаланушы құрылғы өте үлкен жылдамдықпен қозғалған кезде, байланысты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Гарант (кепіл) түріндегі басқаруды беру, базалық станция секторларын немесе ұяларды ауыстырған кезде барлық қосымшаларға үздіксіз жұмыс жасауға мүмкіндік береді.

WiMAX кадрының ұзақтығы 5 мс. Кадр 47 OFDM символынан (5 немесе 10 МГц арна үшін) тұрады және жоғары/төмен жолдардағы субкадрларға икемді бөліне алады.

Жалпы жағдайда, WiMAX желілері келесі негізгі бөліктерден тұрады: базалық және абоненттік станциялардан, сонымен қатар базалық станцияларды өзара қызметті ұсынушылармен және Интернетпен байланыстыратын жабдықтамадан. WiMAX желілерінде базалық станция (БС) мен абоненттерді байланыстыру үшін 1,5-ден 11 ГГц-ке дейінгі аса жоғары жиіліктегі радиотолқын диапазоны қолданылады. Идеалды жағдайда деректермен алмасу жылдамдығы 70 Мбит/с жете алады, бұл кезде базалық станция мен қабылдағыш арасында тікелей көрінуді қамсыздандыру талап етілмейді.

Базалық станциялар арасында 10-нан 66 ГГц-ке дейінгі жиіліктер диапазонын қолданатын байланыстар (LoS (Line of Sight, тікелей көріністегі) орнатылады, деректермен алмасу жылдамдығы 140 Мбит/с жете алады. Бұл жағдайда, кем дегенде, бір базалық станция дәстүрлі сымды қосылуларды пайдаланатын провайдер желілеріне жалғанады.

Сонымен, кеңжолалық қолжетімділік (КЖҚ) өзекті экономикалық индикатор ретінде жоғары жылдамдықты және үзіліссіз Интернетке қосылу мен екі жақты байланыс (бір уақытта жоғары жылдамдықта ақпаратты жіберу және қабылдау мүмкіндігі) орнатуды қамтамасыз етеді. КЖҚ барлық Интернет ресурсты қызмет ретінде қалыптастырады. WiMAX – бұл кез келген жерде барлық қолданушылар үшін мультисервисті желілерге қолжетімділікті қамтамасыз ететін, КЖҚ-ның бір түрі. КЖҚ технологиясы көп шығынсыз, аз уақытта дами алады. КЖҚ қолдана отырып басқа өрістермен де жұмыс істеуге болады [3]:

- байланыс операторларының алыс жердегі тораптарын қосу;
- мобильді қолданушылар үшін жылдам ақпарат алмасу;
- резервті арналар құру;
- төтенше жағдай және уақытша қолдану үшін инфрақұрылым ұйымдастыру.

WiMAX базасындағы кеңжолалық сымсыз желілер ерекше артықшылықтарға (мобильділік, көптеген жағдайларда ең пайдалы, кей жағдайларда үлкен аймақтарда телекоммуникациялық инфрақұрылымның құрылуын, экономикалық үмітін ақтайтын мүмкіндігі бар) ие. Бұл әсіресе үлкен аймаққа ие және халқы тығыз орналаспаған Қазақстан үшін маңызы зор.

WiMAX коммерциялық желілері жұмыс істеуде, ал LTE (Long Term Evolution, ұзақ мерзімді даму) әлі де “күн астындағы орнын” алу керек. Ол желінің сыйымдылығы мен деректер тарату жылдамдығын арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ол операторларға қажетті жоғары жылдамдықты және жоғары өнімді талап ететін инновациялық қызметті нарыққа шығаруға мүмкіндік береді (жоғарғы нарықты видео (бейне), үш өлшемді картографиялық сервистер, кеңкөлемді мәліметтерді жүктеу және т.б.).

WiMAX технологиясы үлкен перспективті мобильді телекөрсетілім дамуы үшін қолданылады. Мұнда контент-жоспарланған қызметке жеңіл қолжетімділік ұйымдастыруға болады:

- дауыс беру (абоненттер интерактивті шоуды көріп жатқанда нақты уақытта соған немесе басқа қатысушыға дауыс бере алады);
- еске түсіру және қайтарымды байланыс (сол немесе басқа программаға шығуға, еске салуға, қосылуға мүмкіндік бар);
- музыка және бейне (музыкалық арнаны көріп отырғанда орындаушылар тізімін немесе композицияларын қарап шығуға болады, сонымен қатар өзіңнің ұялы телефоныңа рингтон түрінде композицияны сатып алуға болады);
- нақты уақытта өздік жеке телеарналар құруға мүмкіндік.

Сонымен берілген технология желіге тез әрі жеңіл қолжетімділік, жаңа қызмет және мүмкіндіктер, әртүрлі жұмыс үшін үлкен алаң



ұсынады. Ең басты артықшылықтарының бірі - қызметті қолдануда ыңғайлы болуы, орын ауыстыру кезінде қондырғыны жаңа орынға ауыстыру қажет емес, ең маңыздысы - ол қызметтерді қамту аймағында, яғни БС әрекет радиусында орналасады.

### **ӘДЕБИЕТ**

1. Нагорский М. Мультисервисный радиодоступ для абонентов фиксированных сетей // Технологии и средства связи. 2008. № 4. - С. 47.
2. Пахомов С. Мобильный WiMAX приходит в Россию // Компьютер-Пресс. 2008. № 2. - С. 22.
3. Вишневский В.М., Портной С.Л., Шахнович И.В. Энциклопедия WiMAX. Путь к 4G. М.: Техносфера, 2009. – 472 с.
4. Широков В. Методология создания беспроводных мультисервисных сетей класса WiMAX. Ч.2 // Технологии и средства связи. 2010. № 3. - С. 25.

### **РЕЗЮМЕ**

WiMAX — телекоммуникационная технология, разработанная с целью предоставления универсальной беспроводной связи на больших расстояниях для широкого спектра устройств.

### **SUMMARY**

WiMAX is a telecommunication technology designed to provide universal wireless communications over long distances for a wide range of devices.

## УДК 519.2

### МАТЕМАТИКАЛЫҚ МОДЕЛЬ ЖАЛПЫ ТАНЫМ ҚҰРАЛЫ

*Пірова Г.Қ.,  
аға оқытушы  
«Болашақ» университеті*

Модель-жасанды құрылған объект. Ол схема, сызба, математикалық танбалар, физикалық формулалар және т.б. түрінде беріледі. Қазіргі кезде неғұрлым кең таралған қарапайым модельдерге: графикалық модель, сөздік модель, математикалық модель (объектінің заңдылықтарын, әсерін, қасиетін математикалық заңдылықтар бойынша бейнелеу) информациялық модель (ауызша, сөзбен берілген мәліметті формальды тілде бейнелеу); аналитикалық модель (процесстерді бастапқы және шекаралық шарттар үшін нақты сандық түрде және ізделінді мәнді айқын түрде сипаттауды қамтамасыз ету) стохастикалық модель (белгілі бір уақыт мезетінде объектін сипаттау); көрнекті модель (зерттелетін объектін схемалар, диаграммалар, графиктер) т.с.с.с.

Модель жалпы таным құралы. Өзімізге белгілі сан, интеграл, алгоритм сияқты жүйелі ұғымдар модельге жатады. Кез-келген заттарды, құбылыстарды, процесстерді, көзқарастарды, теорияларды зерттеу барысында олардың бізге қажетті жүйелі жақтары жайында мақсатқа негізделген көрнекілік немесе логикалық қалыптары жасалады. Нәтижесінде объектін өзiне емес, оның барынша идеалдандырылған бейнесiне лайықты болжамдар, шешiмдер жасаймыз. Осыған байланысты, басқа жүйелі объект жөнiнде мағұлматтар алу құралын модель деймiз. Яғни, әрбiр құбылысты, процесстердi, теориялар мен көзқарастарды тиянақты жүйе ретiнде қабылдауға көмектеседi.

Модельдер материалдық және идеалдық болып бөлінеді. Материалдық модельдер зерттелетін объектілердің ерекшеліктерін, түп нұсқасымен ұқсастығын бейнелейтін және математикалық модельдеріне жіктеуге болады. Объектінің пайдалануға қолайлы шағын үлгісі оның кеңістіктегі ерекшелігін бейнелейді. Объектілердің түпнұсқасымен физикалық бірегейлікте болатын, олардың құрылымдық қасиеттерін бейнелеушілердің барлығы материалдық модельге мысал бола алады.

Модель жасау арқылы, олардың қай түрі болмасын, күрделіні оңайлатуға, көрінбейтінді көрінерлікке, сезілмейтінді сезінерлікке жеткізуге болады. Сондықтан да, модель жасау танымның барлық

деңгейі үшін, демек оқу процесі үшін де ең күшті әдістердің бірі болып табылады.

Геометриялық фигуралар ақиқат объектінің моделі болады және сол фигураларға ғана байланысты айтылған заңдар-пайымдаулар мен тұжырымдарды, олардың нақты қасиеттерін бейнелейді. Сондықтан, геометриялық фигураларды жалаң түрде ғана оқу, геометрияны жүйелі ғылым ретінде қабылдауға толық көмектесе алмайды. Ол үшін, геометриялық фигураларды жеке - дара емес, сонымен қатар, олардың арақатынастары тұрғысынан, геометрияның негізгі ұғымдарымен біртұтас түрде қарастыра отырып оқыту.

Сонда ғана, геометриялық ұғымдар арасындағы тәуелділіктерді логикалық жүйеленген, аксиомалар мен теоремаларды басшылыққа ала отырып, шындыққа көз жеткізудің бір тәсілі дәлелдеу арқылы жүзеге асыра аламыз.

Ал, материалдық модельдеу арқылы геометриялық фигуралар жөнінде оқушылардың кеңістікте пайымдауларын қалыптастыралы. Бұл пайымдауларда даму категорияларының барлығы дерлік көрініс береді.

Мысалы, айтылған тұжырымның дұрыстығын тағайындау үшін дәлелдеу барысында белгіліден белгісізге көшетінің анық. Сондай-ақ, жоқтан бар болмайды. Сондықтан, геометрияның алғашқы қағидаларын (аксиомаларын) басшылыққа ала отырып, логикалық жүйеленген басқа қағидаларын (теоремаларын) тағайындай аламыз.

Немесе, геометриялық объектілер бақылау, тәжірибие негізінде пайда болған десек, онда олардың материалдық модельдері геометриялық фигуралар қасиеттері, сол объектілердің де қасиеттерін бейнелейді. Алайда, геометрия геометриялық ұғымдар мен объективтік дүние арасындағы байланыс емес, ұғымдар арасындағы тәуелділікті оқытатындықтан, материалдық модельдері арқылы сол ұғымдарға анықтама беру үшін пайдаланылады. Әрине, геометрияны жүйеленген ғылым ретінде, алғашқы ұғымдарын ажырата оқыту ерекше көңіл бөлетін мәселелердің бірі.

Интеллектуалдық мүмкіндікті қалыптастырудың міндеті қандай да бір елдің болашағын, оның ғылымын, мәдениетін, өнерін, технологиясын анықтайтын оның жалпы орта білім жүйесінде жатыр.

Білім беру мазмұнының басты мақсаты жан - жақты дамыған және біртұтас тұлғаны тәрбиелеу құралы менгеру шарты болу, оқушылардың шығармашылық ойлауын дамыту және сол арқылы өмірдің әр саласында адекватты, еркін және жауапты ойлау және әрекет ету, әр түрлі жағдайда әрекетшіл болу қабілетін сіңіру десек, бұл сипаттамалардың барлығы да математика сабағында қалыптастырылады және дамытылады.

Себебі, біріншіден математика басқа ғылымдар саласының дамуының – мұрындығы, тірегі, қызметшісі.

Екіншіден, гуманитарлық деп жүрген ғылымдарда математикалық модельдеу әдісін қолдану негізінде олардың дәлдік деңгейі артады.

Үшіншіден, математика дедуктивтік ғылым болғандықтан оқушының заңға (конституция) сүйеніп ой қорытындылауын қалыптастырады. Ал, бұл құқықтық мемлекетке ең қажетті фактор.

Төртіншіден, математикалық білімнің өзіне тән сипаттамалары басым болады: ақыл алғырлығы, зерттеу ынталылығы, заңдылықтарды табуға қызығушылық, дәлелдеуді логикалық ой тұжырымы арқылы іске асыруы, дедуктивтік ой қорытындылауы, жалпылама және ықшамды пікір айтуға ұмтылуы.

### ӘДЕБИЕТ

1. G.Booch, J.Rumbauch, I.Jacobson. The Unified Modeling Language User Guide. – Addison-Wesley, 1999.

2. А.Якобсон, Г.Буч, Дж.Рамбо. Унифицированный процесс разработки програмного обеспечения.- СПб.:Питер, 2002.

3. У.Боггс, М.Боггс. UML и Rational Rose. -М.: Лори, 2002.

4. Е.Кватрани. Rational Rose 2000 и UML. Визуальное моделирование. -М.:ДМК Пресс, 2001.

5. Д.Розенберг, К.Скотт. Применение объектного моделирования с использованием UML и анализ прецедентов.- М.:ДМК Пресс, 2002.

### РЕЗЮМЕ

Геометрические фигуры в окружающей среде материального мира, возникшие в результате. Поэтому, изначально истина свойств веществ продольной геометрии в пространстве: решений, форму (вид), в исследовании особенностей, таких как взаимное расположение.

### SUMMARY

Geometric shapes in the surrounding material world Wednesday, dereksizdeu (abstraction) and idealdandyru arising as a result. Therefore, initially true properties of longitudinal geometry in space: it solutions, form (kind of), study features, such as positioning.

ӘОЖ. 339.5

## ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ РЕТТЕУДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІҢ РОЛІ МЕН ОРНЫ

*Календарова Кунсулу  
Алтынбековна,*

*Экономика ғылымдарының магистрі,  
«Болашақ» университеті колледжі*

Мемлекеттің экономикаға араласуы белгілі мақсаттарды көздейді және ең алдымен нарықтық механизмнің кемшіліктерін түзету қажеттілігімен байланысты.

Нарықтық экономикадағы мемлекеттің ролі келесі функциялар арқылы көрінеді:

а) экономикалық шешімдерді қабылдауға құқықтық негіз жасау;

б) экономиканы тұрақтандыру;

в) әлеуметтік қорғау және әлеуметтік кепілдікті қамтамасыз ету;

Шын мәнінде барлық функциялар өзара байланысты және экономикалық жағдайға кешенді әсер етеді.

- инвестициялар мен жинақтардың арасындағы тепе-теңдікті қалпына келтіру және капитал салымдарын ынталандыру;

- толық жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету;

- тауардың импорты мен экспортын, капитал мен жұмыс күшін ынталандыру;

- тұрақты экономикалық дамуды қолдау.

Экономикалық теорияда экономиканың жағдайы мен сауықтырудың төрт негізгі макроэкономикалық индикаторларын бөліп көрсетеді: инфляция қарқыны, жұмыссыздық деңгейі, ұлттық байлықтың өсуі, төлем балансының тепе-теңдігі.

Әрбір индикатор қалғандарымен тікелей және жанама байланысты болады. Мысалы, жұмыспен қамту деңгейінің артуы, инфляцияның өсуіне әкеп соқтыруы мүмкін. Жұмыссыздықтың артуы, экономикалық дамуды тежейді, экономикалық жағдайды жасанды жандандыру елдің төлем балансының нашарлауына немесе инфляцияның қарқынының бұзылуына әкеп соқтырады.

Экономикалық ғылымда осы төрт индикатордың өзара байланысы «магиялық төртбұрыш» деген атауға ие болған (В. Ойкен, Ф. Бем, А. Рюстов, Ф. Майер) [1].

Оның болуының өзі барлық экономикалық мәселелерді бірден шешуге болмайды, оны шешудің басым бағыттарын анықтап,

барлық күш-жігерді соған бағыттай отырып шешу қажет дегенді білдіреді.

Бұның бәрі, мемлекеттің экономиканы тиімді реттеуін күрделендіретіні сөзсіз

Егер елдің алдында тек бір ғана міндетті шешу міндеті тұрса, онда жеңіл, мысалы жоғары инфляцияны немесе төлме баланысының тапшылығын жою болса, онда шығындар мардымсыз болады.

Ал егер магиялық төртбұрыштың барлық мәселелері бірмезгілде туындаса ше: экономикалық және саяси тұрғыда оларды шешу күрделі болады, өйткені басымдықты таңдау мемлекет үшін қиынға соғады және әлеуметтік-экономикалық жағдайдың ушығуына әкеп соқтыруы мүмкін.

Осындай жағдайлар өтпелі экономикасы бар және көптеген дамушы елдерге тән.

Тәжірибе жүзінде барлық аталған мәселелерді бірмезгілде шешуге көптеген жылдар бойы мүмкін болмай келеді.

Шындығында инфляцияның жоғары қарқыны конъюнктураның төмендеуін, ары қарай – жұмыспен қамту мәселесін күшейтуі мүмкін.

Екінші жағынан жұмыспен қамтудың жоғары деңгейі жұмыс күшінің тапшылығына, еңбекақының артуына, халықтың табысының ұлғаюына әкеп соқтыруы мүмкін, ол өз кезегінде елде инфляцияның өсуіне, импорттың артуына әкеп соқтыруы мүмкін, ол төлем балансына теріс әсер етеді.

Осыған орай әрбір нақты кезеңге экономикалық саясаттың доминанты болып, теріс экономикалық және әлеуметтік салдарларды туындататын қоғамның әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығына қауіпті мәселелерді жою табылады.

Мемлекеттің экономикалық саясатының бағыттары мен әдістері өзара тұтас ретінде қарастырылады.

Біріктіруші негіз болып, еркін шаруашылық тәртібінің концепциясы мен оған қайшы элементтер реттеу механизмдерінің тұралуын туындататын элементтер сияқты өздерін бірден көрсетеді. Ақауларды дер кезінде аықтау түзетуді жеңілдетеді.

Дж. М. Кейнстің пікірі бойынша экономикалық-нарықтық қатынастар жүйесі мінсіз және өзін өзі реттеуші жүйе болып саналмайды, және мемлекеттің әлеуметтік және экономикалық қатынастарға белсенді қатысуы ғана жұмыспен қамту және экономикалық өсуді қамтамасыз ете алады.

Дж. М. Кейнс, басқа экономистерге қарағанда мемлекет экономиканы басқаруы тиіс, өйткені тек мемлекет қана экономикалық

процестердің мықты реттеуші болып табылады деген пікірді ұстанады [2].

Нарықтың пайда болатын мәселелері өздігінен шешілуге қауқары жоқ, өз кезегінде оның құруына әкеп соқтыруы мүмкін. Сондықтан Дж. М. Кейнстің пікірі бойынша әсер етудің жалғыз тетігі болып, мемлекеттік реттеу табылады, тек мемлекет қана нарықтың барлық мәселелерін шеше алады.

Мысалы, жұмыссыздықты жоюдың негізгі шарты болып табылатын, еңбекақыны қысқартуды болдырмау жұмыспен қамту мәселесін шешеді.

Дж. М. Кейнс негізгі психологиялық заңды негіздеді. Оның мәні жиынтық нақты табыстың артуына қарай тұтыну да артады, бірақ табыстың өсуінің шамасындай емесдегенді білдіреді.

Ол мемлекет салықтардың тиісті жүйесі арқылы бөлшекті тұтыну бейімделігіне, оның ішінде пайыз нормасын белгілеу және басқа да әсер ету тәсілдерімен әсерін тигізеді деген пікір айтады.

Дж. М. Кейнс салық пен жарналарға аса орын береді, өйткені олар оның пікірі бойынша көптеген экономикалық процестердің реттеуші және бюджет құраушы механизмі болып табылады.

Дж. М. Кейнс прогрессивтік салық салу концепциясын ұсынды. Ол прогрессивтік салық мөлшерлемелері мемлекеттің қалыптасуы мен әсер етуінде позитивтік роль атқарады, өйткені мемлекет бюджетке түсімді көбейтеді деп есептеді.

Дж. М. Кейнс табыстардың айналымының концепциясын негіздеді: жұмыспен қамтылған халық жұмысы үшін ақша алады және оны қызмет пен тауар үшін жаратады. Яғни алынған табыстар олардың өндірісін ұйымдастыратын тауар және өндірушілеріне қарай қозғалады.

Қарастырылып отырған жағдайда ақша негізгі роль атқармайды, өйткені оған қызмет көрсету сипаты тән.

Шынайы өмірде адамдар табыстарын толық жұмсап тастамайды, оның бір бөлігін сақтап қояды.

Осыған орай табыстар өндірушілерге толығымен емес, жартылай қайтарылады.

Олардың қалыпты қозғалысын қалпына келтіру және өндірісті дамыту үшін, жинақтар инвестицияға бағытталуы тиіс.

Қарастырылып отырған модельдің қалыптасқан ережелеріне сәйкес, инвестицияда кемшілік болса, жинақты азайту қажет, ал егер артық болса, арттыру қажет.

Осылайша, тұрақты дамуды қамтамасыз ету үшін, жинақты азайтып, инвестицияны көбейтуге тырысу қажет.

Мемлекеттік реттеудің негізгі міндеті нақты елдегі және нақты әлеуметтік-экономикалық жағдайдағы орталық билік тарапынан

басқару немесе саналы бақылауда болатын параметрлерді дұрыс таңдаумен түсіндіріледі.

Негізгі реттелетін айнымалылардың жиынтығын жасай отырып, Дж. М. Кейнс ұлттық табыстың өндіріске саылнатын күштің көлеміне, яғни жұмыспен қамту көлеміне байланысты болатынын есепке алған [3].

Жұмыспен қамтудың кемшілігі, өндірістің көлемі және жұмыссыздықтың себебі, тиімді сұраныстың кемшілігімен және соған байланысты табыспен түсіндіріледі.

Реттелмейтін нарықтық механизмдердің еркін әсер ету жағдайындағы жеткіліксіз тиімді сұраныс, оны оның көлемі туралы білетін тәуелсіз жеке субъектілердің анықтайтын себебінен пайда болуы мүмкін.

Табыстың мен тиімді сұраныстың төмендеу тенденциясының себебі болып, Кейнс бойынша жинақтың көлемінің инвестициядан артуына бейімділік табылады.

Сондықтан инвестициялауға төмен мотивация негізгі экономикалық мәселеге айналып отыр.

Табыстардың өсуі тұтынуды арттырады. Дж. М. Кейнс негізгі факторлар ретінде: еңбекақы көлемін және тазап табысты атайды. Нақты табыстың артуына қарай тұтыну заттарына сұраныс және жинақтауға бейімділіктің артуына қарай инвестициялық салымдар азаяды.

Бұл жағдай жалпы мемлекетке тән: егер елдің нақты табысы артатын болса, онда оны тұтыну да артады, бірақ аз пропорцияда.

Соған байланысты экономика тиімді сұранысқа және инвестицияға қажеттілігі туындайды.

Өндіріс көлемі және жинақ мүмкіндіктерінің өсу тенденциясы, егер жұмыспен қамту және жиынтық табыс артатын болса, барлық бірдей қосымша жұмысшылар қосымша тұтыну қажеттіліктерін қанағаттандыруға талап етілмейтін жағдайда болады.

Сондықтан жұмыспен қамтудың өсуі өндіріс құралдарының өндірісіне бағытталуы тиіс, болмаған жағдайда тұтыну заттарының артық өндірілу жағдайы туындауы мүмкін, сұраныс тиімсіз болады.

Нарық бұл механизмнің өзін - өзі реттеуін қамтамасыз етпейтіні белгілі, соған орай мемлекет әлеуметтік-экономикалық дамудың негізгі параметрлерін индикативтік жоспарлау арқылы экономикалық дамудың шешуші факторы және бағыттауыш күшіне айналуы тиіс.

Осыны ескере отырып, инвестициялауға бейімділікті күшейту және жиынтық сұранысты басқаруды арттыру мақсатында мемлекеттің араласу қажеттілігі туындайды, ол инвестициялық және өндірістік процесті қарқынтауы тиіс.



Қосымша табыс қаншалықты көп жұмсалса, инвестицияның өсуі және ары қарайғы табыс та соншалықты көп болады деген ережені анықтау үшін, М.Кейнс тұтынудың шекті бейімделігіне сәйкес, мультипликатор ұғымын енгізді [4].

Жасалған ережелерге сәйкес, тұтынудың шекті шамасы жоғары болған сайын, инвестиция да жоғары болады.

Сұранысты ынталандыру бойынша шаралар мультипликатордың анықтайтын шамасының шығынынан асатын мультипликативтік әсер беруі тиіс.

Қосымша инвестициялар мультипликация әсерімен қоса жүреді: жаңа инвестициядан жұмыспен қамтуды бастапқы арттыру қосымша өсуге әкеп соқтырады, ол ұлттық табысты қосымша артуын қамтамасыз етеді.

Капитал өндіруші салаларға салынатын инвестицияларға табыс құраушы сипат тән.

Тәжірибе мемлекеттік қаражаттарды өндірістік, нарықтық және инновациялық инфрақұрылымды кеңейту және жасаумен байланысты жобаларға салу тиімді екенін көрсетті.

Уақыт өте кейнсиандықта мектептерді жекелеген ағымдарға бөлу жүрді: мемлекеттің инвестицияны әскери-өнеркәсіптік кешенге салуды көздеуге реттеуші ролін арттыруды қарастыратын радикалды; либералды- азаматтық инвестицияларға мемлекеттік орташа әсер етуді қарастырады; солшыл ағым, ұлттық табысты бөлу және еңбекақыны өндіріс стимулы ретінде қарастыра отырып арттыруды қарастырады.

Кейнсиандық тәсілді пайдаланудағы шектеулер туралы ережелерді П.Хейне де растайды. Ол Дж. М. Кейнстің теориясын кейнсиандық тәсіл тұрғысынан қарастыра отырып, жинақ жинақтауды бұрынғы экономистер растаған сөзсіз игілік болып табылмайтынын айтады.

Егер инвестицияның күтілетін көлемі төмендейтін болса, адамдар жинақ нормасын бұрынғы деңгейде ұстап тұруға тырысатын болса, онда тұтыну шығындары жиынтық сұранысты қажетті көлемде өтей алмайды.

Нәтижесі белгілі- сатылмаған тауарлар, өндірістің және табыстың құлдырауы.

Бұл шын мәнінде жинақтың жоғары деңгейі инвестициялаудың жоғары нормасына қажетті жағдай деген негізді білдіреді.

Шындығында тұтынудың өсуі, оның ішінде инвестициялық сұраныстың артуына әкеп соқтырады, және өндірістің кеңейтуді және табыстың артуын ынталандырады.

Одан басқа инвестициялар айналымға қайтарылған жиналған қаражаттар, қарыз, несие және басқа да ақша көздері есебінен жинақты арттырмай арттырылуы мүмкін.

Табыс, жинақтар және инвестициялар инфляцияның салдарынан, алынған несиеге пайыз төлемі, қарыз пайызын арттыру салдарынан азайтылуы мүмкін.

Басқа сөзбен айтқанда, инвестицияның көлемі мен динамикасына факторлардың жиынтығы әсер етеді. Оның ішінде: инвестицияның өзін-өзі ақтау мерзімі және тиімділігін, несиенің пайыздық мөлшерлемесінің көлемі, салық салу деңгейі, инфляция деңгейі, саяси және экономикалық саясат т.б.

Ұзақмерзімді өсу мәселелері және оның факторларын зерттей отырып, индустриясы дамыған кемелденген экономикада инвестицияның шекті өнімділігінің төмендеу тенденциясы міндетті болуы туралы Кейнстің ойын дамыта отырып, Хансен жаңа табиғи ресурстарды игеру, ғылыми-техникалық прогрестің мүмкіндіктерін тауысу және халықтың өсу қарқының төмендеуі бойынша капитализмнің тоқырауға жалпы тенденциясының концепциясын ұсынды.

Инвестицияны ынталандыруға және өндірісті жаңарту үшін, экономикаға мемлекеттік қаражаттарды құюды қосымша пайдалану, қаржыландыру көздері болып, еңбекақы салығы, мемлекеттік қарыздар, орташа инфляция болуы тиіс, мемлекеттік сатып алу және тапсырыстар жүйесін пайдалану ұсынылды.

Негізгі реттеуіш құрал болып, көлемдері мен мөлшерлемесі нарықтың конъюнктурасына қарай өзгертін тиімді сұранысты, салықты, әлеуметтік төлемдер мен жәрдемақыларды төлеуге пайдалану арқылы «орнатылған тұрақтандырғыштың» ролін атқаратын мемлекеттік бюджет болуы тиіс.

Оның өкілдері дайындаған концепциялар кейін экономикалық теорияға экономикалық процестерді басқарудың әдістерінің бірі - мемлекеттік дирижизм ретінде енгізілген индикативтік жоспарлаудың негізін қалаған экономиканы мемлекеттік реттеу практикасында пайдаланылды.

## ӘДЕБИЕТ

1 World Bank. World Development Report 2002 //The State in a Changing World. N.Y., 2002

2 Государственное регулирование рыночной экономики / Под ред. В.И. Кушлина и Н.А. Волгина. – Москва: ОАО «НПО «Экономика», 2005..

3 Гутник В. Многотомник - ежегодник “ORDO” // <http://www.ieras.ru/journal/journal4.2006/14.htm>

4 Кейнс Дж.М. Общая теория занятости, процента и денег. – Москва, 2007.

**РЕЗЮМЕ**

В данной статье рассматриваются роль и место государства в регулировании инвестиционной деятельности.

**SUMMARY**

This article examines the role and place of the state in regulating investment activity.

## ӘОЖ 340.13

### ҚҰҚЫҚ НОРМАЛАРЫН ТАЛҚЫЛАУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ

*Серкебаев Дәуренбек Жұбайұлы,  
заңтану магистрі, «Болашақ» университеті колледжі*

Норма дегеніміз - бір қатынасты реттеп, басқаратын ереже. Норма сөзі латын тілінен аударғанда «үлгі», «ереже» деген мағынаны білдіреді. Заң шығару, құқық нормаларын қабылдау қоғамдық қатынастарды реттеудің тек басы ғана. Құқық нормалары қабылданғаннан кейін мемлекеттік аппараттың барлық буындары оларды іс жүзіне асыруға белсенді қызмет атқарулары тиіс, құқық жасаушы органдардың қоғамдық қатынастарды реттеудегі алдына қойған мақсаттары орындалуы тиіс.

Құқық нормасы – құқықтың білдірілу нысаны. Қоғамдық қатынас саласындағы сол немесе басқа да мемлекетпен рұқсат етілген жалпы сипаттағы (заң, жарлық, қаулы) міндетті тәртіп.

Біртекті қатынастарды реттеп, құқық саласын құрайтын (азаматтық, қылмыстық, әкімшілік құқық және т.б.) құқық нормасының жиынтығы.

Құқық нормалары жалпыға міндетті күшке ие, жауапкершілікті бұзған жағдайда, субъектілерге заңдық құқықтар мен міндеттерді беруді қарастырады.

Құқықтық норма - қоғамдық қатынастарды реттеуде қолданылатын әлеуметтік ережелердің бір түрі. Ол бүкіл халықтың мүддесін қорғаудың мемлекеттің билігін, саясатын іс жүзіне асырудың құралы. Құқықтық норма қоғам мүшелерінің мінез-құлқын, іс-әрекетін арнайы ережелермен реттейді.

Құқықтық норма заңды ресмилендірілген нормативтік нұсқау. Сондықтан оны мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар, лауазымды адамдар мен барлық азаматтар сақтауға міндетті. Заң нормасы - құқық жүйесінен пайда болатын алғашқы құқықтың клеткасы. Соған байланысты ерекше әлеуметтік құбылыс ретінде өзіне тән белгілері бар. Құқық және құқық нормалары бір-біріне сай келмейді. Олар жалпы және жеке түрде қатынаста болады.

Құқық - бұл құқықтық нормалардың жиынтығы, ал құқықтық норма ең маңызды қоғамға және тұлғаға қатысты өте қажет қоғамдық қатынастарды реттеуші. Құқықтық нормада қоғам және тұлға үшін зиянды қатынастар да бейнеленеді. Құқық нормаларын өз органдары атынан мемлекет бекітеді және ол орындалуға міндетті, оны

бұзғандар заң алдында жауапкершілікке тартылады. [Оспанов Қ.И. Құқық негіздері: Оқу құралы. Алматы, 2006 жыл.-296].

Құқықтық нормалар басқа әлеуметтік нормалармен салыстырғанда жалпы мазмұнға ие, бәріне бірдей қолданылатын мінез-құлықты бекітеді. Мемлекеттік органдар өздерінің құқық бекіткен құзырлары бойынша құқықтық нормаларды бекітеді. Бірақ, қабылдаған нормалардың бәрі құқықтық нормалар болып саналмайды.

Құқық нормаларын іс жүзіне асыру деп құқық субъектілерінің құқық нормаларының талаптарымен келісіп, құқыққа сай мінез-құлықтың қалыптасуы, адамдардың өздеріне жүктелген субъективтік құқықтары мен құқықтық міндеттерін іс жүзіне асырудағы қызметтерін айтады.

Құқық нормалары мемлекеттің бекіткен өмірі ретінде құқықтық қатынас субъектілерінің мінез-құлықтарының жалпы сипаттамаларын жол-жора, ереже ретінде ғана айқындайды. Себебі, жеке тұлғалар мен заңды тұлғалардың өмірде жасалатын барлық іс-әрекеттерін құқық нормаларына сиғызу мүмкін емес. Мысалы, ұрлық құдайдың құтты күні сан алуан түрде, әр түрлі сипатта жасалынады. Түнде, күндіз және заттар үйден, қоймалардан, калтадан, гараждан, мейманханадан, автомобильден, магазиннен, базардан ұрланады. Заң шығарушы орган ұрлықтың құрамының барлық сипаттамаларын құқықтық нормада бекітпейді тек нағыз мазмұнын, қоғамға қауіпті ерекше сипаттарын ғана белгілейді. Объективтік жағынан ұрлық тек қана «бөтен мүлікті жасырын ұрлау» деген іс-әрекетті бекіткен. Адамды жауапқа тартуға біреудің мүлкін жасырын ұрлағаны жеткілікті. Ал, қай жерден, кімнің мүлкі екені көрсетілмейді. Бір сөзбен айтқанда заң шығарушы органның құқық нормаларында субъектілерінің бекітілген мінез-құлықтарын толыққанды, терең түсіну үшін әділетті мағынада іс жүзіне асыру және дұрыс қолдану үшін оларды талқылау қажет. Бұл процесс ойлау арқылы болады және соның нәтижесінде құқық нормасының мәні айқындалады. Жалпы құқық нормаларын талқылаудың тарихына көз жүгіртетін болсақ заңның нормаларын, оның сөздік мәнін түсіндіруге тыйым салынғанын аңғарамыз. Кезінде Юстиниан, Пий IV, Наполеон I, Ш.Л.Монтескье, Ч.Беккарна сияқты ірі қайраткерлер заңға түсінік беріп, оны талқылауға тыйым салуды талап еткен. Олардың ойынша мұндай әрекеттер заңның мазмұнын бұрмалауға әкеп соқтырып, заңсыздыққа тікелей жол ашады. [С.Өзбекұлы., Ө.Қопабаев. Мемлекет және құқық теориясы. Оқулық. 2006 жыл,-264 бет].

Құқық нормаларын талқылау деп заң шығарушы органның құқық нормаларында бекіткен еркін, мазмұнын ұғынуға, түсіндіруге бағытталған субъектілердің қызметтерін айтады.

Талқылау құқық қолданудың ең маңызды және жауапты сатыларының бірі болып табылады, ол арқылы құқық нормалары іс жүзіне асырылады. Талқылаудың өзінің мазмұны бар және оның кейбір жақтары негізінде екі ұғыммен қамтылады: ұғыну және түсіндіру.

Ұғыну - субъектінің ойлау процесінің жемісі, құқық нормасын түсінудегі қорытынды пікірі. Ұғыну толғаныс, күйзеліс арқылы қалыптасады, тұжырым жасауға мүмкіндік береді. Соның нәтижесінде логикалық заңның күшімен тексерілген, дұрыс қорытынды туындайды.

Түсіндіру - интерпретатордың құқық нормасын дұрыс қолданудың мазмұнын айқындап, ашып көрсетуі. Түсіндіру - тек ғана ұғынудан кейін болатын саты. Алдымен ұғып алып, содан кейін ғана түсіндіруге болады. Ұғынусыз түсіндіру болмайды.

Құқық нормаларын талқылаудың бірнеше түрлері бар:

1. Субъектілері бойынша құқық нормаларын талқылау ресми және ресми емес болып екі түрге бөлінеді.

Ресми талқылау нормативтік, казуальдық болып бөлінеді.

II. Ресми емес талқылау заң күші жоқ, құқық нормаларын іс жүзіне асыруда құқық субъектілеріне міндетті емес түсінік беру. Мұндай талқылау кеңес берумен ғана шектеледі. Ресми емес талқылау мемлекет және құқық теориясында үш түрге бөлінеді: кәдімгі, кәсіби және доктриналдық.

III. Тәсілдері бойынша құқық нормаларын талқылау тарихи-саяси, логикалық, арнайы-зандық, жүйелілік, грамматикалық болып бөлінеді.

IV. Көлемі бойынша құқық нормаларын талқылау сөзбе-сөз, кеңейтілген және шектелген болып бөлінеді.

Белгілі күштер, партиялар, топтар және таптар лоббизм тетіктерін пайдалану арқылы өз мүдделерін құқық нормаларында бекітеді. Әр кезде тиімді құқықтық нормалар қоғамдық қатынастарды реттеуде қоғамды прогреске жетелейді, шиеленістердің болуын тежейді. Керісінше, тиімсіз нормалар өмірдің дамуын тежеп, керітартпалық рөл атқарады. Құқық жасаушылықтың мақсаты заң ғылымының жетістіктерін пайдалану арқылы тиімді құқық нормаларын қабылдау болып табылады. Құқық нормаларының мазмұнын аталмыш ерекшеліктерді біртұтастық мағынада танып, зерттегенде ғана оның барлық сипаты мен тиімділігіне баға беруге болады.

## ӘДЕБИЕТ

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы, 1995 жыл, 30 тамыз.

2. Оспанов Қ.И. Құқық негіздері: Оқу құралы. - Алматы: Жеті жарғы, 2006. – 296 б.

3. Өзбекұлы С., Қопабаев Ө. Мемлекет және құқық теориясы: Оқулық. – Алматы: Жеті жарғы, 2006. - 264 б.

**РЕЗЮМЕ**

В данной статье рассматриваются вопросы и функции правовых норм.

**SUMMARY**

In this article considered questions and functions about legal norm and rule of law.

ӘОЖ 633.18:631.52

## СОРТ ЖӘНЕ ӨНДІРІСТІҢ ОҒАН ҚОЯТЫН ТАЛАПТАРЫ

*Жанзақов Марат Мықтыбайұлы,  
ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, доцент;  
Сатаева Дариха Карим-Шамалиқызы,  
ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, аға  
оқытушы «Болашақ» университеті*

Селекциялық-тұқым шаруашылығы жұмыстарын нәтижелі жүргізу және ауыл шаруашылығы өндірісінде сорттарды дұрыс пайдалану үшін сорт дегеніміз не? Сондай-ақ барлық сорттардың немесе белгілі бір сорттар тобының ұқсастықтарын, бір-бірінен қалай ажыратылатындықтарын жақсы білу қажет.

Өсімдіктер систематикасында «форма» мен «сорт» ұғымдары сәйкес. Бірақ ол сәйкестік толық емес, олардың арасындағы тек ботаникалық және экологиялық ұқсастыққа ғана қатысты. Сонымен қатар, сорт пен ботаникалық форманың арасында түпкілікті айырмашылық та болады. Сорт адамның өндірістік іс-әрекеті нәтижесінде жасалынады және ол ауыл шаруашылығы өндірісінің құралы болып саналады. С о р т - деп, өнімділік пен өнім сапасын көтеру мақсатында сәйкес табиғи және өндірістік жағдайларда өсіру үшін таңдап алынған, сондай-ақ көбейтілген мәдени өсімдіктердің шаруашылық-биологиялық қасиеттері мен морфологиялық белгілері бойынша ұқсас тобын айтамыз. Қазақстан Республикасының «Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы» Заңында (1999) «Сорт – шаруашылық және биологиялық жағынан қасиеттері мен морфологиялық белгілері ұқсас, шығу тегі жағынан туыс, өз белгілерін тұқым қуалау арқылы келесі ұрпақтарға беретін және белгілі бір ботаникалық таксондағы өсімдіктердің басқа топтарынан ең болмағанда бір белгісі бойынша ерекшеленетін бір дақылдың өсімдіктер тобы» делінген. Сорт туралы мынандай негізгі жағдайларды атап өту өте маңызды. 1. Сорт құрайтын өсімдіктер тобының шығу тегі ортақ болып келеді. Ол бір немесе бірнеше өсімдіктің көбейтілген ұрпағы; 2. Туысбасылық бастапқы өсімдіктерді көбейте, олардың ұрпағында сұрыптаумен шаруашылық - биологиялық қасиеттер және морфологиялық белгілер бойынша ұқсастыққа жетеді. Ол ұқсастықтың дәрежесі бастапқы материалға және сұрыптау әдістеріне байланысты; 3. Сорт белгілі бір табиғи жағдайларда өсіру үшін жасалынады. Ол бір топырақтық-климаттық аймақта жоғарыөнімді болып, басқа аймақтарда төмен өнім беруі мүмкін;



4. Сорт белгілі бір өндірістік жағдайларда өсіру үшін жасалынады және жетілдірілген механизация деңгейі мен егіншілік мәдениетіне сәйкес болуы керек;

5. Сәйкес табиғи және өндірістік жағдайларда сорт тұрақты өнімділікті және жоғарысапалы өнімді қамтамасыз етуі тиіс.

Ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің сорттары пайда болуы (шығуы) және жасалуы тәсілдері бойынша бөлінеді. Пайда болуы бойынша - олар жергілікті және селекциялық болып келеді.

**Ж е р г і л і к т і** - деп, белгілі бір аймақта қандай да болмасын дақылды өсіруде табиғи және жасанды (қолдан) сұрыптаудың қарапайым тәсілдерінің ұзақ әсері нәтижесінде шыққан сорттарды айтамыз. Түрлі дақылдардың жақсы жергілікті сорттарының көпшілігі халықтық селекция процесінде шығарылған.

Көптеген жергілікті сорттардың шаруашылық-биологиялық қасиеттері алуан түрлі болып келеді, сондықтан олар селекциялық сорттар шығару үшін құнды бастапқы материал. Мысалы, жаздық жұмсақ бидайдың «Көжебидай» атты жергілікті сортын пайдаланумен Казахстанская 126 сорты, күріштің жергілікті Қазақы-салысынан - Первомайский 152, сарымсақтың жергілікті дұңған популяциясынан - Заилийский, асқабақтың жергілікті популяцияларынан, оның Афродита және Карина сорттары шығарылған. **С е л е к ц и я л ы қ** сорт ғылыми-зерттеу мекемелерінде селекцияның ғылыми әдістері негізінде жасалынады. Олар морфологиялық белгілері мен шаруашылық-биологиялық қасиеттері бойынша өте жоғары біркелкілігімен ерекшеленеді.

Сорттар жасалуы тәсілдері бойынша популяция-сорттар, линиялық сорттар, клон-сорттар, будандық сорттар және мутанттық сорттарға бөлінеді. **П о п у л я ц и я - с о р т т а р** айқас тозаңданатын немесе өздігінен тозаңданатын өсімдіктерден жаппай сұрыптаумен алынады. Олардың тұқым қуалауы біркелкі емес. Өздігінен тозаңданатындардың популяция-сорттары көптеген жағдайларда гомозиготалық линиялардың қоспасы болып, морфологиялық белгілер мен шаруашылық-биологиялық қасиеттері бойынша алуан түрлі болып келеді. Айқас тозаңданатындардың популяция-сорттары үнемі айқас тозаңдануы арқасында жоғары біркелкілігімен ерекшеленеді. Барлық өздігінен тозаңданатын және айқас тозаңданатын дақылдардың жергілікті сорттары популяция-сорттар болып саналады. **Л и н и я л ы қ** - деп, өздігінен тозаңданатындардан жекелей сұрыптаумен шығарылған сорттарды айтады. Линиялық сорт - бір өсімдіктің көбейтілген ұрпағы, сондықтан ол барлық белгілер мен қасиеттер бойынша жоғары біркелкілігімен ерекшеленеді. Табиғи тозаңдану, механикалық ластану және мутацияланудан линиялық сорттар бірте-бірте өзінің

біркелкілігін жоғалтуы мүмкін. Линиялық сорттарға елімізде бұрыннан өсіріліп келе жатқан және соңғы кездері шығарылған күздік және жаздық астық дақылдарының барлық сорттарын, сондай-ақ өздігінен тозаңданатын басқа да дақылдардың көпшілік сорттарын жатқызуға болады. Тозаңдандырумен және будандық популяциялардан сұрыптаумен алынатын сорттар б у д а н д ы қ, - деп аталады. Өздігінен тозаңданатындардың будандық сорттарының линиялықтарға қарағанда біркелкілігі төмендеу. Сондықтан олардан қайта сұрыптаумен жаңа сорттар шығаруға болады. Барлық дақылдардың пайдалануға рұқсат етілген сорттарының көпшілігі - будандық. Дәнді дақыл арасындағы көпшілік сорттар - күздік бидайдың белгілі Безостая 1 мен Прибой, Богарная, Жетысу, Алмалы, Алия, Егемен, жаздық бидайдың - Саратовская 29, Харьковская 46, Арай және Астана, сұлының - Казахстанский 70, Битик және Иртыш, арпаның - Сәуле, Жұлдыз, Арна мен Байшешек, тарының - Скороспелое 3, Саратовское 6 және Аружан, жүгерінің - Будан 237МВ, Целинный 160СВ, Алатау 107ТВ, Казахстанский 587СВ, сондай-ақ күріштің Авангард, Кубань 3, КзРОС 358 сорттары будандық болып келеді. Кейде будандық популяциядан бір ғана емес, бірнеше морфологиялық біркелкі, бірақ биологиясы әртүрлі линиялар тандап алынады. Ол линиялардың біріктірілген ұрпағы көплиниялық будандық сорт болып саналады. Бұндай сортқа күздік бидайдың Одесская 51, жаздық бидайдың Московская 35, жаздық арпаның Донецкий 4 сияқты сорттары жатады. Әдетте, бұл сорттар экологиялық бейімделгіштілігімен ерекшеленеді және үлкен ареалды алады. Көплиниялық сорттар жасау әдісі біздің елімізде және шетелдерде де кеңінен таралған.

Сыртқы табиғи немесе жасанды мутагендік факторлар әсерінен пайда болған сорттар м у т а н т т ы қ болып саналады. Экперименттік мутагенез процесімен жаздық бидайдың Мутант 1, Мутант 301 және Мутант 306, күріштің - Маржан және картоптың Мереке, Табыс, Игілік сорттары, сондай- ақ басқа да дақылдардың сорттары алынды.

К л о н - с о р т т а р вегетативті көбейетін өсімдіктерді жекелей сұрыптау жолымен жасалынады. Клон-сорт - вегетативті көбейтілген бір өсімдіктің ұрпағы болғандықтан өте біркелкі дәрежелілігімен ерекшеленеді. Клон-сорттар табиғи мутагенездің әсерінен өзгереді. Солтүстік-Батыс АШ ҒӨО мен Қазақ картоп және көкөніс шаруашылығы ҒЗИ-да соңғы кездері шығарылып, Мемтізбеге енгізілген (Ақтөбе, Қостанай, Жамбыл, Қызылорда облыстарында өсіру үшін) картоптың Ақжар, Ұлан, Тамыр сияқты сорттары - клон-сорттар.

Сорттар шаруашылық тұрғыдан қарағанда, бәрінен бұрын бірдей жағдайлардың өзінде әртүрлі өнім беруі мүмкін. Қазіргі

егіншілікте кез келген ауыл шаруашылығы дақылдары өнімділігін көтеретін сорт, өзінше фактор ретінде жоғары және тұрақты өнімдер алу үшін агротехникамен бірге үлкен, ал бірқатар жағдайларда шешуші маңызға ие. Дәнді дақылдардың жаңа, ең жақсы сортын егумен, әдетте қосымша шығынсыз 1 гектардан кемінде 0,2-0,3т өнім өсімдері алынады. Көбіне олар біршама жоғары, кейде 1гектардан 0,8-1т және одан да жоғарыға жетеді. Жүгерінің гетерозисті будандары өнімділік бойынша, оның кәдімгі сорттарынан 20-25 асып түседі.

Көптеген ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің кез келген топырақтық-климаттық аймақтарда өсіру мүмкіндіктерін шектейтін биологиялық қасиеттері болады. Оларға күздіктердің қысқа жеткіліксіз төзімділігі, көптеген дәнді және басқа дақылдардың құрғақшылыққа нашар төзімділігі, кешпісетіндігі, жығылып қалатындығы, ауруларға шалдыққыштығы, зиянкестермен зақымданғыштығы және т.б. жатады. Өсімдіктердің қолайсыз жағдайларда өсу төзімділігін арттыруға агротехника тәсілдерімен жетуге болады. Тат кеселінің өте эпифитотты жылдары күздік және жаздық бидайлар, сұлы өз өнімдерін екі есеге және одан да көпке түсіріп жіберетіні белгілі. Қолайлы мерзімдерде себу, калий мен фосфор тыңайтқыштарын беру және басқа да тәсілдер қолдану бұл ауру залалдарын аз ғана шамаға азайтса, тат кеселімен ауыратын сорттарды ауруға төзімділерімен ауыстырғанда сол дақылдардың өнімділігі күрт өскен.

Ауыл шаруашылығы дақылдарының көптеген шаруашылық-пайдалы белгілері мен биологиялық қасиеттері физиологиялық қиын үйлескен. Олар өсімдіктерде кері корреляциямен байланысқан. Мысалы, көптеген дәнді дақылдардың жоғары өнімділігі ерте пісумен, аязға және құрғақшылыққа төзімділікпен сыйыспайды немесе өте қиын үйлескен. Сондықтан бидайдың және басқа дәнді дақылдардың жоғарыөнімді еуропалық сорттары біздің елімізде қысқа және құрғақшылыққа нашар төзімділіктінен кең тарала қоймаған.

Қазіргі ауыл шаруашылығы өндірісі сортқа жоғары талаптар қояды. Олардың негізгілері:

1) Жылдар бойынша жоғары және тұрақты өнімділікті болуы. Сорт жоғарыөнімді болуымен тыңайтқыштар мен басқа да агротәсілдерді қолданудағы қосымша шығындар есесін қайтаруы тиіс.

2) Қолайсыз жағдайларда өсуге төзімділікті. Сорттар құрғақшылыққа, төмен температураларға, қыстап шығудағы қолайсыз жағдайларға (күздік дақылдар мен көпжылдық шөптер сорттары) төзімділікті, өсірілетін аумақтарында өнімнің тұрақтылығын

анықтайтын сәйкес осы қасиеттері қарсы тұра алатындай болуы қажет.

3) Ауруларды қоздыратындарға және зиянкестерге төзімділікті. Қазіргі егіншілікте оларға кешенді төзімділігі болатын сорттар жасау бірінші дәрежеде бола түсуде.

4) Механизмдерді пайдаланып өсіруге ыңғайлы. Бұл талап интенсивті технология бойынша өсіруге сорттар жасау қажеттілігімен байланысты. 5) Өнімі жоғары сапалы. Сорттар өзінің негізгі өнімі (ақуыз, май, қант, крахмал, талшық мөлшері және т.б.) бойынша көп шамада өнім беруі қажет.

### ӘДЕБИЕТ

1. Гуляев Г.В., Гужов Ю.Л. Селекция и семеноводство полевых культур. -М.: Агропромиздат, 1987. -447 с.

2. Жанзақов М.М. Егістік дақылдар селекциясы. -Астана: Фолиант, 2015. -416 б.

3. Подольских А.Н., Байбосынова С.М., Жанзақов М.М. Экологиялық адаптивтілік - Қазақстан Республикасындағы күріш селекциясының негізгі бағыты. // Жаршы. 2010. -№6. -4-5 бб.

4. Хидиров А.Э., Киреев А.Қ., Тыныбаев Н.Қ. және т.б. Тәлімі аймаққа бейім жаңа дақылдарды салыстырмалы зерттеу жұмыстары // Жаршы, 2009. №9. -12-14 бб.

### РЕЗЮМЕ

Для успешного ведения селекционно-семеноводческой работы и правильного использования сортов в сельскохозяйственном производстве необходимо хорошо представлять, что такое сорт, в чем сходство всех или определенной группы сортов и чем они отличаются друг от друга. Вместе с этим современное сельскохозяйственное производство предъявляет к сорту высокие требования, основные из них изложены в статье.

### SUMMARY

For successful breeding and seed work and proper use of varieties in agricultural production, it is necessary to well imagine what a variety is, what is the similarity of all or a certain group of varieties and how they differ from each other. Together with this, modern agricultural production places high demands on the variety, the main ones are set forth in the article.

ӘОЖ 633.18:631.52

## ӨСІМДІКТЕР ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КОЛЛЕКЦИЯСЫНЫҢ СЕЛЕКЦИЯДА ПАЙДАЛАНЫЛУЫ

*Жанзақов Марат Мықтыбайұлы ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, доцент;  
Әлібекова Ғалия Бекқожақызы ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, доцент,  
«Болашақ» университеті  
Досманбетова Гүлсім Сәрсенқызы,  
«Болашақ» университетінің колледжі*

Дүниежүзілік коллекция материалдарын пайдалану негізінде бұрынғы КСРО-да түрлі ауыл шаруашылығы дақылдарының мыңнан аса сорттары шығарылған, олардың 300 астамы егістік дақылдарға жатады. Олардың ішінде бидай, қарабидай, арпа және сұлының көптеген сорттары 50 млн га аса жерлерде өсіріледі.

Күздік бидайдың жоғары өнімділікті Безостая 1 сортын (Қазақстанда өндіріске 1960 жылы енгізілген, қазіргі кезде де Алматы, Жамбыл және Оңтүстік-Қазақстан облыстарында өсіріледі) жасауда П.П.Лукьяненко дүниежүзілік коллекциядан Венгрия, Италия, АҚШ, Аргентина, Жапония және Испанияның үлгілерін пайдаланды. Қазақстанның астық өндіретін аймақтарына осыдан жарты ғасыр бұрын, нақты 1959 жылдан солтүстік, шығыс, батыс және орталық облыстарда өсіріле бастаған жаздық қатты бидайдың Харьковская 46 сорты БӨШИ коллекциясындағы Алжирдың бидайынан шығарылған. Құрғақшылыққа төзімді арпаның Медикум 8955 сорты (Ақтөбе, Қарағанды, Шығыс-Қазақстан, Алматы облыстарында өсірілетін) Қарағанды ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясында БӨШИ дүниежүзілік қорындағы кішіазиялық үлгіні сұрыптаумен алынған. Біздің еліміздегі өсірілетін жүгерінің гетерозистік будандарының көпшілігі (Казахстанская 43ТВ, Днепровская 56ТВ, ВИР156ТВ және т.б.) БӨШИ дүниежүзілік коллекциясы материалдарын пайдаланумен алынған. Мемтіз-бедегі қонақжүгері сорттарының 2/3 де коллекция негізінде шығарылған. Олар бұл дақыл егісінің негізгі көлемін алып жатыр. БӨШИ коллекциясын пайдаланумен бұрынғы КСРО-да күріштің 20 жуық өнімді сорттары (Кубань 3, Маржан, Авангард, Каракалпақстан және т.с.с.) жасалынды.

«Күріш шаруашылығы ҒЗИ» ЖШС (Қызылорда) ғалымдары БӨШИ коллекциясындағы күріштің мыңнан аса сортүлгілерін зерттеуге пайдаланды: азот тыңайтқыштарының жоғары дозаларына

және гербицидтерге реакцияларын зерттеп, сондай-ақ химиялық заттар және иондайтын сәулелермен әсер етумен алуан түрлі мутанттар алып, күрші селекциясы үшін шаруашылық-биологиялық құнды белгілері мен қасиеттері болатын бастапқы материалдар іріктеді, олардан жұмыс коллекциясын жасады және Арал өңірінің қолайсыз жағдайларына төзімді, жоғары өнімді Маржан, Арал 69, Арал 318, Арал 202, Ару сияқты күрші сорттарын шығарды.

БӨШИ коллекциясының негізінде селекциялық-тәжірибелік мекемелер дәндібұршақ, майлы және малазықтық дақылдардың көптеген құнды сорттарын жасады. Мақтаның Мемтізбеге енгізілген сорттарының барлығы да (Егемен, Мақсат, Мақтаарал 4005, БД 1 және т.б.) дүниежүзілік коллекция үлгілерін пайдаланумен алынған.

БӨШИ ғалымдары картоптың мыңға жуық жабайы түрі мен ескі сорттарын тауып жинастырды. Олардың көпшілігі аязға, колорадо қоңызына, нематодаға және басқа аурулар мен зиянкестерге төзімді құнды қасиетті болып келетіндіктен, бастапқы материал ретінде селекциялық жұмыста кеңінен пайдаланылады. БӨШИ коллекциясы картоптың 100 жуық сорттарын жасауда, оның ішінде өте жоғарыөнімді және фитофтораға төзімді Столовый 15 сортын шығаруда негізгі көз қызметін атқарды. Еліміздегі соңғы кездері шығарылып, Мемтізбеге енгізілген Ақкөл, Ақсор, Ақжар және т.б. сорттарын жасауға БӨШИ коллекциясының үлгілері қатысты.

Біздің еліміздің селекциялық мекемелері көкөністер - қызанақтың Лучезарный (Алматы, Жамбыл, Қызылорда және Оңтүстік-Қазақстан облыстарына енгізілген), Самаладай (Алматы және Павлодар облыстарына), Пламя (Павлодар облысына), Меруерт (Алматы және Жамбыл облыстарына) сорттарын; жуаның - Арай, Игілік, Мереке, Табыс (Алматы, Ақтөбе, Ақмола, Жамбыл, Қызылорда облыстарына), сарымсақтың - Арман, Заилийский, киярдың Крепыш, Медеу және Шілде сорттарын, бақша дақылдары - асқабақтың Афродита, Карина сорттарын; қауынның - Капчагайская, Алтыночка, Илийская және Таисия және қарбыздың Красносеменник сияқты жаңа сорттарын шығару үшін дүниежүзілік коллекция үлгілерін кеңінен пайдаланды.

БӨШИ дүниежүзілік коллекциясы үлгілерінен біздің елімізде судан шөбі, итқонақ, судан шөбі мен құмай жүгерден шығарылған будандар, топинсолнечник және т.б. құнды дақылдар өсіріле бастады.

Соңғы кездері БӨШИ және еліміздегі ғылыми-зерттеу мекемелерінің коллекциясы көп мөлшерде Жапония, Мексика, АҚШ және Индияның қысқа сабақты бидай сортүлгілерімен, жоғарылизинді арпа, сұлы және жүгері формаларымен, солдырма ауруына төзімді мақтаның түрлерімен және сорттарымен, картоп, қызылшаның құнды үлгілерімен толықтырылды. Өсімдік

селекциясындағы үздіксіз жүретін прогресс, оның генетикалық базасының тарылуына алып келеді. Бұл линиялық және будандық сорттар жасауда және олармен көптеген түрлі құнды генетикалық материал болатын жергілікті сорттарды және популяцияларды ығыстыруда көрінеді. Сондықтан «ұрықтық плазманы» сақтау, интродукция мен дүниежүзілік өсімдіктер ресурстарын пайдалану, «гендер банктерін» жасау мәселелерінің маңыздылығынан - осы мақсаттар үшін көптеген елдерде арнайы мекемелер ұйымдастырылды.

ФАО (БҰҰ жанындағы ауыл шаруашылығы және азық-түліктік ұйы-мы) құрамында генетикалық өсімдіктер ресурстары жөніндегі Халықаралық комитет құрылды

Халықаралық күріш ғылыми-зерттеу институтында (Филиппиндер) осы дақылдың 14 мыңнан аса сортұлгілері жинақталды, АҚШ-та өсімдіктердің ірі ұлттық коллекциясы жасалынды және бірқатар басқа елдерде де жұмыстар кеңінен жүргізілуде.

### ӘДЕБИЕТ

1. Гуляев Г.В., Гужов Ю.Л. Селекция и семеноводство полевых культур. -М.: Агропромиздат, 1987. -447 с
2. Жанзақов М.М. Егістік дақылдар селекциясы. -Астана: Фолиант, 2015. -416 б.
3. Подольских А.Н., Байбосынова С.М., Жанзақов М.М. Экологиялық адаптивтілік - Қазақстан Республикасындағы күріш селекциясының негізгі бағыты. // Жаршы. 2010. -№6. -4-5 бб.

### РЕЗЮМЕ

Ученые ВИР обнаружили и собрали тысячи диких форм и древних сортов сельскохозяйственных культур, многие из которых обладают исключительно ценными качествами: морозостойкостью, устойчивостью к различным вредителям и болезням. И эти исходные материалы широко используются в селекционной работе.

### SUMMARY

VIR scientists discovered and collected thousands of wild forms and ancient varieties of crops, many of which have exceptionally valuable qualities: frost resistance, resistance to various pests and diseases. And these raw materials are widely used in breeding work.

**ӘОЖ 633.18:631.52**

## **СУАРМАЛЫ ЕГІНШІЛІККЕ ЖӘНЕ ӨНІМНІҢ ЖОҒАРЫ САПАСЫНА АРНАЛҒАН СЕЛЕКЦИЯ**

**Жанзақов Марат Мықтыбайұлы,**  
*ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, доцент;*  
**Баширова Жадыра Ерсайымқызы,**  
*магистр, аға оқытушы*  
*«Болашақ» университеті*

Суармалы егіншіліктің жақсы дамуы үшін ылғал мен минералдық тыңайтқыштарды жоғары өндірілімді пайдаланатын және кез келген жылдары жоғары, сондай-ақ тұрақты өнім беруге қабылетті жаңа сорттар жасау қажет. Суарып өсіруге арналған сорттардың 1га егістіктен келесідей өнім әлеуеті болуы қажет: күздік бидай мен күріштің 9-11т, жаздық бидайдың - 7-8, жүгерінің 12-13т дән және 60-80т көк балауса. Әдетте суармалы жағдайларда дәнді дақылдардың өнімділігі көбейеді, бірақ дәнінің сапасы төмендейді, сонымен қатар олар аурулармен залалданады және жығылып қалады.

Біздің еліміздің селекциялық орталықтарында суармалы егіншілік талаптарына жауап беретін сорттар шығаруға арналған жақсы бастапқы материал жеткілікті. Суармалы егіншілік үшін күздік бидай селекциясында бұрыннан егіліп келе жатқан Безостая 1сортынан басқа, Интенсивная, Алия, Қарлығаш, Наз және т.с.с. сорттар өте құнды болып келеді. Жаңадан жасалынған және өндіріске енгізілген күздік бидайдың Южная 12, Жетісу, Қарлығаш, Прогресс сияқты қысқасабақты сорттары суармалы жағдайларда жығылып қалмайды, дәнінің сапасы жақсы, сондай-ақ 1 га жерден 10т және одан да көп өнім беруге қабылетті. Жаздық бидай селекциялық сорттары арасында суармалы егіншілік жағдайында жығылып қалуға төзімділігі жоғары сорттар аз. Сондықтан бұл дақыл селекциясы үшін жаңа бастапқы материал іздестіру мен жасау ерекше маңызды. Сабағы мықты, жығылып қалуға төзімді жоғарыөнімділікті, суармалы жағдайларда гектарына 5-5,5т және одан да көп өнім беруге қабылетті жаңа қысқасабақты Волгоуральская, Казахстанская 10, Надежда, Саратовская 29 және Саратовская 60 сорттары өте құнды болып келеді.

БӨШИ дүниежүзілік коллекциясында егістік дәнді дақылдардың селекциясы үшін құнды бастапқы материал шетелдер - Италия, Чили, Перу, Франция, Египет, Сирия, Иран, Аргентина сияқты елдердің суармалы егіншілік жағдайларында өсірілетін үлгілері бар. Олардың тыңайтқыштардың жоғары дозаларына



реакциясы жақсы және жоғарыөнімділігі жығылып қалуға төзімділік, ертепісулікпен жақсы үйлескен. Жаздық бидайдың суармалы жағдайларда қоңыр татқа төзімді сорттарын жасау үшін солтүстікамерикалық, аргентиналық, чилилік және мексикалық сорттар құнды бастапқы материал. Суармалы жерлер үшін қатты бидай селекциясының бастапқы материалы ретінде бұрынғы кеңестік селекцияның сорттары (Гордейформе 27, Гордейформе 189 және т.б.) мен Италия, Сирия, Ираннан алынған дүниежүзілік коллекция үлгілері пайдаланылады. Селекцияның маңызды міндеті - күршінің жоғары өнімді, қысқа бойлы, дәнінің технологиялық сапасы жоғары, тыңайтқыштардың жоғары нормаларын қажет ететін, жығылып қалуға, төгілуге және пирикулярриоз ауруына (*Piricularia oryzae*) төзімді сорттарын шығару. Жаңа күрші өсіретін аумақтарға сорттар шығаруға жапондық ертепісетін, тыңайтқыштарды қажетсініп тұратын, дәні жоғарысапалы сорттар мен үлгілер өте құнды. Орта Азия мен Закавказье елдері күрші сорттарының селекциясы үшін батысеуропалық орташапісетін, пирикулярриозға төзімді, ірідәнді сорттар тобын шағылыстыруға қатыстыру қажет.

Жүгерінің еліміздің оңтүстігі мен оңтүстік-шығысының суармалы жағдайларына арналған тыңайтқыш бергенде өнімі күрт артатын будандарын жасауға орташадан бастап жеткілікті кешпісетін, дәнімен қоса мол сүрлем беретін, ыстыққа төзімді жергілікті, сондай-ақ АҚШ, Канада, Франция, Португалия, Венгрия, Қытай және т.б. елдерден алынған линияларды пайдалану қажет. Осы бағыттағы жетістіктерге Казахстанский 420СВ, Казахстанский 435СВ, Туран 480СВ, Дала-Аруы 446 будандарын жатқызуға болады.

Барлық егістік дақылдардан суаруды көп қажет ететіні жоңышқа. Сондықтан жоңышқаны өсіруге болатын аймақтарда тұрақты жемшөп дайындауды ұйымдастыру үшін бұл дақылдың көпорымды сорттары мен будандарын жасау қажет.

Селекцияның маңызды міндеттерінің бірі - жоғарысапалы өнім беретін сорттар жасау. Дәнді дақылдардың жаңа жоғарыөнімді сорттары мен будандары дәнінің технологиялық және тағамдық сапасы өте тамаша, сондай-ақ өзгеретін өсіру жағдайларында тұрақты болуы қажет. Бұрынғы КСРО бойынша күшті бидайдың жүзге жуықтай сорттары шығарылып өсірілді (Безостая 1, Мироновская 808, Богарная 56, Одесская 120, Саратовская 29, Саратовская 44, Саратовская 58, Целинная 44, Целинная 24, Акмола 2, Ертіс 97 және т.б.). Қазақстанда 2012 жылға дейін күшті бидайдың он үш - күздік, жиырма екі жаздық сорттары Мемтізбеге енгізілген. Олар барлық табиғи-климаттық аймақтар үшін бұрынғыдан да жоғары сапалы сорттар жасауға бастапқы материал бола алады. Жаңадан егіле бастаған жаздық бидай сорттарының арасында технологиялық сапасы

бойынша Саратовская 44 ерекшеленеді. Бұл сорт тұрақты жоғары мөлшердегі ақуызды дәнімен және үлкен көлемді нан шығымымен, сондай-ақ оның жақсы қуыстылығымен сипатталады. Оның желімшесінің сапасы Саратовская 29 сортынікінен жоғары. Жоғары сапалы сорттарға, сондай-ақ Қарағанды облыстық ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясында шығарылған Карагандинская 2, Қызылбас және Целинная 21 сорттарын да жатқызуға болады.

Дүниежүзілік коллекция үлгілері арасында дәнінің сапасы өте жоғары - ақуызының мөлшері 18-ден 22% дейінгі сорттар мен формалар кездеседі. Олар будандастыруға сәтті пайдаланылуда. Бидайдың жаңа сорттарында ақуыз мөлшері жоғары (15-16%) және жақсы сапалы желімше болуы қажет. Күздік және жаздық бидайдың 1га жоғары өнімділігі (сәйкес 7-9т және 5-6т) ақуызы көп мөлшерде (сәйкес 16-17 және 18-19%), желімшесі жоғары сапалы және жақсартылған амин қышқылды құрамды болып келетін дәнмен үйлесетін сорттарын жасау қажет.

Селекцияның маңызды міндеті - түрлі ауа райы жағдайларында тұрақты жоғары өнімді және сапалы дәнді болып келетін сорттар шығару. Сондай-ақ лизині мен басқа да алмастырылмайтын амин қышқылдары көп мөлшерде болатын жоғарыақуызды жүгері, бидай, арпа және сұлы сорттарын жасау да селекцияның өте маңызды мәселесі. Қазіргі кезде жүгерінің сапа селекциясында майлылығы, қанттылығы және жарылғыш коэффициенттері жоғары сорттар мен будандар шығару, оларды тездетіп өндіріске енгізу өзекті мәселе болса, оның бірінің шешімін Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ҒЗИ селекционер-ғалымдары қанттылығы жоғары Балшекер 375СВ сортын шығарумен табуда. Селекционерлерге күнбағыстың дәнінің майлылығы 58-60% және одан да жоғары жаңа сорттары мен будандарын шығару міндеті қойылған. Оны орындауда қыруар жұмыстар атқарылуда. Қазіргі кезде еліміздің күнбағыс өндіретін аймақтарында жоғары сапалы май өндірісіне арналған оның жалпы 13 жоғарымайлы сорттары мен будандары өсірілуде. Оларға - отандық «Майлы дақылдар» МҚК шығарған Ақмола, Шығыс-Қазақстан, Павлодар облыстарында өсірілетін Восточный буданы, Қызылорда, Ақмола, Шығыс-Қазақстан, Павлодар облыстарында - Казахстанский 1, Ақмола, Алматы, Солтүстік-Қазақстан, Оңтүстік-Қазақстан облыстарында – Казахстанский 341 және Алматы облысында егілетін Казахстанский 3124 будандары, сондай-ақ Ресейлік - Армавирец, Восход, Заря, Скороспелый 87, Сибирский 91 сорттары жатады.

Сонымен қатар, майдың сапасын жақсарту, яғни май қышқылдарының құрамын, липидтердің қатынастарын, дәрумендердің жоғары мөлшерін бел-гілі бір шамаға жеткізу міндеті

де маңызды. Дәндібұршақ дақылдары селекциясын ақуыз мөлшерін көтеруге жүргізу қажет. Қант қызылшасының қанттылығы мен технологиялық сапасы жоғары сорттарын, картоптың крахмалы мен ақуызы түйнектерінде көп мөлшерде болатын техникалық сорттарын жасау керек. Мақта селекциясында маңызды міндет - шығымдылығы жоғары және сапалы талшық беретін жоғарыөнімді жаңа сорттар шығару.

### **ӘДЕБИЕТ**

1. Гуляев Г.В., Гужов Ю.Л. Селекция и семеноводство полевых культур. -М.: Агропромиздат, 1987. -447 с.
2. Жанзақов М.М. Егістік дақылдар селекциясы. -Астана: Фолиант, 2015. -416 б.
3. Подольских А.Н., Байбосынова С.М., Жанзақов М.М. Экологиялық адаптивтілік - Қазақстан Республикасындағы күріш селекциясының негізгі бағыты. // Жаршы. 2010. -№6. -4-5 бб.

### **РЕЗЮМЕ**

Для успешного развития орошаемого земледелия, необходимо создать сорта, дающие продукцию высокого качества при орошений. В нашей стране селекционерами путем внутривидовой и отдаленной гибридизации, а также отбором из образцов мировой коллекции и дикорастущих форм созданы такие сорта сельскохозяйственных культур.

### **SUMMARY**

For the successful development of irrigated agriculture, it is necessary to create varieties that produce high-quality products in irrigation. In our country by breeders through intraspecific and remote hybridization, as well as the selection of samples of the world collection and wild forms created such varieties of agricultural crops.